

А 2015

3614к

Маркиза Базарбайқызы

Халықберген



Маркиза Базарбайқызы

Суреттерді салуға: С. Қызылқандықов

Халықберген

Авторға Маркиза Базарбайқызы

Сол суреттерді қалай қолдануға болады.

Суреттерді тексеріп, Собойа суреттерін қолдануға болады.

Суреттерді тексеріп, Собойа суреттерін қолдануға болады.

Суреттерді тексеріп, Собойа суреттерін қолдануға болады.

Суреттерді тексеріп, Собойа суреттерін қолдануға болады.

Суреттерді тексеріп, Собойа суреттерін қолдануға болады.

Суреттерді тексеріп, Собойа суреттерін қолдануға болады.

Суреттерді тексеріп, Собойа суреттерін қолдануға болады.

Суреттерді тексеріп, Собойа суреттерін қолдануға болады.

Суреттерді тексеріп, Собойа суреттерін қолдануға болады.

Суреттерді тексеріп, Собойа суреттерін қолдануға болады.


Суреттерді тексеріп, Собойа суреттерін қолдануға болады.

Суреттерді тексеріп, Собойа суреттерін қолдануға болады.


Суреттерді тексеріп, Собойа суреттерін қолдануға болады.

Суреттерді тексеріп, Собойа суреттерін қолдануға болады.

Суреттерді тексеріп, Собойа суреттерін қолдануға болады.




Базарбайқызы М. 2015 ж.



Авторы: Маркиза Базарбайқызы

Халықберген: М. Базарбайқызы, — Алматы, 2015. —
146 бет, сур.



Суреттерді салған *Мәрзия Балабекова*

Жеңіс!

1945 жылы қолымыз жеткен Жеңісте Қазақстанның үлесі зор. Соғысқа қатысқан жауынгерлердің 1 миллион 360 мыңы қазақстандық болатын. Ел қорғауға аттанған ерлердің 600 мыңдайы майдан даласында қалды. Бұл дегеніңіз күллі Кеңес Одағының 15 пайызы. Ал дерек бойынша сол Отан үшін қаза болғандардың 11 пайызын қазақтар құрайды. Яғни қаза тапқандардың 70 пайызы қазақ болатын! (Г. Меңдіқұлова. Профессор-ғалым)

Сол сұрапыл қанды қасаптың өткеніне жетпіс жыл болса да санадағы жарасы өшпейді.

Өшірмеуіміз керек. Себебі бұл жеңіс біздің аталарымыздың қанымен келген жеңіс. Біз үшін жанын қиған жайсандарды ұмытпау — жас ұрпақтың парызы. Өткенсіз бүгін жоқ. Фашизмнің не екенін ұғынғанда ғана жастарымыз оны неге «сөз қылатынымызды» түсінер.

Өз халқын қалай сүюдің үлгісін, Отанға қалай адал қызмет етудің, жер бетіндегі зұлымдықпен күресудің үлгісін көрсетіп кеткен ерлерге арналады.

Бұл кітап – аталар рухына перзенттік тағзым.



СОҒЫСТЫҢ ТІРІ КУӘЛЕРІНІҢ ӘНГІМЕЛЕРІ

Оң алақанның мейірімі

Сонау 1942-інші жылдың күзі болатын. Рота командирі Базарбай оң қолын басынан асыра көтеріп:

— Отан үшін алға! — деп, ұран тастап, солдаттарын ұрысқа бастай берген. Әуелі қолынан нағаны ұшып кеткенін сезді. Сосын айналасын тас қараңғы түнек басып, әбжыландай ысқырынған октың, күндей күркіреп жарылған снарядтың үні де құмығып барып өшіп тынды. Құлаққа ұрған танадай меңіреу тыныштық қашанға созылғанын кім білсін. «Он төрттен қалған жалғызым» деп зарлайтын қарт анасының зары ма, өмірге көзін енді ашқан сәбиінің періште тілегі ме, аяулы жарының өзін аңсап соққан жүрегі ме – Аллаһ қайсысының тілегін қабыл қылса да, әйтеуір жас офицер көзін ашты.

Көзін ашқанда айналасында ешкім жоқ екен. Солдаттарының шабуылға дүрк көтерілгені есіне түсті. Кенет «бәрі сонда ілгері жүгіріп кетіп, өзім жалғыз қалған шығармын» деген үрейлі ойы Базарбайдың есін тез жиғызды. Есінен танған күйі осы жерде бір тәулік өткізгенін ол кезде білмеуші еді. Үрейлі ойдың жетегінде шапшаң ұшып тұрмақшы болғанда басы зеңіп кетіп, омақаса жаздады. Басын сипайын десе, оң қолы терісіне ілініп салақтап жүр. Құры салақтап тұрған оң қолға сезімсіз қараған көзі болмаса, солдаттың қиялы тіптен басқа жақта болатын. Сол қолымен әуірімдеп басын сипап көрсе — орнында тұр. Орынындасы орынында-ау, бірақ шокпардай ісік. Қан жоқ. Бас орнында болған соң, асықпай енді үсті-басын түгендеуге кірісті. Білегіндегі сағаты, аяғындағы етігі жоқ. Төс қалтасынан шығармайтын партбилеті және жоқ! Мәссаған! Бұл не




болғаны сонда? Сірә, өзін өлді деп есептеп, жолдастары бәрін алып штабқа өткізген шығар? Енді елге мұны өлді деп хабарламаса етті. Қарт анасы, өзі дегенде шығарда жаны бірге анасының ондай жаманат хабарды жүрегі көтере ала ма? Аналы-балалы болып кешегі ақар-шақар отбасынан екеуден екеу қалғалы бірін-бірі ымынан түсінетін ерекше жақындық бар еді араларында. Баласының тірі екенін жүрегі сезер бәлкім. Мүжіліп қайғыруға түспесе екен, әйтеуір. Қайратын кемітпесе екен, әйтеуір.

Қой, не де болса әрекет ету керек. Жайлап қозғала бастады. Мына аяңмен ұзап кеткен әскерге қапан жетеді? Ал жүгірейін десе, салақтап теріге ғана ілігіп тұрған оң қолы бұлғаңдап санына соғылып кедергі келтіре береді. Ызаланған жауынгер қолын кесіп тастамақшы болып, бәкісін іздейді — жоқ! Сол жерде Базарбайға бәрінен жанына қатты батқаны — осы бәкісін алдырғаны болды. Әкесінің көзі болатын. Әкеден қалған жалғыз зат болатын. Шебер ұстаның ұсынықты қолымен соғылған дүние еді. Сәнді. Ешкімде жоқ. Елдегі өзін күтіп отырған жақындарын еске түсіріп отырған тілекшісіндей көретін сол бәкіні. Мына қолды ма? Қап, қол болудан қалған, қол емес пәлеге айналған, жүрісіне кедергі болғаннан басқа пайдасы жоқ, теріге жабысып салақтаған керексіз нәрседен дәл қазір құтылайын десе бәкісі де жоқ болғанын қарамайсың ба?!

Тіпті болмаған соң, оң қолдың алақанын теріс қайырып, шүберекпен білегіне таңып тастады. Енді жүрісі анағұрлым жеңілдеді.

Соғыстан кейінгі жаймашуақ уақытта өзі күле әңгімелеп отыратын, сол сәтте бәкісі қасында болса кедергі келтіргені үшін майдан даласына кесіп тастап



кетпекші болған оң қолымен туған елге жеткен соң талай шаруа тындырған-ды. Бейбіт күнде шот соқты. Балаларының кекілінен сипады. Бауырларын арқадан қақты. Жігерлендірді. Талайды қолтығынан демеді тап сол оң қолымен. Алдағы жарқын өмірге ынталандырды. Сол майданнан жас баланың алақанындай болып кішірейіп, бүрісіп, солып келген оң қолымен. Осы қан майданда тиген оқтан екі жілігі бірдей опырылып, тек тері мен сіңірге ілініп салақтап қалған оң қолымен!

Базарбай сол кезде өз жауынгерлерін қуып жете алмағанымен, штаб ұйғарымы бойынша басқа ротаға жетекшілік етіп, қайта соғысқа араласты. Жау ұшағының бомбалауына түсіп, денесінен сау тамтық қалмай, 36 жерінен бірдей жарақат алған. Естанды хәлде жатып та жаралылар эшалонында қызметін жалғастырған, бомбалаудан жанған вагондардағы қызыл әскерлерді дер шағында құтқарып, негізгі топқа қайта қоса білген командир тағы бір әуе шабуылынан кейін ес-түссіз күйде госпитальден бір-ак шығады. Аяқтың бұлшық етін паршалап кеткен оқты алып, терісін тігіп, жамау - жасқау солдатты, ендігі соғысқа жарамсыз солдатты амалсыз еліне қайтарады.

Базекең елге оралғанда үй іші Тайсойғанның құмында отыр екен. Ол кезде әлі Азғыр полигоны түспеген, шөбі шүйгін, бидайығы мен баялышы белден келетін ен жайлау еді ғой! Көкорай шалғынды, айнала тостағандай-тостағандай көлдері көз жауын алатын, тұнып тұрған сұлулық адам жанын баурайтын көрікті жерлер тұғын.

Елге жеткен соң баяғы жас сәбидің алақанын еске түсіретін бүрісе семіп кеткен оң қолының басы үш жылда жетіліп кәдімгі еркектің күректей жұмыскер алақанына айналды. Онысын Базекең үзбей ішкен сары қымыздың, дәрі қымыздың арқасы деп есептейді. Рас та шығар...




Қымыз. Ықылым заманнан бергі қазақтың төл сусыны. Сусын емес-ау, асы, тамағы, дәрісі. Тарихтың атасы аталатын Геродот жазып кетті деген сөз бар. Қымыздың қазақ үшін орыны бөлектігін Берел қорғанын қазу кезінде ағылшын ғалымдарының қорытындысы да қағаз бетінде анықталып қалған. Сонау бес ғасыр бұрынғы тарихтың өзі мойындап отыр.

Базарбайдың қолында өзі өмірден озғанша бірді-екілі жылқысы болатын. Біреулерге қосқызып қойса да жылқы жарықтықтан қол үзбеді. Иә, совет өкіметі кезінде қолға артық мал ұстатпайтын заңға сәйкес мал басын екеуден асырмау керек болатын. Иә, кейін туған балалар әкеміздің күректей аялы алақанды ғана білді. Бүріскен саусақтарын олар көрмеді.

Тек баяғы қанды қырғын соғысты еске түсіретін — білегінің ішкі жағындағы оймақтай үңірейіп біткен тесік қана. Және қолдың сырт жағындағы он теңгенің көлеміндей үнемі аппақ болып тұратын жараның орны ғана еді. Адам айтса нанғысыз мұндай әңгімелердің талайын қарт жауынгерлер әлі де айта берер. Әлі талайын естірміз. Тек содан ой түйіп, Құдайым сұм соғыстан ұрпағымызды аман еткей деп тілейік.

1997жыл





Құралайдың жан сыры (Жау тырнағында)

(Құралай – Сабыр Рахымовтың жары)

Бір мың да қырық бесінші жылдың жиырма екінші сәуірі болатын. Мен жақ сүйегімді сегізге бөліп кеткен оқтан есімнен танып кетіппін. Краковтағы концлагерьде есімді жидым. Немістердің тұтқынында екенімді көргенде қандай халде болғанымды суреттеп жатудың өзі артық. Шыбын жаның кеудеңнен шықпаған соң көре береді екенсің. Немістер қалған тістерімді біртіндеп суырды. Әр тісті жұлған сайын көзімнің оты жарқ-жұрқ ете жаным ышқынады. Бұрымымды түбінен шорт кесті. Бес жыл соғысқанда қазақ қызы екендігімді әйгілеп тұратын қайран бұрымдарым-ай! Есім ауыр соққылардан кіресілі-шығасылы болса да, сана өшпейді екен. Фашистің әр қимылы тәнді ғана емес, жанды – рухты қорлауға бағытталған. Қорғасын қолғап киіп аяусыз соққының астына алды. Киімдерімді сыпырып алып, өзімді «шайтан арбаға» танып қойды. Онысы бір тетігін басса, шыр көбелек айналады. Мені қорлаудың бұл бір жаңа түрі екен деп, тас түйін болып, тістеніп бағудамын. Сәлден кейін тоқсан градуостағы сарқылдап қайнап тұрған ыстық суды үш жерден денеме бағыттап шашырата бастады. Жан бермек қиын екен. Көзімді тарс жұмып алдым. Денем ыстық су тигенде пырс етіп жарылады. Пырс жарылады да көмпініп ісіп шыға келеді. Әншейінде бір тамшы суға күйген жерің удай ашығанда жаныңды қоярға жер таптырмайды ғой. Ал, қара, бүкіл денең солай күйсе не істейсің?

Сұмырайлар, менің жаным мен тәнімді қиналғанынан ләззат алады-ау деймін! Қарқылдап күліп мәз. Арсыз күлкі жүйкемді жұлқып жатқандай, бәрінен қатты бататыны осы! Мен де барымша өзімді нағыз генералдың



әйеліне сай қайраттылық көрсетуге, қайсарлықпен төзуге тырыстым. Осылайша жеті күн азаптады. Денем күйіктен ісіп шар тәрізді болды. Қатты жұмылған алақаныммен ғана жерге тіреніп отырып жүрдім.

Мені бұл азаптан полковник, Совет Одағының жау тылындағы тыңшысы Максим Исаев арашалапты. (Ол — Ю.Семеновтың «Көктемнің он жеті сәті» телефильмі арқылы дүние жүзіне Штирлиц атымен танылған барлаушы).

Өзбек қызы Санобар Сұлтанова деген атты пижаманың етегіне тіккізіп, төлқұжатымды да сол атпен толтыртып, менің суретімді жапсыртыпты.

«Қане, генерал Сабыр Рахымовтың әйелі дегендерің? Бұл басқа әйел!» депті.

Сабыр соғыс басталсымен майданға аттанды. Артынан, он жеті күннен кейін, сұранып мен де келдім. Сонда он жеті жаста едім. Мені Сабырдың қасына қосты. Солай, Совет Одағының батыры, 1945 жылы 26-сәуір күні жау оғынан мерт болған генерал Сабыр Рахымовтың тағдыр қосқан жары атанып, біз екеуміз бір майданда тізе түйістіріп бірге соғыстық. Алғашқы ерлігім елеусіз қалды. Өкінбеймін. Азаматымның абыройы асқақ болса болды. Ол қандай ерлік дейсің бе?

Былай болды. Журачеваның маңайы болатын. Соның алдында менің аяғымнан оқ тиді де, сол маңдағы госпитальға жатқызған болатын. Зәулім дуалмен қоршалған берік қамал еді. Үш метрдей биік. Сырттан ешкім кіре алмайды. Аяғым таңулы. Жаудың сазайын бере алмағанымға қынжылып, құры босқа терезеден сыртқа көз салып тұрғанмын. Бір көлеңке көлбең етті. Терезеге жабыса түсіп бақыладым. Ойбай, немістің десанты.



Мына госпитальді мина қойып жарып жібермекші болып тыртаңдап жатыр. «Дереу маған пулеметімді жеткізіп беріндер!» десем санитарлар қозғала қоймайды. Еркекшелеп боқтап та жібердім. Уақыт қымбат. Темір тор тұтқан терезенің әйнегін сау аяғыммен бір теуіп сындырып, «максимкамды» орнатқызып алдым да ажал оғын бораттым. Сол жерде немістердің отыз екісін өлтіріп, сегізін ауыр жарақаттаппын. Әйтеуір, госпитальді жаудан қорғап қалдым.

Осы ерлігім үшін батыр атағын береміз деген. Сабыр қарсы болды.

Концлагерьден қалай аман шықтың дейсің бе?


Исаев әмір еткен болуы керек, менің сынған жағымды көтеріп таңып, күйген терілеріме балық майын жағып емдей бастады.

Сұмдық енді, жау әскері қала көшесінде жас балаларды штыктің ұшына ілгенін, буаз әйелдің ішін жарғанын көргенбіз ғой. Ал мына концлагерьде тіпті ойына келгенін істейді екен. Семіз, ірі әйелдерді тоқпен, яғни электр пышақпен турағанын көрдім. Оны өртеп тыңайтқыш жасайды екен! Сұмдық! Төбе шашынды тік тұрғызар неше түрлі айуандық болады екен-ау! Біздің бәрімізді номерлеп қойған. Бәріміздің білегімізде күйдіріп басқан сан бар. Менің атым – «номері 586-ыншы» тұтқын. Сол лагерде көп тұтқын болды. Мың жарым ба екен?

Фашистер Совет жауынгерлері жақын қалғандықтан шапшаң әрекетке кірісті. Олар үш жүз жиырма тұтқынды тірідей өртеді. Жиналған отынның үстіне тастап, сыртынан май құйды. Байғұстардың қашан жанып біткенше шыңғырған, ыңыранған, ыңырсыған дауыстары естіліп жатты. Қалай ғана жынданып кетпедік десейші!



Жетпіс шақты адамды өздерімен бірге алып кетпекші болып қамап қойды. Іштерінде мен де бармын. Бұл мың тоғыз жүз қырық бесінші жылдың үшінші мамыры болатын. Қызыл әскерлер өкшелеп қуып келіп қалған. Фашистер эне-міне жолға шығамыз деп той тойлап жатқан. Сұлу поляк, украин қыздарын құшақтап, шарап ішіп ләйліп отырғанын пайдаланып біз, бір топ тұтқын, канализацияны бойлап жасырынып қаштық. Лагерьдің дәл ортасынан шығыппыз. Үшінші мамыр күні. Бізді жау тырнағынан жұлып алғанда менің салмағым бар болғаны отыз алты кило болыпты. Мені жауынгер Қаһар Шарипов қолына көтеріп алды. Кейбіреулерін сүйемелдеп, кейбіреулерін арбамен әкетті. Содан мені Мәскеу госпиталінде емдетіп, кейін Ташкент қаласына жіберді. Сол кезде жасым жиырма беске енді толған еді...





Өз аяғын өзі құшақтап

Алдымызда жау. Жаудың жаяу әскері. Тікесінен тік тұрып, оқты қарша боратып келеді. Артымызда үлкен қала. Тапсырма – қарыс қадам кері шегінбеу. Түтеген оқтан жаныңды сауғалау мүмкін еместей. Атаңа нәлеттер, бір сәт тыным алуды білмейді. Міне, екінші күн, окоптан бас көтертер емес. Артымыздан оқ тола жәшіктер жеткенде шыныменен-ақ қуанып қаламыз. Бір жәшік конфет үлестірсе олай қуанбас едік. Оқ жетсе жаудың бетін қайтарамыз ғой! Ұйқысыздық, аштық, қарша бораған оқтың үрейі – денем бір сәт талықсып кеткендей болды. Ұйықтадым деп айта алмас едім. Көзің еріксіз талып, кірпігің ілінгендей болатын бір кез болатыны бар ғой. Сондай бір сәтті басымнан өткердім.

Қажы атам Жанұзақ: «Тұр-тұр, ауылға барамыз. Әжеңнің пісірген еті, сорпасы суып қалады» дейді. Өзіміздің жайлау екен деймін. Мұрыныма шыжғырған еттің, піскен құйқаның иісі келеді. Екі санымды шапалақтап, өзім козы жайып отырған төбеден төмен карай, Былқылдақты бұлақты бетке алып тұра шабамын.

Көзімді ашсам, командирім: «Неге ұйықтайсың! Жау келіп қалды» деп тұр. Тағы да тойға келе жатқандай сап түзеп қаз-қатар тізіліп келіп қалыпты. Тарсылдатып ата жөнелдім.

Кенет командирім: «Отан үшін, алға!» – деп, ұран тастап, шабуылды бастап кеп жіберді. Бұйрыққа сөзсіз бағынып үйренген мен де, жолдастарым да дүрк көтерілдік. Жау тап бір ұшып тұрып менің қуғанымды күткендей-ақ кері карай бұрылды да, айналып каша жөнлді. Соған құшырланған өз басым ентелей, өкшелей, өшпенділікпен қуа жөнелдім. Қап, екі күн бас көтертпей қорлағандарын-ай деп тістеніп қоямын. Қуып жетсем бар



ғой қолымдағы винтовкамен басына бір перетінім анық еді! Арқама қанат біткендей. Бұл жаңағы көрген түсімнің әсері болуы да мүмкін. Қажы атам-ай, желеп-жебеп жүр екенсің ғой деп ойлап қоямын. Атам кезінде қажылыққа жаяу барып-келген мықты кісі! Исатай-Махамбет. Кенесары, Сырым батырдың аруақтары қолдай гөр деп қоямын. Уралаған ұран жер-дүниені күңіретіп барады. Кенет мені жанамалай бір танк өте берді. Су жаңа. Әлі сыры кеппеген. Міне, бізді уралатқан күштің қуаты қайда жатыр! Өзіміздің танкі! Енді жаудың жеңілмеген несі қалды! Танкіден озбақшы болып ышқына ұмтыламын. Жаудың сазайын беремін!

Кенет алдымда әуелей ұшқан адамның аяғына көзім түсті. Өз аяғым. Қара саннан бөлініп ұшып барады. Қазір ғана құйын перен жүгіріп келе жатқанмын. Жүгіріп келе жатыр едім ғой мен! Жүгіріп...

Қалай аттадым? Қалай ұмтылдым? Есімде жоқ. Тек санитарлар мені дала госпиталіне әкелгенде өз аяғымды өзім тас қылып құшақтап алыппын. Дәрігер менің құшақтап алған аяғымды жалғап тігіп тастады.

Қырлы мөлдір стаканмен қан әкелді. Іш деді. Мен басымды шайқадым. Қан ішетіндей қанішер емеспін. Мен тек жау солдатын ғана өлтіремін. Өлтірегінде де Отанымды қорғау үшін ғана. Егер ол маған оқ атпаса, жерімді таптамаса, менің достарымды өлтірмесе тиісіп не жыным бар?

Иә, халқым батыр. Қазақ ержүрек. Жаудан бұғып қашпаған. Қасық қаны қалғанша шайқасып, қасқайып тік тұрып өлген. Бірақ қан ұрттау деген... Жо-жоқ. Қинама дәрігерім, ішпеймін.

Айнала ыңырсыған жаралылар. Дәрігердің бір секунд та уақыты жоқ. Бірақ ол менің төсегіме келіп отырды. Көзін көзіме қадап тұрып: «Сенің туған аулыңа қайтқың келе ме?» – деді.



Келеді, әрине! Кенет жүрегім сазып кетті. Құлағыма қажы атам Жанұзақтың үні келді. «Әжең сені күтіп отыр. Ас суып қалатын болды». Жүрегім үлпілдеп, түбі тарта суырып ауырып кетті. Арық қара жігітпін. Қақпыш, қырым етім жоқ. Әлім құрып бара жатқанын сеземін. Елдегі құрбыларым, бұралған бойжеткен өз бұрымын өзі сипап, қырындай тұрып, маған көз астынан сүзіліп қарайтындай. Ата-анам, бауырларым көзіме бір-бір елестеп өтті. Дәрігер ұстатқан стаканды қолыма алдым. Ішіне бір қасық тұз салып, былғап-былғап, тап бір сусын ішкендей ішіп салдым. Сол сәт бар тамырым кеңейіп, қаным жылжи тамырды бойлай ағып, бүлік-бүлік соққандай болды. Қазір ғой система деп, бірден тамырға жібереді. Ол кезде ондай құрылғы болмады ма, әлде олай етуге жағдай келмеді ме, қайдан білейін.

Бірақ, тізеден бүгілмесе де өз аяғыммен елге келдім. Өз аяғыммен!

Ал, елдің сол кездегі жағдайы, әй-әй, айтарға сөз жоқ. Мұны көргенінде қайтадан майданға сұранғын келіп кетеді. Майдандағыдан қиын. Аш-жалаңаш балалар. Жасы оннан асқандары шешесінің қасынан қалмай колхоздың жұмысын жасап жүр.

Қырық екінің қысында кәшаба шанамен қаздай тізіліп ауылдан шықтық. Сән-салтанатымыз келіскен. Әр шанада бес-алты жігіттен. Ұзын саны алпыс шақты ақ тонды жігіттерден, алыстан қарағанда қазіргі мына жолаушы поезындай ұзақ-шұбақ болып аттанған жігіттерден қадау-қадау ғана оралдық қой. Кейбір түндік ашылмай қалды. Мен Жанұзақ атамның жебеуімен елге аман-есен оралдым. Қалған өмірімді өз ауылымды көркейтуге жұмсадым. Сол ақсақ аяғыммен-ақ біраз нәрселер тындырдық қой.

(Имат көкесінің естелігін айтып берген қызы Сәлима)



Жауынгер Фаридтің әулеті

Жас политрук уралай шауып келе жатып алдындағы орға оңбай құлады. Асты былқ ете түсті. Жып-жылы мес қарынның үстіне құлапты. Қараса, көзі шақшиған неміс офицері екен. Қалай қарғып тұрып жүгіре жөнелгенін өзі де байқамады. Сол екпінмен өздері алуға тиісті төбенің ұшар басына бір-ақ шығыпты. Қасында ту ұстаушы. Бұларды көрген батальон жауынгерлері уралай ұрандап сол төбеге жаппай шығып алды. Кешке өзін командирі әбден мақтады.

Фаридтің бұл өлген кісіні бірінше рет тым жақыннан көруі еді. Шақшиған көз соғыс біткенше есінен шықпай қойды. Фаридтің соғысқа араласқан кезі – майданның нағыз қайнаған қызу айқасы басталған тұсы болатын. Бір қалада таңертең совет әскерлері оянса, түсте немістер тамақтанып, кешке тағы біздің әскерлердікі болып жататын. Жан алысып, жан беріскен шақ.

Фарид елде Гурьев облысындағы Қызылқоғадан алғаш ашылған партия ящайкасының ең алғашқы секретары болып істеп жүрген. Соғысқа бірден командир атағымен жиырма жасында кірісті. Батальонды басқарды. Аңғарымпаз, сауатты да алғыр жігіт қандай тапсырмаңды да мүлтіксіз орындайтын. Қарамағындағы барлық жауынгерді бес саусағындай білуі керек. Олардың барлық өмір керектерін мезгілімен табуына, оқ-дәрінің, тамақтың – бәрі-бәрісінің міндеті өз мойнында. Ал батальонына бір қорқақ жігіттің пайда болған күні ар тозағы дегеннің не екенін ұқты. Өзі де зәресі кетіп қорыққан тұсы аз емес. Бірақ үрейді бойынан сол сәтте аластамаса оның несі ер, несі еркек! Бір қорқақтың кесірінен бүкіл майдан шебінен айырылып қала жаздағаны есіне түссе әлі күнге дейін төбе шашы тік тұрады. Жалпы, қорқақтың қолына қару беруге болмайды!



Фарид соғыс үстінде неше жараланды. Неше рет жарасын санитарға таңғызды, есінде жоқ. Соғысып жатқанда еститін құлағың, көретін көзің болса болды. Жарықшақ жырып кеткен, оқ жұлып кеткен ет пен теріге көңіл аудару деген жоқ. Қазір ғой бейбіт күнде сәл жырып кеткен жерің жазылмай, дәрігердің жұмыстан босату қағазын алып, талай күнді жұмыссыз «өлтіріп» жүргені. Ал ол кезде адамдарға қандай ғайыптан қуат келгенін ұқпайды. Жалғыз-ақ ұран «жауды қия бастырма!» Тіпті ауыруға уақыт жоқ. Аяғың жұлынып, қолың кесіліп, не басың ұшып кетпесе болды – соғыса баресің. Басқасы сөз емес. Әлде Отанға төнген қауіпті бәрі бір кісідей ұғып, жанталаса қорғанды ма? Елін-жерін жаудан қорғағандарға Аллаһ алапат күш дарытатын шығар-ау!

Бірде саусағын құлаған танкінің темір бөлшегі қыркып түсті. Көңіл аударарлық ештеңе болмағандай бұрқырап аққан қанды етігін шешіп жіберіп, кольцонының балағынан кесіп алып, таңды да қызу ұрыстың ортасына ене берді.

Рас, бейбіт заманда отын бұтап жатып дәл осы саусағына кәрі шөңге кірген. Тырнақтың астында көрініп-ақ тұр. Ала алмайды. Инемен шұқыған сайын жанын көзіне көрсетеді. Содан іріндеп барып әзер алғаны есінде. Тіпті мойнына асып алған қолы қолтығының түбіне дейін шаншып ұйықтатпай қойған еді-ау. Жаны қиналғанда дәрігерге барып осы саусағын кескізіп тастағысы да келген. Енді, міне, түк болмағандай байланған қызыл ала қолымен бұйрықты боратып тұр. Неше рет госпитальге түсіп шықты. Жеңісті жақындатуға бар күшін салды.

Аманғалиев Фарид Аманғалиұлы енбек майданында да тартынған жан емес. Отан оны қайда жұмсаса, – ол дереу сол жерден табылды. Жұмыстың ең ауырына,



ауданның ең шалғайына жіберілетін. Іскер жігітке сенген басшылық ең қиын жұмысқа жегетін.

Алған жары да өзіне сай кездесті. Соғыстан оралмаған ағасының әйелі екі баласымен, және әйелі қайтыс болып кеткен кәрі жамағайыны да өздерін паналады.

Ел бастары аман-есен қосылғанын қуаныш көріп жатқан тұрмыстың тар кезі ғой.

Сүйіп қосылған жары Ақұштап қабақ шытқанды білмейтін жан болатын. Үлкендердің күтімі, жас балалардың тамағы, киімі, кірі-қоңы, сабағы. Әрі жас сәбилі. Балаларының арасы жиі болды. Он бала тәрбиелеп жеткізді.

Фарид елу екі жасында опат болды. Алыс ауылда. Қарабау селосында тұрып жатқан. Енді отбасының салмағы талшыбықтай Ақұштаптың мойнында қалды. Ең кішісі Марат әлі емшекте болатын. Мінезі мақпалдай, төзімі темірдей келіншек жас балаларды әке рухына сай өсірді. Сегіз ұлды әке үлгісімен намыстарын жанып отыратын. Бәрі де жоғарғы білімді маман, еліне елеулі сайдың тасындай азаматтар болып жетілді. Атырау, Ақтөбе, Қарағанды, Жамбыл, Алматы сияқты қалалардан білім алды. Ақұштап ана студент балаларына жіберген ақшаларының түбіртегін сақтап, жинап жүретін. Келгендерінде өздеріне көрсетіп, ақыл айтып қоятын. Шүкір, тәубе. Ешқайсысы әке атына дақ түсірмей халқына қажет азаматтар атанды. Ақұштап ана өмірден өтерінде де қазақы салттың үлгісіндей тамаша өнегемен өтті. Кенже қызы Хадишаны жанына шақырып алып Астанада тұратын қызы Салихасының қалыңдық атанып жатқан Мәдирасына жасаған жасауын көрсетті, аманат етті.

Сосын «мына көлшіктерді мені жерлегенде молдаға ескерт. Қабіріме бірге салсын» деп тапсырды. Қыз болып шаш тарағаннан бастап түскен шашын жинай беріпті.



Жинай беріпті. Шаш – киелі нәрсе. Ол адам, өз иесі туралы информацияны өзінде сақтайды. Аналарымыз «шашың жерде шашылып жатпасын. Қара құс алып кетсе басың ауырады. Және оның емі бұл дүниеде табылмайды» дегенін естіп өсек те, біздің шашымыздың кез келген шаштаразда қалып қоя беретін әдеті бар. Ал Ақұштап ана бірін шашау шығармай жинапты! Бес көпшік шашы бар екен!

Әне, сондай ата-ананың ұрпақтары еш уақытта жаманат келтіре қоймас. Жан жары өмірден елу екі жасында аттанып кете барғанда жаны күйзелсе де сегіз ұлды қатарының алды етіп жетілдіруге, жарының шаңырағын шайқалтпауға күш-қуатты қайдан алды десейші?!





Атан түйе тарта алмайтын сағыныш

– Ұлғайша әкесінен аумай қалыпты.

– Жүрісі де ұқсайды.

– Күлгені де ұқсайды. Тура әкесі сияқты алғыр оқушы атанып тұр.

Бала кезінен естіген әке аты, өзінің бар жағынан әкесіне ұқсағысы келуі сәби жүрегінде әкеге деген сағынышты әлдилеуіне себеп болған шығар. Әке атына кір келтірмеуге тырысқан перзенттік намысы оянған шығар. Бәлкім әке рухы баласын осылайша тәрбиелегені болар.

Әйтпесе, Амантай Зердебаев сонау қырық үшінші жылы өзі сұранып жаудан Отанын қорғауға аттанғанында Ұлғайша бар болғаны алты айлық нәресте ғана еді ғой. Үшінші сәбиіне Амантай Ұлғайша деп ат қойғанда ұл сияқты өжет болып өссін деді ме екен. Болмаса артынан ұл ілессін деді ме екен? Әйтеуір, Ұлғайша атанған қыз ұлдан өжет, алған бетінен қайтпайтын қайсар болып жетілді.

Ұлғайша өткен өмір жолына қарап отырса, әке арманы толық орындалыпты. Әуелі әке есімін ардақтап, батыр әкеге сай үлгілі, білімді, ісіне тиянақты азамат болып өсті. Әке алақанын аңсаған сәби жүрегінде аялаған махаббаты сағынышын қалыңдата түсті. Әр бір алдынан кездескен қиындық сағынышын үдете түсуімен қабат шәкірт қиялын ұштай беретін. Әкесі құсап берген сертіне адал болды. Таудағы сиыр фермасында мектеп бітірушілердің алған міндеттемесінен таймай, жас ару қанша қиындық көрсе де төзді. Себебі әкесі қиындықтан қашатын жан емес еді!

Екі жылдан кейін медициналық жоғарғы оқу орнында түсіп, еліне керекті мамандықты және табандылықпен игерді. Бар кезде де әке образы көз алдында ал қызыл



ту сияқты бағыт сілтеп тұрушы еді. Мектепті алтын медальға бітірген қыз ғой. Тек осы мектеп тарихында екінші болып алтын медаль алды. Сол мектептің ең бірінші алтын медалі қазіргі президентіміз Нұрсұлтанға, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа бұйырды. Екі жыл кейін дәл сондай үлгеріммен сары қыз Ұлғайша бітірді мектепті.

Өз қолы өз ауызына жетсімен әкесі қызмет еткен жерлерді жүріп өтіп, әкеге деген сағынышты азайтпақшы еді. Қайдағы, бұл сағыныш деген нәрсе еселеп көбеймесе, азайтын түрі жоқ екен. Қайта әкесімен қызметтес болған жандар Ұлғайшаны орталарына алып өз қыздарын, өз қарындастарын аялағандай бір рахат сезімде болды. Ұлғайшаға құрмет көрсету арқылы бұрынғы бастығы, құрынғы қызметтесі, ардақты азаматы Амантай Зердебаевты еске алысып олар дағы бір жасап қалысты. Бұл сапар Ұлғайшаға үлкен жауапкершілік артты. Жас қыз ел үшін еңбек еткен әке рухына сай болуы керектігін зердесіне құйып алды. Сағынышы тіпті еселене түсіп, осы бір шуақты-нәзік сезімді кейін өз перзенттеріне ауыстырды. Алладан жалғасып келе жатқан адамгершіліктің ізгі бастауы, алтын тіні осы болса керек-ті.


Ұлғайша есейе келе әкесінің бейітін табуды ойлады. Сөйтіп әкесі соғысқан, ең соңғы хаты келген Сталинградқа баруға жиналды. Содан атақты Мамай қорғанына жол шекті. Кешегі қан майданда опат болған ерлерге арнап соғылған алып ескерткіштің қыз жанына әсері тілмен айтып жеткізгісіз еді. Соққан желмен бірге ызыңдап аза күйін шертіп тұрған музыка көкірегінде жатталып қалды. Сағынышы бәсейді деп ойлап қалған шығарсыз? Жо, бұл әкеге деген құрмет пен сағыныш жібек торғындай жүрегін әлдилеп еселене түсті. Әке жатқан жерден бір уыс топырақ әкеліп, ата-бабасының қорымына қосты.



Құран оқытты. Сөйтіп әке рухы алдындағы бір парызын өтеді.

Бірақ ең кереметі – Ұлғайшаның жауынгер әкесінің атын ардақтап, есіміне шаң жуытпай кейінгі ұрпағына өнеге-өсиет етуінде еді.

...«Әкем, әкешім, әкетайым! Сағындым... Сенсіз өткен бақытсыз балалық, жастық шағым, жетімдікпен жауандап өткен жылдар...» – бұл Ұлғайша Амантайқызының «Жылдарым менің – сырларым» кітабында жазылған, перзент жүрегінен жарып шыққан сағыныш сөздері.





Никак нет!

Соғыс күркіреп жүріп жатыр. Мен сол кезде «япырмай, соғыс менсіз бітіп қалар ма екен? Жаудан кегімді алуға үлгермей қаламын ба?» деп өрекіп тұрған от жүректі албырт кезім. Жасым 17-де.

Менің анам азамат орынындағы кісі болатын. Кесек сөйлеп, бір шаруашылықтың бар жұмысын бір өзі дөңгелентіп отыр. Сол абзал ананың үлгісі болар, мен де ел үшін бір қадеге жарауға жастай ұмтылдым. Ең үлкен қауіпті айттым. Себебі, біз тұратын жердегі әскери комиссарят мені «әскерге жарамсыз» деп тапты. Мына түріммен соғыс біткенше үйден шыға алмайтын ғой! Бір әрекет жасамасам болмас. Біз Қазақстан мен Ресейдің шекарасы орналасқан жерінде тұрамыз. 10-сыныпта оқып жүрмін. Содан ойға кеттім. Мен неге мына Ресейге барып, өтірік анықтама жаздырып алмаймын. Себебі ақ билет алған бір жігіт ағасының әңгімесін естігенмін. Ол соғыстан қашса, өз шаруасы. Соған бір жері жарамсыз деп берген анықтаманы маған жарамды деп жазып берсе болмай ма? Әдейілеп әлгі жігітке барып құпиялап сұрадым. Дәрігерге не бергенін білдім. Анам бөлімшелерді аралауға екі-үш күнге кеткен кезін пайдаланып, мен де жолға жиналдым. Бір күні түнделетіп шекара асып, Куйбышев қаласындағы жеке меншік клиникасы бар бір орыс дәрігеріне екі қарын май мен бір дорба құрт-ірімшік апарып бердім. «Денсаулығы мықты. Соғысуға жарамды» деп жазып беріңізші деп жалынамын келіп, жалынамын. Соның алдында ғана екі бірдей өкпемнен суық тиіп, ауру сорып тастаған, Тириған арықпын, көтереммін. Орыс шалым ерледі. Қағазын сүйкектетіп жазып берді. Мен өтірік анықтама қағазды алып ұшып асығып военкоматқа жеттім. Мұның бәрін құпия, анама түк сездірмеуге тырысам. Шақыру қағаз



көп күттірген жоқ. Ұзамай-ақ әскерге алындым. Бұл 1944 жыл. Көп жас жігіттермен бірге арман болған соғысқа аттандым. Бізді топырлатып эшалонмен алып жүрді.

Мен аздап орысша білемін. Менен басқа қазақ жігіттерін «оңға, солға» деген бұйрықты түсінбей жатып, мылтықтың ұнғысын қалай тазалап, қалай жинау керектігін меңгермей жатып майданға әкете берді. Мені және мен сияқты төбесінде тесігі барларды оқытып болар емес. Әскер қатарына алынып, бірақ әлі соғысып жатқан жерге жетпеу деген не қорлық! Ана кеткен жігіттерді қызғанып жүрмін. Сонша кешеуілдеткендеріне ыза болып қоямын. Сөйтсек, ком состав біздерден әскери командир жасамақшы екен.

Сөйтіп жүргенде соғыс бітіп кетті! Бітті! Арман орындалмай қалды. Бір қаланы бір өзі шауып алатын Қобыланды батырдың ұрпағын, мына мені бұлар солайша қорлады! Жер болған көңіл-ай. Алдап кеткен арман-ай. Менсіз бітіп қойған соғыс-ай! Енді елге не бетіммен қайтамын? Қайда болдым деймін? Неге тірі немісті көрмедің десе қайтемін? Әкемнің кегін, ағамның кегін қайтара алмаған мен бір ынжық болдым-ау!

Сөйтіп жүргенде бізді тағы комиссияға түсірді. Төрт-бес бастықтан құралған комиссия отырған жерге кіргізді. Тап-тар. Бұрылатын жер жоқ. Сіресіп сымдай тартылып мен тұрмын. Фамилиям – Ғатауов болатын. Басқалар «ғ»-ға қақала берген соң, әрқайсысына түсіндіре беруден жалығып фамилиямның алғашқы әрпін түсіріп, Атауов қылып жазғызып алғанмын. Енді тізім бойынша біріншімін. Рахат. Қайран албырт шақ-ай! Менің тұқымым одан әрі осы фамилиямен кетті ғой.


Қазіргі комиссияның алдына мен бірінші болып кірдім. Әскери тәртіппен сықыып тіп-тік тұрмын.

– Офицер болғың келе ме?— деген сұраққа үйретінді тәртіп бойынша, мағанасын ойлап та үлгерместен:



— Никак нет, товариш командир! — деп, саңқ ете түстім. Жаумен берпе-бет келіп соғыса алмай қалғаным өкпем қара қазандай, әрі әскери қатаң тәртіпке мойын ұсынғым келмейтін далалық қызу қаным бар, басқаша ойлауға тіпті де мұршам келмепті.

— Онда боссың! — Мен есікті тарс жауып, шыға бердім. Роталас жауынгерлер «не сұрайды екен? Сен не дедің?» десіп, шулап жатыр. Кейін бәрі де менің үлгіммен «никак нет»-пен шығыпты. Менен кейінгі отыз жауынгер солай істеген. Отыз қазақ жігіті. Енді ойлап отырсам, түсіндіріп, ынталандыру жұмыстарын нақты жүргізілсе, сол жігіттердің көпшілігі-ақ әскери болып кетуі ғажап емес екен. Бір менің, қалай десем екен, албырт жауабымнан отыз тағдырдың басқа жолмен кетуіне мұрындық болыппын.





Гимнастерка

Соғыс бітті. Өне-міне елге қайтамыз деп жүрміз. Ұзақ жүріп қалдық. Бір күні, әйтеуір, жаңа әскери киім улестірді. Су жаңа киім киіп, жұтынып шыға келдік. Біздің де ішімізде небір көрікті, сымбатты жігіттер көп екен. Көңіліміз өсіп, ауылда бізге көз сүзбейтін қыз қалмайтындай өзімізге өзіміз мәзбіз. Жағамыз жайлау. Төбеміз қыстау. Ішімізде Өтеген деген кербезіміз бар. Әсіресе сол қатты қуанды. Үсті-басын сылап-сипап шаң жуытпай, әлдене тиіп кетсе — жуып-шайып әлек болды да қалды. Әйнек көрсе айна құсатып алдына тұра қалып, айналшықтап үсті-басын түзетіп әуре.

Бір күндері эшалонға тиеді-ау. Ол кезде қазіргідей жолаушының жайлы поезы қайда? Жүк тасыған, мал қамаған вагондар. Жүріп келеміз, жүріп келеміз. Жол шеті көрінер емес. Қиыр шығысқа бет алғанымызды байқап, қызмет ету әлі бітпегенін ұқтық. Ләм деуге шама жоқ — әскери бұйрық. Әр бекетке тоқтаған сайын эергілікті әйелдер сүт, айран, нан ала жүгіреді. Бір бекетте өзіміз сияқты солдаттармен тоқайласып қалдық. Олар қызметін аяқтап, елдеріне бағыт алған екен. Біздің су жаңа киімдерімізге қызықты. Олардың қолдарында пәшек-пәшек ақша. Қиыр шығыстан келе жатқан жауынгерлер тозығы жеткен гинастеркасының үстіне ақша қосып, біздің жігіттердің ине-жіптен жаңа шыққан әскери киімдерімізге ауыстырып жатыр. Ақша қолға тисімен картоп, нан, айран, балық алып жең. қаужандап біз бір жырғап қалдық.

Өтеген ғана өзгермеді. Әуелі өзіне шақ келетін киім іздейтін шығар дескенбіз. Жоқ, айырбасқа көнбеді. Ақыры, ала қарғадай бөлектеніп бір өзі ғана су жаңа киіммен қалды. Біз қолымызға іліккен тәтті-пәттіні



бұрай соғып, аузымызға ұрып жатырмыз. Ол болса бір жұтынып қойып гимнастеркасының қыртысын түзейді.

Хош, алты ай рельсте сартылдап жүріп Қиыр Шығысына да жеттік-ау. Бізді қабылдап аларда қойды тоғытқа айдағандай топырлатып әкеліп дезинфекциядан өткізді. Үстіміздегіні түгел шешіп, кірген есігіміздің аузына қойдық. Өзеннің арғы жағасына өткен секілді келесі есіктен шыққанымызда қолымызға бір-бір таза киім ұстатты. Алты айғы кір-қоңымыздан арылып, таза форманы киіп алып жайнаңдап шыға келдік. Көрген бейнетті сәтте ұмытатын жастық шақ қой!

Тек Өтегеніміз ғана судан шыққан сұр тышқандай сүмпиіп қалды. Оның сонша мәпелеп шаң тигізбеген су жаңа гимнастеркасы да біздің ескі-құсқымызбен бірге өртеліп кетті. Соғыс саясаты деген алып машина сенін сұлулыққа құштар көңіліңді не қылсын. Аяусыз тапап, жаншып өтіп жүре береді-ау.



Медаль

Қан майданнан қалай тірі оралдым. Өзіме де жұмбақ. Мен соғысқа Беларусь жерінде араластым. Жасың жетпейді деп военкомат жібермей ұзақ кедергі келтірді. Жо, жасым жетпегені рас. Соғыс бітіп қалатын болды деп қайғыра да бастағанмын. Ауылдан бес бала аттандық. Содан мен ғана оралдым. Кейде сол достарымды желіктірмегенімде бәрі жер басып тірі жүрер ме еді деп ойлағанда жаным қапаланып құса боламын. Менің пысықтығымды көріп, менен басқарушы жасағысы келді-ау деймін, майданға табанымыз іліккен соң бөлек әкетті. Онда ненің парқына барыппыз. Айт дегенге тақылдап тұратын кезіміз ғой. Тезірек майданға арласып, «Совет Одағының Батыры» атанғым келген құштар көңіл ғана бар. Не сұраса да «мен!» деп, жұлқынып саптың алдына шығамын. Сол әдетпен «кімнің жазуы жақсы» десе, «мен» деппін. Штабқа апарып әлденені көшіртіп қойды. Тап-тұйнақтай етіп орындадым. Рапорт беріп, енді босататын шығар деп, танауым делдиіп тұрмын. Тағы тапсырма. Тағы тапсырма. Мынау сұмдық қой! Мен штабқа қағаз көшіруге келдім бе? Соғыс деген қағаз көшіру ме деп бұрқан-талқанмын. Бірақ сыртқа шығарып айту қайда? Енді не істеу керек? Майданда жүріп, майданға қашып кете алмайсың. Тіпті елге хат жазуға ұяламын. «Барып, бәрін құртып келемін, фашистерден кегімді аламын» деп кеткенмін ғой.

Бірінші қан көргенім есімнен кетер емес. Мені қасынан шығармай (бәлкім бір қазақ баласы тірі қалсын деді ме) жүрген командирімді қанғыған оқ жұтып кетті. Қақ маңдайдан тиген. Бұрқ етіп ноқаттай қан шыға келді. Не болғанын ұқпай, командирімнен көз алмай қарап қалыппын. Ол мені кеудесімен сүзе құлады. Мүмкін



келесі оқтан солай қорғады? Есенгіреп әлі отырмын. Өзім соны өлердей жек көріп, бұдан қалай құтылсам екен деп, қиялиланып жүргенмін. Енді, міне бір секунд ішінде жоқ болды. Соғыс деген осы екен ғой. Бұл соғыс мен батырлар жырынан оқыған, жыршы атамнан естіген жекпе-жекке шығып, білек күші мен жүрек түгін сынға салатын соғыс емес екен! Бұл көздің соғысы екен. Онда да тасада тығылып тұрып тарс еткізіп ата салатын. Қазақ ұғымындағы батырлық, ерлік дегеннен алыс жатқан, оны өздері «әдіс» деп қомпайтатын мергендердің соғысы екен. Тфу!

Кір, лас. Қанға бөккен дене. Ақ сүйегі ырсыып көрінген жаралылар. Қызыл күрең қанның күлімсі иісі. Қазір ғана мақорка орап отырған қолдың мылжа-мылжа еттері. Жан-жағына шашылып қалған, әлі де жыбырлап жатқан саусақтар. Әсіресе, ағып түскен көзін өз алақанына ұстап, келесі көзімен қарап отырған солдатты өмірі ұмыта алмаймын. Шек-қарыны ақтарылып қалған жаудың солдаттына кезіктім. Қан-жыны аралас. Мені ымдап қасына шақырды. Өлтір деді. Өзі өлгелі жатқанда. Мен аң-таңмын. Сөйтсем, бейшара жаным қиналмасын дегені екен. Оны сол кезде қайдан біліппін. Малды ауылдың баласымын ғой. Мал сойғанды көп көрдім. Бірақ көзі тірі жатып қасындағы ақтарылған өзінің шек-қарыны қарап жатқан сол пенде көз алдыма келсе, жаным түршігеді. Соғыс деген ақсақ аяқ, соғыс деген мұқыл білек. Соғыс деген окоп сызынан шұрық тесілген өкпе. Соғыс деген енін оқ жұлып, ұрпақсыз өткен ғұмыр. Соғыс – көз жасы. Аяққа тапталған арман, көкіректегі жара. Соғыс дегеннің не екенін енді түсіндім. Әсіресе, қазір. Қартайып, өткенге көз жүгірткен кезімде. Енді соғыс тек ерліктер орны емес, қанды қасап екендігін түсіндім. Баяғы найза ұстап жекпе-жекте ел есінен



кетпестей ерлік көрсететін жер қалмағанын ұқтым. Батыр бір оқтық дегеннің мәнін түсіндім. Менің елге тірі оралуымнан қайта көбірек пайда келтіретіндігімді түсіндім. Мен сол оқтан жоқ болсам ғой, мына өзің көріп риза болып отырған немерелерім дүниеге келмес еді. Бейбіт күнде егін егіп ел асырамас едім. Ана жылдары Отанға миллиард пұт ұранымен қамбаға астықты кім құяр еді. Қанша адамға нан жегізгенім ғой, міне нағыз ұлы ерлік. Міне, сол! Ерлік деп осыны айту керек. Қанша комбайнерді тәрбиелеп шығардым. Осы ғой нағыз ерлік. Мен майданның ешбір орден де, медаль де алмай оралдым. Мына саусылдағандар кейін «жеңістің пәлен жылдығы» деп берілгендер. Тағып аламын. Көрсін, балалар көрсін. Өзім өмірімнің босқа өтпегенін түйсінгім келіп тағамын. Тақсын деп берді ғой, дұрыс па? Өзгелер мені, менің ерлігімді үлгі-өнеге етсін деп берді ғой, дұрыс па? Әншейін, сол үшін тағамын. Сол! Енді мені мазалама.





«Боздақтарым-ай!!!»

Фашизмді жеңген, тарихта Ұлы Отан соғысы деген атпен енген қанды қырғынның аяқталғанына жиырма шақты жыл өткен кез болатын. Мен жетінші сыныптың оқушысымын.

Апамның «ұйықтасаңшы, түннің бір уағы болды ғой. Ертең тағы ерте тұруың керек» деген қамқор үніне «Қазір-қазір, апа. Енді кішкене ғана қалды» деп, қызық кітаптан айырыла алар емеспін. Апам сөзін мен тындар болмаған соң өзі келіп қолымнан кітапты алды. Алып жатып көзі кітаптың алдыңғы мұқабасындағы оқушы қолымен айбақ-сайбақ жазылған әріптерге түсті. Түрі өзгеріп, дауысы жарықшақтанып:

– Қайдан алдың? – деді. Анамның саусақтары дір-дір етеді. Мұншалық ашуланатындай не істеп қойғанымды түсінбей:

– Сабағымды түгел оқыдым, — деп, ақталып жатырмын. Жоқ жерде анамның ашуын шақырғанымға іштей өкініп қалдым.

– Жоқ, мына кітапты кімнен алдың?

– А... ол Айжан дейтін менімен бірге оқитын қыздың кітабы.

– Мүмкін емес... Мүмкін емес... — дейді апам, кітапты кеудесіне қыса ұстап құмыққан үнмен. Абайсызда ұршықтан түсіп кеткен бір шөкім жүндей жерге дыбысыз шөге беріп: — Аты да, тегі де бірдей болуы мүмкін емес...

Не мүмкін емес? Неге жылайды? Түк түсінсем бұйырмасын. Көз жасы омырауын жуып кетіпті. Мен қапелімде не айтарымды білмей, үлкен кісіні қалай жұбатарымды білмей дал болдым. Біршама уақыт өткенде анам кенет өзі серпілді.

– Тұр, киін. Мені сол үйге ертіп бар. Сенің Әнетов Қарасай және Әнетов Қазы деген егіз екі нағашы



ағаларың болған еді. Ел шетіне жау келді деп, екеуі де он жеті жасында өздері сұранып, кешегі қанды қырғын соғысқа аттанды. «Сталинградтың түбінде тұрмыз. Ертең соғысқа кіреміз» деген үш бұрышты хаты келді. Сол, бір ғана хатын алдық. Бар болғаны сол. Содан кейін хабарсыз кетті. Хабарсыз... Бұл — сол сенің нағашың шығар... Біз кезінде көп көшіп едік. Бізді таппай қалған шығар... Адасып қалған болар... Жүр, барайық!

Мен тез-ақ киіндім. Анамның, қуанғаннан ба, қорыққаннан ба, аяғын басуы қиындап кетті. Сол кездері тізесі ауырып, емделіп жүрген апамды аяп, өзім-ақ барып келейін деп шештім. Апам да болмай мәсін киіп есік алдына шықты. Сосын... жүрудің қиын тиіп тұрғанын мойындап, «жарайды, өзің барып келе ғой, күнім. Мен үйде күтейін» деп қалып қойды.

Анашымның бауырын сағынған құштар көңілі маған ауысқан ба, айлы түнде үш шақырым қашықта тұратын дос қызымның үйіне қарай құстай ұштым.

Қос бұрымы аш белін сипап есік ашқан Айжан құрбымның қой көздері шарасынан шыға бақырайып, жеті жүнде алқынып жеткен маған таңырқап қарайды. Апасы да жүгіріп келді. Үйді басына көтеріп кекіре беретін жеңешесі үрпиіп үнсіз қарап қалыпты. Мен қазақы қоржын үйдің биік табалдырығынан әзер аттап өтіп, алқынған демімді басу үшін сол табалдырыққа отыра кеттім.

Олардың жабыла шулап «міне!» дескен сирағы кір қожалақ бес жасар ұлды Әнетов Қарасай дегендеріне сенгім келмейді. Тіпті де сенгім келмей-ді. Сенбеймін!

Достарым мынау менің нағашым; анау бөлем; пәлен туыс, түген жұрағат деп жатқанда ішімде біртүрлі қызғаныш оянатын. Енді, міне, жоқ жерден жауды жеңген



дәу нағашым осы үйде тығылып жатқандай көрініп аңкылдап жетіп келгенім-ай! Жоқ дейді. Сенің нағашың емес дейді. Неге, нағашы? Қайдасың, нағашы? Екеуіңнің бірдей кеткенің не?! Ең болмаса біреуі тірі келгенде ғой! Бұл менің нағашым деп мен қуанып жүрмес пе едім? Ол нағашымнан туған балалармен ойнап, сырласып жүрсем ғой. Балалары көп болып, ішінде өзім қатарлас қыз болғанда...екеуіміз бірге оқыған балаларды сыртынан сынап... Мейлі, ұл-ақ болсын. Нағашымнан туған нағашым мені қамқорлап... Қалада тұрса, қыдырып барып... ал ауылда тұрса ше? Мейлі, ауылда тұрса тайға мініп, жарысып... Енді соның бәрін кіммен істеймін? Қайда қалдындар, менің нағашыларым?! Қайдасындар,а?!

Көңілім әлем-жәлем болып, «Қонып, таңертең қайт. Түнде қалай жалғыз өзің қайтасың, қорқасың ғой. Енді екі-үш сағатта таң да қылаң береді. Жарық түскенде қайт», — деген Айжанның апасы мен женешесінің сөзін тындамадым. Олар мені анамның қалай күтіп отырғанын сезбейді ғой. Сезсе, өздері-ақ «кет» деп қуалар еді! Қарға адым жер ұзатып салып олар қалды.

Келерімде қалай тез келгенмін? Екі үйдің арасы не деген қашық? Түн неге сонша ұзақ? Айдың әлсіз сәулесімен алакеугім жарықтанған иен далада әлденеше есе ұзарып көрінген, қараңдаған құбыжықтар неткен көп? Әне-міне сол құбыжықтар қуып жетіп ұстап алардай жүрегім үрейге тұнып мен келемін. Торыққанымнан ба? Қорыққанымнан ба? Иен даланы басыма көтеріп жылап келемін. Бар дауысымен аңыраймын келіп, аңыраймын. Дерегі табылмай қойған нағашыларымды жоқтадым ба?

Үміттен денесі түгел дірілдеп, менен тек жақсылық хабар күтіп отырған анашымды аядым ба? Әлде атаусыз, атсыз кеткен боздақтарға арнап шығарған он үштегі қаршадай қыздың сөзі жоқ жоқтауы ғой дейсіз



бе? — әйтеуір, боздап келемін, боздап келемін... Ай, бір аңырадым-ау! «Қой!» дейтін ешкім жоқ. Ішім шерден бір босап, енді жылайтын жас қалмаған кезде үйге де жеттім.

Ертеңінде бес жасар Әнетов Қарасайды жетектеп әкеліп Женетова Озипаға көрсеттік. Анам өзінің бауырымен аттас балдырғанды төредей күтіп, дәмді-тәттісін беріп, еркелетіп бір мауқын басты. Кім біледі, егер сол балақайды өз көзімен көрмесе өмір бақи сол бала өзінің інісі еместігіне сенбей аңсап өтуі мүмкін бе еді?

Кейін, жеңістің 50 жылдығына арнап «Книга памяти — Боздақтар» деген атпен Алматы баспасынан шыққан кітапта менің жаужүрек он жеті жасар егіз нағашыларымның аты жоқ болып шықты. Әрі оқимын, бері оқимын. Жоқ. Тізімде жоқ! Себебін іздестіріп жазған хатымызға: «олар туралы дерек архивте тіркелмеген» деген жауап алдық. Архив тұрған үйді (ол кезде архив үйі Доссор поселкесінде) екі рет су шайған, бір рет өрт шалған. Мекені бірнеше рет ауыстырылып, қазіргі таңда Атырау қаласына көшірілген. Сол кездерде жоғалып кетті ме екен? Мүмкін нағашы ағаларым мүлде басқа округтен шақырылды ма? Ол кезде ауданды округ деп атайтын. Ауданның атының өзі неше рет өзгерді... Әйтеуір, ізі жоқ... Кезінде оларды жылап жүріп майданға аттандырған апа-жеңгелерімнің өзі қазір мына өмірде жоқ. Бейне бір тумағандай, жер басып жүрмегендей, мына өмірге келіп титімдей жүрегі жалындап жауға шаппағандай... Елін, жерін қорғаймын деп асығыс жау алдынан шауып, елге атылған оққа денесін төсеп қалқан болмағандай.

Сол бір түнде кеш жатқанша оқылған кітапты анам көріп қалмағанда туған жиені мен де олар туралы




ештеңе білмей өтер ме едім мына дүниеден? Төте жазумен (арап харпімен) жазылған жалғыз хаттан басқа арттарында ешбір белгі қалмаған қайран боздақтарым-ай!!! Дәл осылайша 17-19-дағы бозбаланың қаншасы ізсіз жоқ болды екен десеңші!!! Исатай-Махамбет туған өлкеден түлеп, батырлар жырымен ауызданған, отанын қорғаймын деп «жау қайдалап» алып ұшқан ақ еділ аңғал жау жүрек жауынгерлерім-ай!!! Топырақтарың торқа болсын. Имандарың жолдас болсын. Ескермеді деменіздер. Біздің осынау бейбіт өмірімізге қасықтай қаныңмен, шыбындай жаныңмен қосқан үлесінді ешқашан ұмытпаспыз. Жадымызда, жүрегімізде сақтармыз.





Майдангер Сағынғали атамның айтқандары: Байланышы

Сол жігіттің біздің ротаға келгеніне көп те болған жоқ. Жұқалтақ сары бала тұғын. Минск түбіндеміз. Жан алысып, жан беріскен ұрыс. Соғыстың шебі біресе оң жағыңнан, біресе сол жағыңнан, біресе алдында шығып, біресе артыңда қалып қойып жатқан алмағайып кезі. Біздің бөлімшенің міндеті – жаудың әскерінің қалың жерін, жау жарағының шоғырланған жерін дәл көрсетіп, артымыздағы атқыштарға айтып тұру. Яғни, біз үшін байланысшы ауадай қажет. Міне, жаңағы жігіт құрал-сайманын алып алғы шепке жорғалап барады. Оқ түтеп тұр, бас көтертпейді. Сол бағытта бір бомба жарылды. Өлді-ау дестік. Бинокльді көзіме тоссам, жоқ, өлмепті. Тек екі қолын снаряд жұлып кеткен бе, немене? Есім кетіп қарап қалыппын. Жігіт басын көтеріп, оң қолының икемге келмей қалған саусақтарын қимылдатпақшы. Жұдырық жұмылмайды, саусақ бүгілмейді. Енді сол қолының қан сорғалаған мұқылымен топыраққа көмілген байланыс сымын аршып жатыр. Тапты. Бірақ ұстайтын саусақ жоқ! Жоқ!!! Япырай, қайтпекші? Радция тырқ-тырқ дыбыс шығарды. Сытыр-сытыр етеді. Бәрібір ештеңе естілер емес. Тағы бинокльге жармастым. Байланысшы жігіт екі сымды қосып, тісімен тістеп жатыр екен. Командирдің саңқылдаған бұйрығы естілді.





Жендік! Сол биіктік біздікі болды! Әне, қарақтарым, бұл жеңіс бізге оңай келген жоқ! Соғыс саябырсығанда көзі шыныланып кеткен қайран жігітті жер қойнына бердік. Салют аттық. Сондай өжет, ержүрек ұлды өсіргені үшін анасына алғыс хат жібердік.



Қазақ сөзі

Бір жолы тіпті ішкерілеп кеттік пе, эфирдегі байланысымыз үзілді. Жоқ, үзілген жоқ-ау, неміс сөзі бұрқырап тұр. Біздің орысшамыз батальонға жетер емес. Уақыт болса зымырап барады. Мына ақпарат басшыларға тез жетуі керек. Енді не істедік? Байланысшы айтты:

– Комбат қазақ жігіті ғой. Мен оған қазақша сөйлесем түсінер, – деді.

Басқа амал жоқ. Қазақ сөзі кетті эфирге. Немістер айран-асыр. Не екенін қапелімде ұқпай қалды. Бізге бөгет жасауға үлгермеді. Комбат та керемет жігіт екен, «түсіндім» деді жалғыз-ақ!

Радист «рахмет!» деп үлгерді. Бұйрық орындалды. Жау нүктесі жойылды! Мен түнімен алағызып, қуанып ұйықтай алмадым. Менің қазақ тілім шарықтап ұшқан сұңқар секілді нау биікке көтеріліп, керек жеріне дәл жетіп қонақтап, біздің совет жауынгерлерін тағы бір жеңіске жеткізді! Шіркін, сол кезде немістердің дегбірін қашырып, не болғанын ұқпай аңтарылған жүзін көзіммен көрсем ғой!





Өз үйін өзі бомбалап...

Сендер Хиуаз апаларыңды білесіңдер ме? Жоқ?! Ол қазақ қыздарының ішінде тұңғыш ұшакқа мінген батыр апаларың. Біздің елдің қызы. Жайықтан. Кейде басымыз қосылып қалады. Бір саябырда кездескенімде көзі боталап тұр екен.

– Не, ауылдан жаманат хабар бар ма? – дедім. Майдан туралы сұрамаймыз. Негізі өжет, ештеңеге мұңайуды білмейтін қыз болатын. Әйтпесе, соғысқа да бармас еді ғой! Сөйтсем, құрбысы, ұшқыш қыздың біреуі – ұмытпасам аты Юля деген сияқты, өз туған селосына өзі бомба тастауы керек екен! Бұйрық солай! Селоны жаудан тазарту керек! Бәлкім, сол ұшқыш қыздың ата-анасы әлі сол жерде шығар, тірі шығар? Ал ол болса өзі оқыған мектебіне, өзі туған үйіне бомба жаудырмақшы. Өзіне ақ сүт беріп, мәпелеп ер жеткізген анасының өліміне өзі себепші бола ма? Бұйырмыс сол! Тағдыр сол! Туған жерді жаудан тазалау керек! Құрбысының көзінен төгілген моншақтар Хиуаз Қайырқызы Доспанова апаларыңның да жүрегін қалай ауыртпасын!

Әне, қарақтарым, соғыс деген зұлым сол!






Бомба бол да, жарыл жүрек!

Абдолла ағам жастықты жырлаған ақын. Жалындап өлең оқитын. Көзіне түсе беретін бұйра шашын бір сілкіп тастап, ішкі қиялына беріліп алыстағы бір нүктеге үнсіз тесілетін. Жүрегі нәзік еді. Өмірді шексіз сүйетін. Сұлулыққа құштар болатын. Ел «ол Байрон құсап жазады. Өлеңдері тым жылауық» десетін. Қуанғанда да көзі жасаурап кететін. Мен соғысқа бірінші аттандым. Вагон есігіне дейін келіп, жыр оқыды. Бір шумақ. Осының өзі маған үлкен жігер берді.

Абдолла өмірді шын сүйетіндігін жауға боратқан оғымен дәлелдеді. Ол жаудан қорғаған үй оқшау көрінген. Қанша атса да оғын тигізе алмағанына ызаланған жау жан-жағынан от қойыпты. Абдолла болса автоматынан оқ таусылғанша шетінен қыра берген. Аяулы ағамды «жау оғынан қорғар едім, қасында болмадым-ау!» деп, әлі күнге өкінемін. Жас жүрек лап етті де, жанып кетті. Өзіне мәңгілік ескерткіш соғып кетті. Қасым досы баллада жазды. Ол туралы ән де бар. Сол әнді шырқағанда жігерленіп кетемін.

Соғыс деген өнерді тас-талқан ететін тажал! – деді Сағынғали Сейітов ағам көзі жасаурай күрсініп...





Жеңіске үш-ақ сағат қалғанда

Нұр-әнияның көзі ілініп кеткен екен. Жақын жерден атылған мылтық дауысынан селт етіп оянып кетті. Әдетте майдан дәрігерлерін тек түнде ғана алып жүреді. Мана күндіз бұлар «Гайнау қаласына біраз жаралы жауынгерлер жеткізілді. Тез емдеу керек» деген бұйрық алған. Қараңғы түсе жолға шыққан. Дәрігерлерді қаңғырған оқтан, мазасыз бомбадан аман сақтаудың бір жолы – түнде жол жүру. Майданның кедір-бұдыр ұзақ жолы күндізгі мігірсіз жұмыс, киын отадан шыққан денені әдемі әлдилеп, көзге ұйқы үйірген екен. Машина жүргізуші жолдан жаңылғанға ұқсайды. Соғыстың алдыңғы шебінен бір-ақ шығып тұр.

Ой ең шапшаң нәрсе екен ғой. Адамның ойы оқтан да ұшқыр-ау. Нұр-әния оқтан да ұшқыр ойымен әкесін көзіне елестетті. Садық бастабында қызының алыс Ленинградта оқығанына қарсы болды. Жо, білім алуына, адам жанының арашасы болуына елін сүйген әке жүрегі қарсы болушы ма еді?! Тек «халық жауының қызы» деп қудалап жүре ме деген күдігі дағы.

Нұр-әния жас болса да біледі ғой. Көзі көріп өсті. Сонау сұрапыл революция кезінде 1917 жылы, жиырма екінші қазанда дүниеге келді. (Октябрь революциясы Кеңес жерінде сол жылы жетінші қазанда орнады) Әкесін «алашордашыл» деп қанша қудалады. Тіпті жас балаларын жетектеп Қытай да асты. Қайда жүрсе де, перзенттері Қытайда туса да, Семейде туса да – балаларының бәрін туған ауылы Қаракестекте туған деп құжат толтыртып алатын. Қолы қызметтен қалт етсе балаларын ілестіріп алып Қаракестектің жайлауына тартатын. Айнала жасыл ну, көк сеңгір таулар. Сылдырап аққан бұлақ үні әлдилеген маужыраған мамыражай



табиғат. Туған елдің ауасы жұпар. Тау-тасы көркем. Жер жаннаты Жетісу ғой бұл!

Нұр-әния әке-шешесінің бар қиындаған көріп өскен қыз. Содан да қайтпас-қайсар мінез қалыптасты. Отыз екінің ашаршылығы, қолдан жасалған нәубет, елдің күн көріп отырған малын берсе – қолынан, бермесе өрісінен – зорлап тартып ала бастағанда заң қызметкері, көзі ашық азамат Садық бұл қаулыға қарсы шықты. Ол кезде елдің қамын жеген едігені басынан сипау қайда? Дереву «халық жауы» аталынып шыға келсін. Балалары аштан қырылып қалмауы үшін қағаз жүзінде әйелімен «ажырасып», балаларының анасын қызметке орналастырады. Дәу қала Алматыда нанын тауып жеуіне жағдай туғызады. Нұр-әнияның да жоғарғы оқу орнына алаңсыз оқуы үшін фамилиясын анасының қыз кезіндегі тегіне ауыстырады. Алдына «бай» сөзін қосып – Бай-сапина деп жазғызады. Бауыр еті баласын өзге атаққа жаздыруы оңай тиді дейсің бе әкесіне?

Бес жыл Ленинградта алған білімін енді міне халық қажетіне жаратып жүр. Нұр-әнияның алдынан неше мың жауынгер өтті екен. Кім санап жатыр дейсің.

Әйтеуір, жеңісті жақындатуға жан аямай қызмет еткен Бай-сапина Нұр-әния қандай мақтауға да лайықты. Отыз сегізінші жылы дипломын алып, Алматысына оралған соң көп ұзамай Ұлы Отан соғысы басталды. Қаракестекте жасақталған 213-гвардиялық атқыштар дивизиясының құрамындағы 373-дәрігерлер батальонының бір мүшесі болып Нұрәния (Нина) соғысқа кірісіп кеткен. Жорық жолында қанша жыл? Біздің әскерлер жауды тықсырып келеді. Өне-міне жеңіс күні де қашық емес. Жаны қиналған жаралы жауынгердің қаншасын ажалдан алып қалды. Қанша азаматты ажал тырнағынан суырып алып. Отанына-отбасына қайтарды.



Нұр-әния, Нұр-әния! Қаңғыған оқтан аман болшы, арашашым. Енді жау оқты қарша боратқанымен қоймай, бұл атысты байқап қалған совет жаунгерлері де машинаны түре атуға кірісті. Қап! Қайда бұрылсаң «қорқыттың көрі» деген осы болды-ау! Жан мұрынның ұшына келді деген осы! Гайнау қаласында өздерін күткен жаралы жауынгерлер екі көзі төрт болып сағат санап, сағатың не секунд санап қансырап жатыр-ау! Бар үміті осыларда болып есікке телміруде шығар? Нұрәниялар болса мынау, екі жағынан бірдей түтеген оқтың ортасында.

Кенет орман ішінен шыға келген атты барлаушы қолындағы ақ жалауын бұлғап бұларға қайда жүру керегін көрсетті. Сол барлаушыларға өмірін сақтап қалғаны үшін алғыс айтуға да мұршасы жоқ совет дәрігерлері Гайнаудың госпиталіне жетсімен мұрын сіңбіруге уақыт таппаған күйі отаға кірісіп кетті.

Тек түнге сағат екіде, 1945-жылы 9-мамырда жау әскерінің берілгенінің хабарын естіп, мәре-сәре болысты.

P.S.

Нұрәния Салыққызы Польша, Чехословакия, Румыния, Венгрия жерлерін азат еткен жауынгерлермен бірге болып, бес жыл соғыс өртінің ішінде Воронеж, Курск, Орел, Украина, Молдавия қалаларын көктей өтіп, жеңістен кейін де қансыраған елге қызмет етіп, елге жасырма бесінші желтоқсанда сүйікті Алматысына бір-ақ оралды. Майдан даласында алған мол тәжірибесін бейбіт өмірде Сызганов атындағы орталықта ғылыми айналымға қосты. Отанын сүйген қыздың ерен еңбегі елеусіз қалған жоқ. Неше орден-медальдармен марапатталды. Ол тоқсан үш жасқа келіп, шөбересінің қолынан май жалап өмірден өкінішсіз өтті.



Оққағары бар

Алматыдағы жиырма үш жыл көрші тұрған Әйкен атты келіншектің ауызынан естіп едім.

«Менің жеті-сегіздердегі қолды-аяққа тұрмайтын ұрыншақ кезім. Үйге бір мыжырайған кемпір келді. Қамшының өріміндей жіп-жіңішке шашының ұшында шашбауы бар. Күміс теңгеліктермен бірге сол шашбауда бір уыс кілт түйілген. Үлкендер әңгімелесіп отырғанда мен кемпірдің шашбауын төсек жапқыштың шашағына матап тастадым. Ойым: ол тұра бергенде құлап екпетінен түскенін көріп, қызыққа батпақшымын.

Әңгімесі бітіп болмайтын үлкендердің қасында қашанғы отырайын, бір кезле жаңағы күлкі үшін байлап қойған шашбауымды ұмытып, ойнап кеттім. Кейін апам менен келген пәле екенін сезіп қойып, маған әбден ұрысты:

— Ол жай кемпір емес. Құдайдың ықыласына бөленген кемпір! Сен қайта бұл апаны кездестіре қалсаң, сәлем беріп, көмектесіп — батасын ал. Көшеде осы апаға тұра қалып амандасатын кісілерді қалай байқамай жүрсің?

— «Құдайдың ықыласы» деген не? — деймін мен білгім келіп.

— Сонау соғыс кезінде екі ұлы бірдей жауға аттанғанда бұл апа күні бойы, түні бойы ауызынан дұғасын тастамай, намаз оқуды білмесе де жайнамазға маңдайын төсеп жатып, Аллаға сыйына беріпті. Алла тағала шын жылаған ананың тілеуін қабыл етіп, екі ұлы да қан майданнан, түтеп тұрған оқтың арасынан аман-есен келеді. Сонда бірге соғысқан басқа жауынгерлер де таң қалып, «бұлардың оққағары бар» деседі екен. Қандай ұрыста да, оқ жаңбырдай жауып тұрса да, апаның ұлдары еш жеріне сызат та түспей аман шығады екен.



Содан ба, ауылдастары апаны «Аллаға мінажатын өткізген әулие жан» деп құрметтеп, алдынан кесіп өтпейді. Құлыным, сен де ол кісіні сыйла, көргенінде амандасып өт. Жалпы, бұл — әдептіліктің әліппесі. Жақсы адам болғың келсе әдепті бол!

Иә, алақандай ауылдағы отыз үйден майданға кеткен алпыс жауынгерден сол екеуінің ғана тірі оралуын Алланың күдіреті демей көр!»





Түсі тура келетін ана

Бибіхадиша бүгін де жылап қайтты. «Харьков майданында жүрмін» деп хат жазған қанды қырғын кешіп жүрген жарынан осымен үшінші рет «қара қағаз» алып отыр. Енесі ұрсып берді:

«Барма сол поезы түскірге деп қашанғы айтамын саған? Барасың да осындай қағаз әкелесің! Үйде отыр! Барма! Жылама! Балам өзі келеді. Ол тірі. Тәйт әрі! Жамандық шақырма! Сұрт көзіңді!»

Шіркін, осы енемнің айтқаны айдай келсе ғой. Ауылдан жетпіс-ақ шақырым бекетке бармай қалай ғана шыдасын? Бәрі барады, барады да жарымжан болса да жарын поездан түсіріп алып, қуанып мәре-сәре болып келіп жатқаны... Қалай көзің қызықпасын. Ең болмаса үш бұрыш хат әкеледі. Бибіхадиша соларға ілесіп бармай қалса, сол қуаныштан қағылып қалардай жас жүрегі шыдамайды-ау, шыдамайды. Енесі соны неге түсінбейді екен?

Бибіхадиша — дүниеге ата-анасын сағынтып келген перзент. Бала оқытып, медресе ұстаған молда әкесі ұзақ жылдар бәйбішесінен бала күтіп-күтіп, болмаған соң тоқал алған. Онда да үш жылдан кейін «жатыры кеуіп кеткен бе?» күдіктен күңкілдеп жүргенде көрген жалғызы. Сарылып күткен жалғыз перзентін үкілеп, бетіне жел тигізбей жеткізген. Ал күйеуі Шынжырбай да әке-шешесі әулие адақтап жүріп сұрап алған жалғыз ұлдары екен. Е, жалғыздың жары құдай деген. «А, құдай тілегімді бере гөр, жарым, аман-есен келе гөр»... Енесінің көзінше жылай да алмаған Бибіхадиша үй айналып күбірлей берді, күбірлей берді.

Ал ене өзіне сенімді. Бибі ел аяғы басылған соң енесінен сыр суыртпақтады.



— Апа-ау, мен де сол бір бет қағазға сеніп отырғаным жоқ!

Сенбегенінің дәлелі ретінде кара қағазды жыртып-жыртып отқа тастады. Өзі әлденені дәметіп енесіне жалтақтайды. Енесі есікке қарап қойып сыбырлайды:

— Ешкімге тісіңді жарушы болма! Түс көрдім. Түсімде ақ жаулығым дарияның қақ ортасында ілулі тұр. Аппақ болып көз тартады. Алайын десем, жете алмаймын. Қалай жетерімді білмеймін. Балам тірі. Алланың аяны тура келеді. Балам түбі оралады. Біреулер ұстап отырған оны. Сақ бол! Бұл сөзді тісіңнен шығарма! Ешкімге сездірме! Ол келеді!!! Келеді!

Бибіхадишаға бұл сөздер жігер берді. Сергіп шыға келді. Қайраттанып кетті. Колхоз бастық қайда жұмсаса да тартынбайды, жұмысты жапырып жібереді.

Күн артыннан күн, ай артынан ай жылжып бес жылға созылған, жер дүниені қан-қақсатқан, талай үйдің түтінін мәңгіге өшірген сұм соғыс та аяқталды. Бибіхадиша поезды күтуді қойған.

Бір күні үйлеріне орыстың маржасы келді.

— Жасабаев Шынжырбайдың үйі осы ма? Екі күннен кейін өзі келеді. Мен сүйінші сұрай келдім, — дегені. Мұның қуанышында шек жоқ. Қой сойылды, қазан асылды. Ауыл қуанышқа шөлдеп қалған екен, сол хабарды тойлап ала жөнелді. Қуанышқа шөлдеген ауыл, жақсы жаңалыққа алғаусыз жүрегімен сенген ауыл, бірінің қуанышын бәрінің қуанышындай көретін ақкөңіл, бала мінез ауыл тойлап жатыр. У-шу болып шұбырып барып, айтқан күнінде поезды күтті. «Таңғы төртте жететін поездан Шынжырбай түседі екен» деп елде ес жоқ. Дүрсілдеп поезд өтті. Жоқ! Ешкім түспеді. Бибінің жүрегі жарылардай өрекипиді. Қап, алдап кеткен арман-



ай! Әлгі әйелі түскір қайда жоғалған! Желкесінен алып сілкілесе, жарын сол тауып берердей әрлі-берлі жүгіріп іздеп алашапқын болды. Жоқ! Жер жұтқандай жоқ!

Үйге келген соң енесі басу айтты:

— Е, шырағым, біздің үміт шырағымызды үрлеу үшін келген Қызыр шығар, сол орыс әйелі? Өзге бейнеде көрінген Қызыр таң алдында жоқ болып кетеді деуші еді. Сабыр ет. Енді екі ай немесе екі жылда келіп қалар.

Екі жыл!!! Күте алмайды Бибіхадиша! Қалай ғана күтеді? Қайда жүр өзі. Неге күткізеді жан жарын? Құстай ұшпай ма? Әлде өзін Бибіхадишаның сағынып, зарығып күтіп жүргенін сезбей ме? Бақырып жас баладай жылағысы келді. Екі жыл! Ау, бір өмір ғой ол! Тез келші, зарықтырмай, Шынжырбай!

Айтқандай-ақ екі ай дегенде хат келді. Югаславияда тұтқында болыпты. Соғыс бітіп, екі ел тұтқындарды өзара айырбастағанда кеңес одағы жағына, елге қарай өтіпті. Қолы-басы бүтін, дені-қары сау. Бірақ әзірге Ресейегі соғыс кезінде қираған қалаларды қайта салу жұмыстарында болады екен.

Иә, ақсарбас! Қуанышты хабарды тойлап ел тағы бір серпіліп қалды.

Ащы шектей шұбатылған жеті жыл өткенде жарымен әзер қауышқан Бибі келіншекте ес жоқ. Оның осы қуанышын бүкіл ауыл тойлап жатыр. Бүкіл атыран тойлап жатыр. Бүкіл ел болып қуанды. Бүгін ғана айттырған жары келген жас қалыңдықтай қуанған Бибіхадиша айналасындағы адамдарға, енесіне шексіз риза еді. Бірі бәрі үшін, бәрі біреуі үшін қуанатындай елдің бірлігі бекем, арманы асқақ болатын. Қиындық дегенді «көппен көрген ұлы тойға» теңейтін асыл халқым-ай, бағың жансын.



Бибіхадиша ана он екі ұл мен қызды қатарға қосқан батыр ана. Сұрапыл жылдарда белін бекем байлап колхоздың қатты-қайырым жұмысын қыңқ демей атқарып, ата-енесін аялап, ошақ отын өшірмей, арына дақ түсірмей өткен қайран біздің АНАЛАР!!!





Домалақ ананың ұрпағы

Жұмыс. Жұмыс. Жұмыс. Тіршілік тауқыметімен қолды-аяққа тұрмай жүгіреміз кеп, жүгіреміз. Дүниежада поезға мініп, өзіне тиесілі орынға жайғасқан соң ғана үһі деді. Енді Тараз қаласына жеткенше біраз уақыт дем алатын болды. Әр ісінің үтір-нүктесіне дейін мұқият қарайтын келіншек өзгелерге де дәл сондай талап қойғыш-ақ. Сондықтан бәлкім тұйықтау, сәл-сәл кісікиіктеу. Жалпы, ешкіммен тез тіл табысып, тез сөйлесе кету онда жоқ. Бірақ сол сырт көзге тәкаппар сияқты мінездің астарында нәзік жүрегі жатқанын жай көз байқай да бермес. Міне, бірталайдан бергі көрмеген көкесін сағынып, асығып келеді. Әкесін елжірей ойлап келеді. Неғып жүр екен? Үлкейген кезде қасында өмір серігі – кемпірі болмағаны қандай жаман. Екеуі шүңкілдесіп отырса Дүниежада алыстағы Алматыдан артынып-тартынып үйге тұра-тұра шаппас та еді? Әй, бірақ, қайдам. Онда әкесін сағынған перзенттік жүрегіне анасын сағынғаны қосылып, бүгінгіден бетер алып ұшар? Қап, асығып жүріп жолда оқып ермек қылатын ештеңе алып шықпағаны-ай. Зерігетін болды.

Бұл еліміз азаттық алып, етек-жеңін жиып, өткенін түгендеп жатқан тоқсан екінші жылдың жазы болатын. Халық ашты-тоқты, жалаңаш-жаяу күн кешіп жатса да, көңіл-күй, саналық рух оянып, өмірге құштарлық кәдімгідей бой көтерген.

Жалпы, Дүниежада көп оқиды. Және талғап оқиды. Поезд үстіндегі мылқау жігіттің алдарына әкеп тастай салған бір құшақ кітаптарын ақтарып көріп, онша көңіл тоқтатар ештеңе таппады. Тек мына бір жұп-жұқа кітапшаның сыртындағы суреті көзіне жылы ұшырап барады. Бейне бір ескі танысын көргендей. Кімге ұқсайды? Есіне түсер емес. Осыны алмаққа



бекінді. Домалақ ене туралы бұрын да оқыған. Біледі. Е, мейлі. Ескерткіш болсын. Барғанша оқыр. Келген соң баласына оқытар. Қазақ халқының аңыз болған керемет аналарының бірі ғой. Жас ұрпаққа өнегелік тәлімі мол.

Әкесі Мұртаза биыл сексеннің алтауында. Бойын тіп-тік ұстап, киіміне қылау жұқтырмай сұлу қартайып келеді. Айналасына үйіріліп кәрі-жас шықпайды. Жастар өнегелі сөзін тындаса, қатарлары әңгімесіне құмар. Кейде өзінің ренжитіні бар. Сағынып келгенде өзіне жеке тимеді дейтіні шығар. Бірақ, соның өзі бақыт емес пе? Әңгімені де айтары бар кісі ғана айтады. Әкесінің бос сөзі жоқ екендігін өзі де көріп жүр ғой. Құдай пәтуасыз мылжыңдықтан сақтасын.

Әкесі мұның жолда ермек қылу үшін ғана оқуға алған кітапшасын көре салып, қолына елжірей ұстады. Аялап бауырына басты. Дүниезада таң қалып қарап қалыпты.

– Бұл менің анам ғой! – дейді әкесі тебіреніп. Япырау, кітаптағы сурет әкесінен аумайды екен-ау!

Жан толқынысын басқан соң әкесі таңырқаған қызына мән-жайды түсіндіре бастады.

Нұрила (Домалақ ана) ананың арғы аталары араб. Яғни, қазақ даласына дін тарату мақсатында келген жандар. Нұриладан Тілеуберді (Жарықшақ) туады. Сол Жарықшақтан Дулат тарайды. Дулаттан Сикым. Біз сол Сикымның ұрпағымыз. Сен Домалақ ана аңызын білетін шығарсың? Оған сол балауса қыз кезінде атасынан аян берілген. «Білегіңнен ұстаған еркекке тұрмысқа шық» депті. Бір жолы Нұрила мал суғарып жатып, құдыққа түсіп кетеді. Оның дыбысын естіп келген Бәйдібек құдықтан суырып алады. Онда Нұрила жап-жас қыз екен де, Бәйдібектің ел ағасы атанып, ұлғайған шағы екен. Нұрида ата-анасына көрген түсі бойынша сол өзінің білегіне бірінші қолы тиген Бәйдібекке тұрмысқа шығуы



керек екендігін жеткізеді. Бәйдібек «жас қой, обал ғой» десе де, Нұрила қыз өзіне берілген аян бойынша іс істеуі керектігін айтады. Екеуі солай шаңырақ көтеріпті. Екі асылдан тараған ұрпақ жаман болды ма? Тектіден текті туар жарқылдаған деген міне сол!

Мен өзім майданда жүргенімде аман қалуыма себепші болған осы Нұрила ананың жебеуі!

Қалай дейсің бе? Бұл мың тоғыз жүз қырық екінші қысы болатын. Түтеген оқ, қарша бораған снаряд. Айнала толған шейіт кеткен жауынгерлердің денесі. Мені арқамнан түйіп жібергендей болды. Екпетімнен ұшып түстім. Одан арғысы қараңғы. Бір кезде аппақ киімді, ақ жаулықты осы Нұрила ана келіп мені шалқамнан аударып жатқызды. Көк зеңгір аспанға қарап жатырмын. Түк дыбыс естілмейді. Оқ-дәрінің иісі де жоқ. Мөл-мөлдір аспан ғана. Сол аспанға тесілген мен. Қозы-лақ қуып құлдыраңдап жүгірген кезімнен бастап кешегі қан майданға шығарып салып қол бұлғап тұрған келіншегім, егіз ұлым Асан мен Үсен, олардан сәл үлкендеу қызым – бәрі-бәрі көз алдымда қалқып өтіп жатты. Кенет құлағым ашылып, дыбыстар естіле бастады.

– Бәрі өліп қалыпты. Тірі біреуі де жоқ!

Өздері жауынгерлердің қойнындағы төлқұжаттарын жинап жүр. Ертең олардың ата-анасына баласының өлгені туралы «қара қағаз» жіберіледі. Кезек маған да келді. Мен тірімін деймін. Мен бәрін сезіп жатырмын деймін. Бірақ мені ешкім естімейді. Сірә, мен қиялымды сөйлеп жатқан шығармын. Қойныма қолын сұққан санитар қуана айқайлап жіберді.

– Мынау жып-жылы! Осыны апарайық. Тіпті біреуі қалмаған деген не сұмдық. Бәлкім дәрігер тірілтіп алар!



Мен де қуанып кеттім. Ал егер мен құлаған күйімде екпетімнен жатқанда бар ғой... Онда бар ғой, санитарлар келіп жинап әкеткенше ауа жетпей тұншығып өлер едім. Рас. Тірі қалмас едім. Медсанбадқа жеткен соң жүрегімді уқалап тірілтіп алды. Арқадан түйіп жібергендей болды дегенім жақын жерден атылған оқ жүректкке бір миллиметр ғана тимей өте шығыпты.

«Қырық жыл қырғын болса да ажалды өлер» деген, эне, сол. Басқа жараларды қойшы. Жүректі жанап өткен оқтан аман қалған соң болды емес пе?

Біраз емделіп тағы соғысқа кірдім. Көрер жарығымның таусылмағаны шығар, мына сендердің жарық дүниеге келулеріңнің себебі шығар, ата-баба аруағының қорғағаны шығар – елге тірі оралдым ғой.

Иә, әкесі елге оралғанда соғыс кезіндегі ауыр тұрмыс, жоқ-жетіспеушілік, ауру, аштық оның артында қалған егіз ұлын, қызы мен әйелін ол дүниеге алып кетіпті. Содан бес жылдай сыбай салтаң жүріп барап, Дүниезаданың анасын кезіктіріпті. Сөзі үйлесіп, отау құрып төрт бала сүйді. Дүниезада үшіншісі. Әкесіне жақындауы. Дүниезаданың анасы қырық жасында опат болғанда Мұртаза алпысқа келіп қалған қарт болатын. Сұлу мүсінді бойшаң шалға кемпірлер артына бұрылып қарай өтсе де Мұртаза қайтып ешкімге үйленгісі келмеді. Кірпияз, өз қадірін білетін, көкірек көзі ашық кісі әншейін бір төсекте бас қосатын серік емес, өз жанын түсінетін жан іздеді ме екен?

Бәлкім қызы Дүниезада да әкесінің осы талғампаздығы үшін өте жақын тарта ма екен?

Соғыстан кейін тұралаған елдің ырысын тасытуға күні-түні тынымсыз еңбек еткен Мұсылманқұлұлы Мұртаза Шоқаевтың соғыстан алған орден-медальдарына еңбек майданында алған орден-медальдар қосылды.



Дүниезаданың тағы бір елжірей есіне түсіргені: әкесі емші болмаса да алыс-жақын ел жаны қиналғанда әкесіне келіп аш қарында үшкіртіп алатынын талай көрген. «Тектінің ұрпағысыз. Амалымыз таусылып тұр» деп қиылып өтініп, қиналып алдына келгендердің меселін қайтармайтын. Сондағы тектінің ұрпағысыз дегендері осы Бәйдібек баба мен Домалақ енеден тарайтын болғандығынан екен ғой!

Тіпті бірде беті қисайып, ауызнан ақ көбігі бұрқырап есіріктенген әйелге үш рет үшкіргенде, қисайған ауызы дереу орнына түскенін өз көзімен көрген де еді.

Әке рухы өлген соң да жебеп жүр. Жебегені емей немене?

Дүниезада намаз оқуға ниеттеніп намазды бастаған кезде әлі құбыланы білмейтін. Үйдің қасындағы мешітке бет бұрып, батыс жақ осы ғой деп оқып жүрген. Әкесі түсіне кіріп: «балам, былай тұршы. Мен намаз оқып алайын деп едім», – деді де, жайнамазды қайтадан сілкіп жіберіп, Дүниезада қарап оқып жүрген бағыттан қырық бес градусқа бұрып жаңадан төседі. Кейін имамдардан сұрастырса, құбыла түсінде әкесі көрсеткен бағытпен дәл келеді екен!

Әне, Дүниезада әкесін сағынғанда барлық әрекетін бүге-шігесіне дейін есіне алып отырады.

Әр перзент-ақ осы қыздай ата-анасына адал болса екен деп еріксіз тілейді екенсің.



Сопия апам менің

Менің Сопия апам бақытсыз ғұмыр кешті. Әлде бақытты ма? Оны өзің екше, оқырманым.

Оның қылтиып бой түзеген кезі соғыстың өртті жылдарына тура келді. Суреттей сұлу бойжеткенге ауылдың арғы шетіндегі ұстаның жетінші ұлы Ақсұнқар ынтық еді. Ол «повестка» алған күні екеуі қол ұстасып, айлы түнде құм шағылды кешіп ауылдан ұзап кетті. Бұл бір «ғашықтық тілі тілсіз тіл, көзбен көр де ішпен біл» дейтін тылсым шақ болатын.

Жігіт ертеңіне майданға аттанды. Қыз «ескерткіш» болсын деп қолындағы алтын жүзігін шешіп берді. Түбіт мұрт бозбала жымыды:

— Ең әуелі көзім осы әшекейге түскен. Сосын «мұны таққан қыз дүниедегі ең сұлу қыз болуы керек қой» деген оймен жүзіңе үңілдім. Сол сәтте жүрегім соқпай қалғандай болды. Күннен де көркем, айдан да әсем екенсің. Бұл — сенің сәнің ғой. Өзінде қалсын.

— Жоқ, сен соғыстан келгенше сәнденбеймін! — қыздың нәзік болғанымен кесімді үні ұста ұлының жүрегін жалындай шарпып, қорғасындай балқытты.

— Менен ескерткіш белгі болсын. Сені қаңғырған оқтан сақтасын.

— Ал, мен соны ойламаппын. Қап, менен белгі қалмады-ау! — деп, өкінді Ақсұнқар: — Тек жауды жеңіп келейін, оң саусағыңа өзім соққан алтын жүзіктермен толтырмасам ба, тек жауды жеңіп келейін! — деп, тістенді тісі шақұр-шұқыр еткен жас жолбарыс.

Жоқ, белгі қалыпты. Тоғыз ай тоғыз күн өткенде өмірге Белгібай келді інгалап. Қыздың шешесі адуынданып, етегінің астынан суырып алып, өз бауырына басты. Қызына емізу түгіл еміренуге тыйым салды. «Басың жас, болашағың алдыңда. Мен кайбір басқа жарыған



адаммын, өзіңе іні, жалғыз бауырыңа серік болсын. Маған қолғанат болсын. Айттым — бітті, кестім — үзілді» байлам жасады шешесі. Қайран, менің Сопия апам, баласы шырылдап жылап жатса да қасына жақындауға батпайтын. Сөйтіп жүргенінде Ақсұңқардан «қара қағаз» келіп, ауыл шулап қалды. Ұста Қуан жеті бірдей қазаға қабырғасы қайысса да, тағы үш ұлының көз алдында жүргеніне шүкіршілік қылып қала берді.

Соғыс аяқталып, жаралы жауынгерлер елге орала бастады. Бір күні кеш құрым сондай жауынгердің бірі бұл үйдің есігін қақты. Төртбақ, шымыр, күн қақты. Қол-аяғы бүтін. Дені бойы түзу. Жөн сұраса келе жалқы жігіттің туған-туысының әуелгісін жұт-ашаршылық, кейінгісін соғыс жалмағаны белгілі болды.

Жолаушы өз кезегінде көрші ауылдағы Сәдудің қызы ұзатылып, екі-үш балаға ана болып үлгергенін естіді. Жігіт түнеріп төмен қарады. Ол — осы жігіттің атастырылған қалыңдығы болатын. Қол-аяғы балғадай жігіттің белін соғыс алып қалған. Сол жақта қала бермей, қуыс кеудесін сүйретіп, Қазақстаным деп жеткені — алыстан болса да қалыңдығының төбесін көзбен көріп жүрерін көңіліне медеу етпек-ті. Алдынан өтіп, кешірім сұрамақ-ты. Өзге жанға жар болуына рұхсатын өз аузыменен айтпақ-ты. Енді... тұла бойы түгел үгітіліп осы отырған жерінде құм төбешікке, әншейін керексіз үйіндіге айналғандай сезінгені. Сұм соғыс-ай!

Сопияның апасы өзгеше байлам жасады:

— Балам, сен бүйтіп жел аударған қаңбақтай жорта берме. Қаласаң менің киімшең ұлым бол. Мына екі бауырыңа қомқор боласың. Әйтпесе бойжеткен қызым міне. Шал-шауқанға, ақсақ-тоқсаққа қимай отырған



аяққаптай көкірегім бар. Сен енді менің күйеу балам бол. Еншінді казір бөліп беремін. Қызымды бүгін еліне жетектеп кетем десең де, қонсы қонамын, қасыңызда боламын десең де өзің біл. Өзің еркінде.

Жігіт төмен тұқырған күйі мінгір етті. Не дегенін өзге түгел өзі де ұқпады. Сор маңдай Сопия апам жүзін есікке бұрып, көз жасын кесесіне тосып алып, кермек шайды жұта берді, жұта берді.

Ертеңіне айналадағы төрт-бес кемпір-шалдың батасын алып, Ұмсындық ана қыз-күйеуін отаулап шығарды. Ат арқандар жерге ғана ұзаған екеуі қараша үй тігіп, қара мосысын, қалайы шәйнегін, екі-үш тостаған, бір-екі көрпемен үй болып шыға келді.

Жездем сөзге жоқ, қара күшке мығым жан болып шықты. Жұмыстың қайдағы бір қиыны мен ауырына сұранып тұрар еді. Тәуліктің жиырма сағатын қара жұмысқа, төрт сағатын тұяқ серіппес ұйқыға жұмсаушы еді. Бұның халін қыз-қырқын сезе ме, әлде Ұмсындық ананың қаһарынан сескене ме, әлде Сопия апамды сыйлай ма – әйтеуір көп сүйкене бермейтін. Мүмкін жанына жақын келіп шымшитын қылжақбас қазақы қалжыңға шебер жеңгелер бұл ауылда жоқ па? Бар ғой, бар. Ондай кезде өзі қара жігіт қап-қара шойындай түтіккен жүзін төмен салып, тұқшыып кететін. Тер басқан денесіне шып-шып шықтар мөлтілдеп, ұп-ұсақ діріл билеген өне бойын әзер игеріп, тесілген көздерден құтылуға далаға тұра ұмтылатын. Азапты түндер мен атып болмайтын таңдар-ай. Оның үстіне бауырында бұйығып осы ауылдағы, ауылың не осы атыраптағы хас сұлу жатса...

Оңаша қоста екеуден екеу қалғанда Сопия қатты қамыққан. Ақсұңқарына дәл бір өзі опасыздық жасағалы



тұрғандай жаны қыдырынған. Мына жігіттің анасының ұсынысына тез келісе қойғанына қитыққан. Намысына тиетін бір сөз айтқысы келген. Іштей өшіккен. Әлдебір жағымсыз қылығымен өзінен алыстатқысы келген. Ақсұңқарының енді мына дүниеде жоқ екенін біле тұрса да, соғыстың салған лаңы екенін сезе тұрса да жалындаған жас кеудесіндегі сағынышты, құштарлықты қалай жеңерін білмеген. Өзін һәм жаңадан қосылған жарын өлердей жек көріп, не істерін білмей аласұрған. Күйеуі жан сырын алдына жайып салғанда ағыл-тегіл жылады. Әуелі қуанды. Қуанғаннан жылады. Ақсұңқарына мына дүниеде адал болатынын ойлаған. Сосын мына жігітті аяп жылады. Содан өзін аяп...

Кімге не айта алады? Арыз-арманыңды тыңдайтын құлақ бар ма? Соғысты ойлап тапқан пендені қарғады. Осы соғысты бастаған Гитлерді қарғады. Үлбіреген қыз ерінінен қандай қарғыс ол! Атың өшкір соғыс-ай деп құр зарлайды дағы. Дауыстап та айта алмаған соң ішке шемен болып байлана бермей ме?

Ал сырт көзге өтірік өмір... Айрандай ұйыған, ел көзі қуанғандай шаңырақ. Қайтерсің, қалқайған тек сырты. Шаршап келген күйеуін жез құманға су томыртқылап, сүлгісін қарына іліп келіншегі майысып қолына су құйып күтіп алатын. Сырт көзге әп-әдемі отбасы.

Соғыстан соңғы шаруашылығы шалқайған елге нағыз таптырмайтын жұмыс күші қосылғанға халық риза. Қызын қол-аяғы сау шаруақор жігітке ұзатып, өрісі кеңігеніне анасы риза. Тек байғұс Сопия апам...

Бастапқыда «әй, Қопарғали!» десе шамданбай «әу» деп мойнын бұратын жездеміз келе-келе атың кім деушілерге «Қопарғалимын ғой» дейтін болды. Шын аты-жөнін кейінгі балалар, біздер білмей өстік. Өзінен ұрпақ қалмайтын болған соң байғұс жігіт шын атын



айтқысы да келмеді ме, кім білсін. Ата-бабасының атын жалғар перзентінің болмағанына неше рет күйінбеді дейсің! Сұм соғыс-ай!

Еркектіктен қалып, ер кара санатында «тағдыр салды, біз көндікке» жездем келіскенімен, Сопия апам көнбеді. Көнбегені сол — Алланың аманатын орындамағанына, перзент сүймегеніне қиналды. Қазіргі жыныс қатынасын ашық жарнамалап жатқан заманда өмір сүрсе қандай боларын кім білсін. Талай құмар құшақты аңсаған түндер елесі жанын қинағанын кім санапты. Қазақы ұятпен шегеленіп, ибалы әдеппен әдіптелген тәрбие мен адуын анасынан қаймығатын Сопия апамның басында жат ой болмағаны анық. Бірақ бала сүю құштарлығын баса алмады. Жар құшағы бұйырмаса да, сәби сүюге ауған аңсарын тежей алмады. Оның үстіне көз қиығында көңіліне қуат беріп жүрген Аксұнқарының «белгісі» опат болды. Жаны ыдырынып кеткен Сопия апам жетім балалар үйінен секпіл бет сары шашты бір қызды бауырына басты. Ол құрғырың апа-жездем асты-үстіне түсіп қанша өбектесе де «жаман-жақсы болса да, тарпай қалмас тегіне» дегендей өсе келе «ойбай, Софияның сары сапалағы өйтіп кетіпті, бүйтіп кетіпті» деген сөз ілестірді. Жасы он беске толмай күйеуге қашып кетті. Қызының өз ісі мен тілінен тапқан тепіресін жуып-шаям деп Сопия апам қу жанын қуырдақ қылатын. Қорлықта жүрген жерінен неше рет тауып та әкелді. Кішкене есін жиып, тамағы тойса тағы... Қашқан қызының соңынан ел ақтап табанынан таусылған апасын аяп, бұл кезде үйлі-баранды, әп-әдемі қызметі бар, алыс ауылда тұратын Бұлдыбай бауыры ортаншы қызын әкеліп тастады.

— Қой, ұяластарынан айырма. Асырасам, ана мейріміне шөлдеген қу жетім көп емес пе? — деген қарсылығына да қарамады.



— Алда-жалда, қызың табылып жатса, қайтып алармыз. Әзірше шайынды қайнатып, үйінді сыпырып, басынды қарап берсін, — деп алдаусыратты.

Бәрібір Сопия апам асыранды қызының тағдырына өзін жауапты жандай сезініп ара-тұра поезға мініп алып, аяқ жететін жерді шарлап келетін. Іздеді. Көп іздеді. Таппады. Торықты. Көнді.

Ал шыншақтай аппақ Сана саналы қыз боп шықты. Айналып, толғанған жаңа әке-шешесіне біртіндеп бауыр басып кетті. Тындырымды бала, озат оқушы атанды. Апа-жездем де бүтін отбасының кейпіне еніп бір жасап қалды.

Уақыт дөңгелегі тынымсыз зырқырап, баяғы бір өзі он үйдің ішкі-сыртқы шаруасын тасқаяқтай қағыстыратын сұңғақ, сұлу келіншек те қартайды. Бір күні «келінің әл үстінде» деген суық хабар келді. Жалғыз бауырының келіншегі — Меруерт.





Соғыстың қыздай жесірі, тағдырдың тас маңдай тұтқыны, өмірдің талай талқысын қайыспай тік көтерген қайран Сопия апам жайнамазын жайып жіберіп, мойнына бұршақ салып:

— Я, жаратқан ием! Шұбырған бала-шағасын шулатып келінімді ала көрме. Жетімдер жаутаңдамасын. Орынына мені ал! Жасым үлкен. Жол менікі. Мен құрбан! — деп, Алласына жалбарыныпты.

Сірә, ешкімнің ала жібін аттамаған әулие адам болса керек, Сопия апамның тілегі қабыл болыпты. Жүз елу шақырым алыстағы Қарабауда әл үстінде жатқан келіні басын көтеріп, үй тіршілігіне айналып, шаруасына жарапты. Ал өзі төсек тартпай-ақ, тағдыр артқан ауыр жүкті белі бүгілмей-ақ, тік көтерген күйі бақиға аттанып жүре беріпті.

Қайран менің Сопия а-а-апам...



Әзен «мама»

(жақсы әйел әмме жұрттың анасындай)

Жұрттың айтып жүргені рас екен! Сұмдық! Мына «Ана – жер Ана» атты спектакльден жыламай шыққан жан жоқ. Тіпті өзі де, мына тоқтасқан, пәлен жыл мектептің директоры болған азамат – өзінің де көкірегін бұған сезімнің көзінен жас болып мөлтілдегенін қарасайшы. Тура өзі өткен өмір. Ана рөліндегі Сәбираның үні әлі құлағында тұр. Төбе құйқанды шымырлатып зарланғанда соғысқа өзің де қарғыс айтып ұшып тұрғың келеді. Поездың дүрсілдеген жүрісі жан-жүйеңді дәу балғамен жаныштап соққылап жатқандай. Аяулы жарын іздеген Әлиманмен бірге алақ-жұлақ күй кешесің. Қойыс өзінің қызыл аяқ қар кешкен бала кезін көз алдына әкелді. Қазақтың қай даласында да соғыстың салған тауқыметі, ұлын жалмаған тажалдан көрген аналар қасіреті бірдей-ау! Бес бірдей арысын соғыс жалмаған кешегі Әзен мамалар-ай! Япырау, сол кезде Әзен мамасы елуден асып кеткен екен-ау. Қандай қайратты, ақылды кісі болған десеңші?!

Әкесін ел-жұрт, ағайын жиналып жер қойнына берген соң, Қойыс бір үйде бір өзі қалғанда жанашыр ағасы:

– Сен бұлай жүре берме, тастай суық үйде ауырып қаларсың. Мына қырдың астындағы Әзен мамаңның үйіне бар, – деді. Ол кезде әлі онға да толмаған. Әкесі соғыстан аман-есен оралып келе жатып, өз ауылының тұсынан тоқтай қоймаған поездан секіріп кеп кеткен. Баяғыда, бала кезінде талай сөйтетін ғой. Құлындай ойнап тұрған кезде. Ал соғыстан қайтқан жаралы аяқтың сіңірі жетіле қоймады ма екен, әлде үлкендер айта беретін «тағдырдың жазуы ма»? Туған ауылын, баласын, жарын сағынған жас жігіттің ажалы тап осы жерден



келерін болжаса бар ғой... Асып кетіп, екі-үш күн жүрсе де өз үйіне асықпай келер еді-ау.... Енді жыла-жылама, бәрібір. Аштан қатып қалмаудың қамын ойлау керек.

Қойыс бала аяғына байпағын киіп жолға таң атар-атпастан шықты. Дес бересі күн ашық. Аяз шыңылтыр. Қар күтір-күтір етеді. Аш адамға аяз бірден өтеді-ау деймін. Іші инеліктей қабысқан баланың жүрісі де мандыр емес. Түске таман қар ылжырап ери бастады. Бірде киіз, бірде мүйіз көктеменің уақыты ғой. Күн тас төбеге көтеріліп қыза бастағанда бала қуанды. Шидей ұзын мойнын айналаға соза қарап, аяғын көңілдене басты. Байпақтан су өтті. Табаны шылқыған су болды. Былшыраған батпақ аяғын орап жүргізбеуге айналды. Жоқ, бүгін қалай да жету керек. Мына алағат жерде далада түнеуге болмайды. Бөрісі бар, жын-шайтаны бар иен дала сондай қорқынышты. Қорқынышты. Жылағысы келді. Жоқ, жылауға болмайды! Бір үйдің азаматы енлі өзіңсің деді ғой ағалар! Жыламайды Қойыс. Құйрығын құрғақтау жерге төсеп отырған күйі қалғып барады екен. Селт ете түсті. Жүру керек. Алакөбең сәуле бар. Аспанда ай да туыпты. Бұл жаңа ай ма, әлде ескі ай ма? Эзен мамасы қалай деуші еді? Оң қолыңды көтерсең... Ай оң жағынан толыса бастаса – онда жаңа туғаны... Білдім-білдім. Бұл жаңа ай! Шалқайып, жайласқан кісідей жатып алыпты өзі. Яғни, өзіне жайлы, шаруаға жайсыз ай туып келеді. Әлі де боран болуы мүмкін. Брр... суығын-ай! Айдың бетін бұлт бүркеді. Тоз-тозы шыққан көрпенің бұлттық-бұлттық біріккен жүні сияқты кеспірсізін. Әлдекім алыстан баланы баспалап көзімен бағып тұрғандай сезім пайда болды. Әлдеқайдан қамыс басын жел қозғап уілдегендей болды. Жоқ, жел емес. Қасқыр! Ұяластарын шақыра ма? Әй, мұнда келіндер. Мен жұмсақ ет таптым дей ме? Зәресі ұшқан бала тұра



жүгірмекші болып еді, су сіңді байпағына шалынып ұшып түсті. «Жоқ, қасқыр! Мен сенен қорықпаймын, қасқыр! Әкем жаудан қорықпағанда, мен нәйеті бір жануардан неге қорқады екем! Қорықпаймын!»

Қойыс бойындағы үрейді қуып, құлаған жерінен қолына түскен бір тасты ала түре келді. Қаттырақ ұстаса үгітіліп түсер топырақ кесек еді. Бірақ «қару» ғой. Соның өзі балаға демеу болды. Туған жердің кесегі! «Келіп көр, қасқыр! Мен сенің сазайыңды беремін!»

Көктем келіп қалды. Жаз да шығар. Бала Қойыс та өсер. Әке шаңырағына ие болар. Байпақтың табаны қатып мұз болыпты. Алақай, енді су кірмейді. Жүрісі ширады. Ұйықтауға кіріскен Әзен мамасының үйінің есігінің алдына келгенде бойына зор қуат пайда болды. Бойы сорайып, мойны ересен қылқиған балаға Әзен кемпір тандана қарады.

– Құлыным-ау, Қойыссың ба! Қорықпай түн ішінде қалай жеттің? Айнала тола қасқыр. Тіпті үйдің желкесіне келіп ұлығанда зәренді ұшырады. Мәссаған! Аяғың мұз болып қалыпты ғой!

Түк сезбеген қып-қызыл табанды Әзен мамасы көйлегінің ішіне сүңгітіп жіберді.

Осындағы тоғыз баланың үлкені өзі екен. Әзен мамасы барлық тапсырманы өзіне айтады. Ертеден кешке дейін шаруашылықпен бір тыным алмайды. Соғыс жайбарақаттықты көтере ме? Таң қараңғысынан кетіп, кілең шал-шауқан, әйелдерден тұратын бригадасымен пәлен гектар тары егінін айдайды. Отанға астық керек. Жаумен жағаласқан ерлерге азық керек. Әзен мамасы солдатқа тамақ болсын деп малынан да ауыстырып заемға өткізеді. Осында келгелі Қойыстың да иіні бүтінделіп қалды. Әзен мамасының талабы күшті.



Бәрін өзі тексеріп, сұрап отырғанды еш ұмытпайды. Өзінің соғыста қаза тапқан балаларынан қалған шиеттей немерелерінің үстіне жамағайынның өзін іздеп тапқан ұл-қызын да бауырына басып отыр. Қойыс Өзен мамасын өте жақсы көреді. Бір күні арбамен жетіп келген өкілдің сөзінен қорыққанын айтсаңшы:

– Бәрін бірдей баға алмайсыз ғой. Ересектеулерін мен алып кетіп жетімдер үйіне өткізейін. Сонша ауызға нан табу да оңай дейсің бе?

Қойыс соны айтқан апаға жауыға қарады. Өзен маманының балалары бір жерге ұйлығысып, бірін-бірі құшақтап еңіреп жылап жіберді. Жүрегі бар адам жай қарай алмайтын көрініс еді бұл. Сол күйі бәрі үйме-жүйме ауырып қызулап жатқан жер төсектегі Өзен ананы құшақтай құлады.

– Тәйт, ары! Далаға тастайтын балам жоқ! Бәрі өзімдікі! Ешкімді бермеймін! – дегені Өзен мамасының. Мұндай қуанбас. Иә, ол кісінің шығарда жаны осылардың үстінде. Колхоздың да жұмысын істеп үлгереді. Үлгеренің не, бәрін өзі ұйымдастырып, зыр қақтырады. Күз, егін жиналған соң кіре тартып, сауда жасап, елдің керек-жарағын түгендеп береді. Ауыл тек осы кісінің айтқанымен жүріп-тұрады.

Бір жолы ауылдың бас көтерер азаматтарын үйге шақырып ақылдасты.

– Мына балам, үлкенім, Аққұлының Қойысы оқуын аяқтап келеді. Талабы жақсы. Оны осы ауылдық білімімен қалдырғым келмейді. Қалаға оқытсам деймін.

– Жөн-жөн... – деп, бас шұлғысты шалдар.

– Олай болса сендер осы балама не көмек етесіндер?

Өзен мамасы қайратты еді. Өстің, енді қолғанатым бол десе ешкім ештеңе демес еді. Жоқ, өзін сонау алыс Атыраудан Алматыға жіберді. КазГУ-де оқып білім



алды. Қызметке орналасты. Ел азаматы атанды. Өзге балалар да алғашқылары салған ізбен жоғарғы білім алды. Өзен маманың құшағынан өрбіген Жауғашты шет елге танымал бизнесмен болды. Бар жетім қалған ұл-қызды жетілдіріп, Өзен мамасы алпыс жетіге келіп ұл-қызының қоршауында алпысыншы жылы жер ананың қойнына енді. Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа болғай киелі аналарым!





Халықберген немесе «Тап осындай болмайды»

Госпитальде неше түрлі мүгедектерді, соғыстың мүгедектерін көрдім. Ішінде ең қасіреттісі контузия алғандары еді. Бір жігіт ағасы болды. Дене жарақатын емдеп үйіне қайтарған. Үй-іші түгел опат болыпты. Оның үйінде бөтен, танымайтын жандар тұрып жатыр екен дейді. Содан «контужен солдат» тіптен көтеріліп кетіпті. Қабырғаны сипалап, өзінің, отбасының суретін іздеп «тап осындай болмайды» дей беріпті. Өзінің қарсылығын, келіспейтіндігін тек «тап осындай болмайт» деген сөзбен ғана білдіреді. Басқа сөзге тілі келмейді. Мен кеткенше ол сонда болды. Тамақ ішкісі келмесе де «тап осындай болмайт» дейді.

Екі көзі бірдей ағып түскен солдат: «сендерге рахат қой. Жеңісті өз көздеріңмен көресіңдер» дейді бізге қызығып. «Мен, міне, күні-түні тас қараңғыда отырмын. Кейде өзімді өзім алдаймын. Тап қазір көзімді ашамын да, мың құбылған сәулесімен жарық дүниені көремін деп сендіретінім сондай, шыныменен...сызаттанып сәуле жарық беретіндей. Кейде түрлі-түсті бояулы түстер көремін. Соғыстан бұрын қандай түстер көргенім есімде жоқ. Қазір түсімдегі көркем суреттің соншалықты әсерлі екенін мойындаймын. Шіркін, көзім болса – суретші болып-ақ кетер едім!» деп күрсінгенде көкірегі қарс айырылады.

Бірде бомба жарылысынан құлағы тарс біткен солдаттың айналасындағыларды алдап жүргенін байқап қалдық. Ту сыртынан мылтық атқанды естімеген түр көрсеткенімен, қасық сылдырласа жалт қарайды. «Әй, соғыс бітті. Енді қорықпай-ақ қой! Сені ешкім майданға жібермейді» деп, мазақ етеміз. Е, неше түрлі жандар бар ғой.



Менің де жараларым жазылып, жүруге жарап қалдым. Жүруге деймін-ау...

Екі аяқ қара саннан жоқ. Уфа қаласында біраз емделген соң қасыма бір санитарды қосып елге қайтарды. Госпитальде жағдайым жаман емес-ті. Неше түрліні көріп, ештеңе таңдандыра алмас-ау дегенмін.

Мені елге алып жүрген санитар жігіттің қол-аяғы бүтін. Башқұрт, орысша тілдесеміз. Мыңғырлап сөйлейді. Соғыста жараландым деген. Тамақ ішуге бетіндегі бет пердесін алғанда жаным түршікті. Бет-ауызы бір жағына қисайып, түріне кісі қарай алмастай бұзылған екен. Соғыстан бұрын елден асқын сұлу жігіт едім дейді өзі. Қатыным да сұлу еді, антұрған. Менің түрімнен шошып бір түнде бір орысқа тиіп кетті. Әйел ит опасыз дейді.

Сол түні мықтап ойландым. Елге жеткендегі күйімді көз алдыма елестеттім. Ата-анам ғой қуанар. Бірақ мына түріме қалыңдығым шаттана алар ма екен? Әрі ауылда оны (әйелімді), болашақ балаларымды қалай асырап жеткізбекпін? Мына түріммен, мешел баладай мына түріммен не жұмыс істей аламын? Қартайған әкешешеме масыл боламын ба? Мені көргенде тірі өлетін болды-ау. Қалыңдығымның кейпін көзіме әр түрлі ғып елестетемін.

Түс көрдім. Күндізгі сөздің үрейі ме – Зағипа теріс қарап кетіп барады. Айқайласам бұрылмайды. Мен екі қолымды созып бақырып жылап жатып оянып кеттім. Әлі шолпан тумаған екен. Қара терге түсіппін. Таң атқанша ойланып-ойланып елге қайтпауды шештім. Мейлі, хабар-ошарсыз жоғалып кетті деп түңіліп қойсын.

Мына жігіт сияқты елге күлкі, дұшпанға таба болғанша...

Башқұрт жігіт оянғанда мен өз үкімімді өзім шығарып қойғанмын. Біз мінген поезд да Қазақстанның шетіне



іліккен болатын. Қанішкен-қанішкен деп жатты. Мен жерге түскім келеді деп едім, бәтшағар көнбейді. Талай күн жүгіріп жүріп қолымыз әзер жеткен вагон. Әрі сені еліңе жеткізіп, селсоветтен әкеліп тапсырды деген қағаз алуым керек деп тұрып алды.

Жанына батарын ұқсам да кешегі өз әңгімесін есіне салдым. Мен де сен сияқты қатыны тастап кеткен жігіт атанғам келмейді дедім. Оның түрі табан астында өзгерді. Маған ашуланды. Қайтем. Болар іс болды. Айтылар сөз айтылып қойды. Енді ашық кеттік. Өзім-ақ қағазына қол қоямын дедім. Соны бастығына көрсетіп бас сауғала, қорқақ! – дедім.

Сонымен, не басыңды ауыртайын, екеуміз сол Ганшкинодан түсіп қалдық. Базарының басынан бір қазақ арбакешіне жолықтық. Наршөккен деген ауылдан екен. Мен де табан асты сол ауылдан болып шыға келдім. Аздап контузиям бар дедім. Мені арбана салып ала кет. Ата-анама апарып бер деп жата-жабыстым. Бозбала қуана-қуана келісті. Бозбала деймін-ау, он үш-он төртте шығар әрі кетсе. Керек-жарағын арбасына тиеген соң бір бұрышына мені отырғызып шу деп жүріп кеттік. Және жай жүрмей башқұрт жігітке «маған берген он күннің әлі бес күні бар. Сен сол күндерді өз қалауыңмен өткіз» деп мырзасып қоямын. Ол байғұс мені аяйды. Мына бала сені арбадан қалай түсіріп-мінгізеді дейді.

Түспеспін деп ойлағанмын. Даланың ұлан ғайыр шоқалақты жолында тікеден тік отыру қажытатынын қайдан білгенмін? Бел шыдатпайды. Қолыма берген паек таусылғанша жаман болмадық. Түнде де арбадан түскен жоқпын. Шынымен талшыбықтай нәзік бала мені көтеріп-түсіруі қиын екен. Әлі келер емес. Айдала. Бір бейсеует жүрген жан жоқ. Арба дегенің бір зәулім қамалдан бетер, Шығу мұң. Өлдім-талдым деп әзер



міндім. Кейін ғой әдістеніп алғаным. Оңтайлы жерге қойғызып аламын да құдай екі қолға қуат бере гөр деп ырғып келіп кетемін. Талай құладым да. Жалпы биікке әуес емеспін. Жерде жорғалауды үйренгелі не заман. Бірді айтып бірге кетіппін-ау.

Ауылға да жеттік. Ауылдың бас көтерері бір Берікбол деген қария екен. Соның үйіне түсірді. «Әкем пәленше, шешем түгенше. Мен соғысқа аттанғанда осы ауылдан кеткенмін» деп қоямын. Ара-тұра бірдеңелерді ұмытқан, есіне түсіре алмай қиналған сияқтанамын. Ол кезде контузия алғандар көп еді ғой. Соның бірі сияқтанамын өзімше. «Тап осындай болмайды» деген жаттанды сөзім бар.

Ауыл бәрібір бір солдаттың тірі келгеніне мәресәре. Бар тапқан жылы-жұмсағын аузыма тосады. Тек Берікбол шалға шынымды айттым. Ол мұның жарамайды деп біраз ұрсып алды да, ертеңіне елін жинады. Ел іші алтын бесік қой. Мені түсінді. Ешкім көзіме шұқымады. Кеудемнен итермеді. Берікбол шал ерледі. Қыздарға қарап: «жағдайды көрдіндер. Жігіттің міні жоқ. Аяқ кем демесең... Ойланыңдар» деді. Мен бастабында ұға қоймадым.

Сөйтсем, бұл ауылдың салты бойынша әлгі Берікбол атамыз келген майдангерді екі аптаның ішінде үйлендіріп, бөлек отау етіп шығарады екен. Көрші-көлем жиналып, әркім қолында барынан ауыстырып, бір үйдің тіршілік ететін құралын орталарынан бөліп береді екен. Біреу кесесін, біреу көрпесін дегендейін. Маған да жар табылды. Ұяң қара қыз. Ауылдың дәл ортасына балшықтан соғып кішкене үй тұрғызды. Күндіз колхоздың жұмысынан сүрініп-қабынып келгенмен ауыз бірлігі күшті жұрт бір шәйін ішіп алсымен ұстаның, яғни мына менің баспанама көмектесуге жиналады. Ұсталықты ұсынған да Берікбол атам.



Балалы болдым. Өз үйімнің бұрышынан ашылған ұстаханамда елдің арбасын, күрегін, орағын жөндеп отырамын. Маған тіпті еңбеккүн жазады. Осы елдің өз баласындай сіңіп кеттім.

Күндердің бір күнінде өз қалыңдығым іздеп келді! Мақтадан сырып тіккен фуфайка киген, фуфайкасының сыртынан бірнеше қатар етіп арқанмен белін таңып алған әйел ат-арбасымен тура менің үйіме тіреліп келіп тоқтады. Қимыл-қозғалысы әлдекімді еске салатын сияқты. Кімге ұқсататынымды өзім де ұқпаймын. Асықпай атты босатты. Терезеден бақылап отырмын. Не шаруамен жүр екен деп қоямын. Ұстаны іздемейтін адам жоқ. Ол кезде қазіргідей техника дамымаған. Арбаның күпшегі, аттың тағасы, шалғыны шыңдау – шаруашылыққа бәрі керек. Әйел үйге беттегенде жүрегім соқпай қалды. Зағипа! Қалыңдығым! Есіме бірден әке-шешем түсті. Тілім байланып қалған. Алыстан келген қонақты көрген Наршөккеннің халқы біздің үйге жинала бастады.

Бұлай боларын кім болжаған?! Әке-шешем тірі екен. Менен басқа баласы соғыстан оралмапты. Жер таянса да менен үзбеген үміттері ажалдан арашалап тұрған секілді.

Мен сол Ганшкюнадан түсіп қалатын түні Зағипа да түс көріпті. Түсінде мен артынан қалмай жылап жүрген жас баладай елестеппін. Әйтеуір, бойым белінен келетін күйде.

Менің ұрын барғанымды есіме түсіріп күлдіріп қояды. Балдыздарымның ойнаған болып «күйеуді сынағанда» самаурынға су ағашпен от тұтатқызғандарын. Бықсып жанбаған отты үрлеп күйе-күйе болғаным. Сол сары самаурынмен жарты күн әлек болғаным. Менің қайнағамның балдыздарыма ұрсып жүріп құрғақ отын



әкеп бергенін. Қаптаған күйеу көре кірген ауылдастарға есіктен кірген сайын сызылып орнымнан тұрып сәлем бергенім...

Жастық шақтың сәулелі суреттері жүрегімді жібітті. Елге қайтқым келді.

– Ай, Халықберген! – деді Зағипа: – жаудан сескенбеген жүрегің неге ғана қыздан қорықты?

Рас-ау, неге қорықтым?! Соншалық жігерсіз, жасықпын деп түк те ойламайтынмын өзімді. Сөйте тұра...

– Мен бай іздеп келген жоқпын. Ата-анам ақ батасын берген, халықтың алдында, Хақ тағаланың алдында қосқан қосағымды, жарымды өз еліне, ата-анасына әкеткелі келдім.

Сосын келіншегіме қарап: – әй, Мағрипа, мына арбаға сен де сиясың, мен де сиямын. Халықбергеннің етін бірінші мен көрдім ғой десең, сен-ақ бәйбіше атанарсың. Тек өмір арбасынан ауып түсіп жүрмесек болды.

Япырай, қалай өзгерген! Бұл баяғы мен айттыра барған, сәл нәрседен ұялып беті алаулап шыға келетін ұяң сары қыз емес. Қарап отырып тұла бойым түгел сіңірленіп, жүрегім алып-ұшып барады.

Әлгі башқұртқа «сен абзалы қазақтың қызына үйлен. Олар бір сөзді. Айтқан сертінен қайтпайды» деген ақылымның өзіме келгенде желге ұшқанына, мына өзімді іздеп тапқан аруыма сенімсіздік білдіргеніме опынып та қоямын.

Дегенмен, кеңес өкіметінің заңына қайшы екі қатын алған жалғыз қазақ менмін.

«Көрген көргенін істейді. Көрген-білгені жоқ несін істейді» демекші, аулыма келген соң мен де Қосшағыл-Наршөккендегі Берікбол атам сияқты соғыстан оралған жауынгерлердің тезірек аяққа тұрып кетуіне, бас құрап.



ұрпақ көбейтуіне барымша ат салыстым. Тіпті, әлі күнге солаймын. Сыбай-салтаң жүрген сайдауыттай жігітті көрсем жыным құрысады.

Баяғыда ата-бабаларымыз да жаугершілік заманда халқының саны азайып қалмауына барынша қамқор болған ғой, солай емес пе?

Екеуінен он сегіз бала көрдім. Білесің бе, менің ұлдарымды көргенде «Әне, Халықтың ұлы келе жатыр» дейді ел. Халықтың ұлдары мен қыздары дейді! Өз балаларына «Сендер адам болам десендер соларға ұқсандар» дейді. Мақтанып-ақ айтайын. Менің ұлым әрі халықтың ұлы. Қазақ халқының ұлы мен қызы.

Міне, енді балаларымның бәрі ел керегіне жарап, қызметте жүр. Бірі инженер, бірі мұғалім, бірі мұнайшы. Бейбіт өмір бар жерде «тап осындай болады!»



Ерте сөнген ғұмыр

Бір жамбастай қисая дамылдаған Ділафруз бүйірінен тиген қатты соққыдан жаны көзіне көрінді.

— Халық жауы, атаңа нәлет! Халықтың егінін суға алдырып, егіс басында ұйықтап жатқанын қара, бұл халық жауының! Протоколдатып, тура итжеккенге айдатамын! Темір торда шірітемін!

Ділафруз жан дәрмен ұмтылып, дәу қарынымен жөңкеріліп тұрамын дегенше бригадир жігіт екіқабат әйелдің жон арқасынан қамшымен екі-үш тіліп өтті.

— Ойбай, бригад қайным-ау, қазір-қазір, — деп, ұмтылып қамшыдан қорғалаған күйі денесін игере алмай тағы құлады. Бұл жолы соққыдан емес, бүйрегінің қатты бүргені сондай есі ауып кеткендей болды. Бүйректі әлдебір темір саусақтар бүре ұстап, аямай бүреді. Әйелдің буын-буыны әлсірей берді. Бригадир жігіт те артық кеткенін шамалады, бірақ табан астында пайда болған үрейге бой алдырмау үшін, бұрынғыдан бетер балағаттап, байбалам салып, шоқыта жөнелді:

— Мен бір айналып келгенше су бұзған арықтарды жөндемесең басың кетеді. Халық жауы. Қара да тұр, халық байлығын рәсуа еткенді мен саған көрсетермін! — деп, тістеніп барады.

Есін жиған екіқабат әйел жандәрмен жорғалап ұршығына жетті. Соны таяныш етіп тұрмақшы болған. Ол ұршық байғұстың морт сынбасы бар ма? Қап, енесінің көзін көрген аяулы дүниесі еді... Күнде бір шүйке жүнді ала шығып, бір құлақ суға толғанша созып тастаумен кешке дейін бір ұршық жіп иіре келетін. Қыс қыр астында. Оның үстіне жұмыстан үйге келген соң кәкүр-шүкір шаруадан қолы да тие бермейді. Қап, жылы кеудешесі бүгін де бітпейтін болды-ау. Ұршықты кімге жасаттырып алса екен? «Қыс арбанды жаз сайла»



деген. Мына бүйрегінің құрсаулап ауыруын-ай... Жібегі қызулап ауырып жүр еді, тек қызылша болмаса екен. Түу, беті аулақ! Көршінің баласы содан қайтыс болды. Енді бір мезгіл күйеуін ойлап кетті. Байғұстың денесінде сау тамтық жоқ. Дегенмен «Басы қараның бары игі». Азаматы қанды қырғыннан аман келген соң ашты-тоқ тірлігіне, жалаңаш-жалпы тағдырына риза.

Ділафруз кетпеніне сүйеніп аз тұрған соң құрсақтағы сәбиінің бұлқынғанын сезді. Япырмай, жаңағы соққыдан балаға зақым келмеді ме екен деген жаман ойдан денесін суық тер басып кетті. Бүйірі нәл қаққан етіктің тұмсығын әлі сезіп тұрғандай ауырсына ашиды. Бала тағы қозғалды. Тіршілігінен хабар беріп, бейне бір анасы тыныштансын деп жатқандай. «Сен тірі бол, сен тірі бол, балапаным!» Анасы ішін аялай сипап, күлімдеп қойды. Ұл болса екен деп қиялдайды. Соғыстан аман келген күйеуіне ұл тауып берсе, қанекей?!

Ахмедия дүниеге Жібек келгенде ұл ма деп қатты қуанған. Өзі ол сәтте «е, басыңыз жерге жетіп тұрған жоқ, қызды берген құдай ұлын да берер» деп, күйеуін жұбатқан. Сонда Ахмедия:

— Ы-ы-ым, мен осы құрау-жамау күйімде қанша ұзаққа барар дейсің, көріп кеткім келеді дағы, — деген де қойған. Келіншек мына сөзден шоши тұра сыр бермей:

— Қойыңызшы, жамандық шақыра бермей...— деп, жақтырмай күңкілдеп бұрылып кеткен. Осы бала бойға біткелі құдайынан ұл сұрап мінажат етуде.

Ділафруз сол күні кештетіп, екі аттап, бір тоқтап үйіне әзер жетті. Қазақы қоржын үйдің бір бөлмесінде қайнағасы бала-шағасымен, екінші жағында қыздарымен бұлар тұрады.

Кеш түссімен келіншектен маза кетті. Түнде құрсақтағы баланың суы кеткенін білгенде абысынын



оятуды ойлады. Ол байғұсты да аяйды. «Күні бойы бір мігір жоқ. Емізулі баласы жаңа ғана тынышталып ұйықтады. Кішкене дамылдасын. Әлі толғақ басталған жоқ қой» деп, өзін өзі жұбатты.

Мал қораға барып, арқан алмақшы болды. Керегін өзі дайындап қоймақшы еді. Еңкейе беріп, байқамай қадаға қағылды. Сол-ақ екен бүйіріне біреу пышақ сұғып жатқандай шанышқылап кеткені. Тізесі еріксіз бүгіле берді. Есін жиғанда байқаса өзі мал қорадағы шөп үстінде жатыр екен. Қанша уақыт өтті екен? Еңсесін әлдебір зілдей салмақ езіп барады. Шіркін, арқанға асылып тұрса... Құйымшағы, жамбасы, сегізкөзі ештеңе сезбес қара тасқа айналғандай. Тұтас денесі қақ бөлініп, екіге айырылып – басы мен кеудесі өрт шалғандай жанып тұрса, кіндіктен төмен қара суық қариды. О, құдірет! Мұндай да болады екен-ау! Қап, ең болмаса мына ағаш бөшкенің ернеуіне қолы бір іліксе... бір іліксе... Япырмай, ешкім мұны іздемей ме? Қол ұшын беретін пенде бар ма? Уа, қайдасыңдар, адамдар! Келсендерші! Құтқаршы мына азаптан. Ең болмаса қасымда біреу барын сезінсем мына қорқынышты оңай жеңер ме екенмін? Таң, Алланың аппақ таңы-ай! Қашан атасың? Жарық сәуле, бір жарық сәуле... Уф, жан-ай! Ешкім бұл қораның есігін ашпай ма? Балам өліп қалар ма екен? Жазықсыз пейштем-ай... Тоғыз ай, он күн көтеріп... Енді жеттім бе дегенде, әкесін қуантармын деп жүргенде... Кел! Келші біреуің! Уа, кім бар-ау!

Біреудің келгенін сезгенде Ділафруз қуануға да күш керек екенін ұқты, Әлсіз ғана ерні күбірлеп «шақыр» деді. Деген болды. Әлде дей алмады ма? Іле-шала абысыны да жетті. Ділафруз бір сәт талықси берді. Белін тартқан абысынының құшағының жылуын сезді. «Ұл, ұл!» деген қуанышты үнді құлағы естіді. Естіді!



Сол сәтте көз алды күлгін тартып, өзге әлемге еніп бара жатты. Әлден уақытта күнгірт дүңкілден есін жиды. Ә, келі түйіп жатыр. Бұл – баланың «жолдасы түссін» деген ырымы ғой қазақтың. Әйелдердің қарбалас жүгіргенін, жарыс қазан қайнатқанын естіп жатыр. Сезіп, сезініп жатыр. Демек, тірі.

— Әй, ана қырдың басындағы балалар кімдер? Бұл қайнағасы Есмұқанның дауысы.

— Дәуренбек, Сағат, Сатыпалды.

— Дәуренбектің сағатын неғыламын, мейлі, қайдан сатып алса да. Ойнаған балаларды сұрап тұрмын ғой мен сенен.

— Түү, ата, айттым ғой. Анау еңкейіп асық атып жатқаан Сағат деген бала. Қасында тұрғандар — Дәуренбек пен Сатыпалды.

— Е, солай демейсің бе? Араларында Жәкен ағаң жоқ де. Онда жүгір, ағанды тез тап. Көк атты ерттеп қойдым. Барып Білгір доғдырды ертіп әкелсін. Тез. Әйтпесе. Дәкен тәтең өліп қалады.

Бұл сөздердің бәрін ұққан Ділафруз қайынағасының қамқор көңіліне риза болды. Қансырап өлу деген бір рахат дүние екен ғой. Бойы дел-сал. Дүние бір жұмсақ, жайлы, мамыражай сиқырлы өзгеше әлемге ауысқандай. Жұмбақ, сазды әуен әлдилеп жанды тербеп алып барады. Көз алдында қызғылт тұман. Сол тұманның ортасында қызғылт құмда ойнап отырған өзі. Шашынан сипап еркелетіп тұрған анасы. Енді міне, әкесі өзін көтеріп әкетіп барады. Өзінің бала кезі екен дейді. Сонда да көзімен іздеп, бұрылып, күйеуіне көз салды. Сол қызғылт тұман ішіндегі күйеуінің бейнесі де бұлдырайды. Тек қазіргі бет-ауызы быт-шыт, дене сиқы бұзылған тап осы кейпі емес, жаңадан қосылған жас жігіт кезі екен дейді. «Көтерші, ақ тамақты иіскелейін..» деп еркелететін



сияқты ма-ау... Дәкен иегін әнтек көтерді. Жүзіне жылы күлкі жүгіріп өтті. Үзіліп кетті.

Ділафруз өмірден өтерінде бақытты еді. Бір ошактың отын өшірмейтін ұл әкелді өмірге. Томашадай әйел өз отының басын базар етті. Алланың өзіне берген сыйын толығымен қабылдады. Жар сүйді. Өз әлінше бақытты ғұмыр кешті.

Ал кексе әйелдер жас адамның көзін жұмып, алақанын жазып, өлімге бой ұсынып, байбалам үрейсіз мына жалған дүниеден бақиға мамыражай бейбіт өткеніне таңданды.

Иә... Тосын ештеңе де болған жоқ. Таң мезгілімен атты. Күн орынына батты. Тек бригадир жігіт қана «асыл женешем-ау, алтын женешем-ау, кісіге сөз қайырмайтын сабыр женешем-ау» деп, ат үстінде анырап жоқтау айтып, бұл елде жоқ үрдіспен жиналған жұртты бір шошытты. Алақандай ауыл оның бұл қылығын әпербақан жігіттің «жана өнері» шығар дей салды.

Ділафруз марқұм өзінен үш күннен соң апыл-тапыл қаздаңдаған Жібегін жанына аларын, үш жылдан соң Ахмедияның топырақ жамыларын, біраз жыл кейін бұрым өруге жарап қалған Қарлығашының оң жағынан орын аларын білмеген еді.

Иә, жас әйел бала үстінде өлді. Соғыстан кейін ел еңсесін тіктей алмай жатқан заманда бұл таңсық оқиға емес-ті.

Иә, есеңгіреп барып есін жинаған әйелдер: «ойбай-ау, Дәкен бала туып еді-ау» десіп, шақалақты іздеп, таппай қалды. Ойнап кеткен жалбыр шаш қыз Мәйкен келді де:

— Мен біреу басып кетпесін деп, бөшкеге салып жібергенмін, — деп айтқанша, әйелдер жана өмірге келген бөпені таппай әуре-сарсанға түскен. Кіндігі де кесілмеген ұл әлі тірі екен.



О, Құдайдың күдіреті-ай десейші! Шала жансар шарананы абысыны Биғайша етегіне орап алды. Алты айлық ұлы Кәріммен егіздетіп емізді. Кең қолтық қазекемнің отбасы тағы бір ұлды болды. Есмұқан ата сол баланы өз ұлдарынан артық еркелетіп, шыбын қондырмай қорғаушы еді. Биғайша тәуір көретін қайнысы мен келінінің көзіндей аялады. Алтыншы ұл, анасынан туа жетім қалған ұл Қалғанбай деп атанып, осы берекелі шаңырақта еркін өсіп ержетті.

Соғыстың балалары

Ұлы Отан соғысы деген атпен Қазақ елінің тарихына кірген бұл кезенді қазір басқаша бағалай бастады. Сол қантөгісте қазақ жұртының да көз жасы, жан жарасы ойсырап жатыр. Ол күндерде қазақ баласы ұлан байтақ отанымның батыс шекарасына жау тиді деп, өре түре келгенде қанындағы жау жүрек бабаларының ежелгі рухы оянып, боздақтарымыз адал жүрегімен елін-жерін қорғап қан майданда шейіт болды. Сол соғыста қазақ елінен тоқсан жеті жауынгер Совет Одағының батыры атанған екен. Қаншамасының ерлігі елеусіз қалып, өзге ұлтқа телініп кеткенін айтпағанының өзінде. Өз алдымызға егемендік алғанша нағыз батыр бабамыз Бауыржан Момышұлының еңбегін ескерусіз қалғандығы елдің бәріне аян. Менің ойымша осындай батыр халықтың арқасында, яғни қазақтың арқасында ғана сол соғыс жеңіске жетті. Біздің өсіп келе жатқан ұрпақ сол жаужүрек аталарының ерлігімен мақтана білулері керек. Сол кезеңнің бір бейнесіндей болған тіркестерге көңіл аударыңызшы: «қыздай жесір» ұғымы қайдан шықты дейсіз? «соғыстың балалары» дегенді де естіген шығарсыз? Жүрегінді ауыртпай ма? Бұл – біздің тарих. Оны жоққа шығаруға емес, сол кездегі халықтың жанкешті ерлігі мен тылдағы адамдық келбетін неғұрлым дәл суреттеп ұрпақ санасына жеткізу арқылы жеткіншектерімізді Отанын, Ұлтын сүуге тәрбиелегеніміз дұрыс шығар, Сіз қалай ойлайсыз? Бұл ұсынып отырған әңгімедегі кейіпкелеріміз – Исахмет солтүстіктің тумасы болса, Қамшыгер оңтүстіктен, ал Қаражал батыста туып-өскен. Яғни, байтақ қазақ даласында соғыс өрті шарпымаған ошақ қалмаған десе де болады. Тіпті жиырма екі үйден бір азаматы оралмаған ауылдарды тарих біледі.



1. Малика

Ажардың жалғыз ұлы қаладан үріп ауызға салғандай бір қызды ертіп келіпті. Науша бойлы, томпақ көз, бұрымы беліне төгілген. Ауыл ауызын ашып, көзін жұмып, тек соның күлгенін, жүргенін, сөйлегенін сөз етеді. Келе қотыр тамның іші-сыртын сылап, аршыған аппақ жұмыртқадай етіп қойды. Осыған дейін бұл ауыл үй әктеу дегенді естімепті. Өзі жұмыс істейтін екі бөлмелі мектепті де жұтындырып жіберді. Бала біткен соның соңында: «біздің тәте», біздің тәтей» деп жандарынан шықпайды, айтқанын екі етпейді. Өзінің де ойлап таппайтыны жоқ. Бала ермек қылатын долана дегенді теріп, жинап, кептіріп қыста ем, әсіресе, жүрек ауруына таптырмайтын ем дейтінін қайтерсің? Балалармен жағаласып бүлдірген, қарақат тереді, меңдуана, құндақ жинайды.

Ажарға ұлын меншіктеп алған мына қыз ептеп ызасын, жо қызғанышын, жо-жо өкпесін, әй өзі де біліп болмайтын әйтеуір бір сезімін тудырады. Келін, кәдімгі келін. Жүгіріп бар шаруасын істеп жүр. Тіпті айтқанын екі етпейді. Соның өзі Ажардың ызасын келтіретіндей ме, қалай өзі? Әлде абыр-сабыр болып жүгірісіп құда-құдағи күтіп, өзі құдағи атанбағандікі ме?

Сөйтіп жүргенде Сұлтанбегі әскерге кетті. Соғыстың хабары осы ауылға естілгенде ұлы алыста еді. Бір күні Сұлтанбектен хат келді. Келін күндей жайнап хатты ашып, дауыстап оқи жөнелді. Бұрынғы хаттарын да солай оқитын. Бірақ бұл жолы орта тұсына келе бергенде хатты лақтырып жіберіп, екпетінен түсіп еңірей жөнелді. Ажар шошып кетті. Аман-сау дегенге көнбей бәрін дауыстап оқы деп отырып алды.

Баласының Ташкенттен жазғаны – бұл соғыс ұзаққа созылатын түрі бар. Тірі қалу, қалмау неғайбыл. Сенің басың жас, менен ұрықсат депті.



Келін өксіп отырып, енесіне бір қарап алып, «қайда, кімге кетсен де апама көз қырынды сала жүр. Ел іші дегенмен менен басқа сүйенері жоқ еді» деп, өз жанынан қосып қойды.

Ажардың жүрегіне үрей кірді.

– Немене, әлден жамандық шақырып жылап отырсың! – деп, келініне дүрсе қоя берді. Әжептарқы тарғылданып шыққан өз дауысы қорқынышын одан әрмен үдетті. Сосын тамағын бір кенеп алып, келінін құшақтап жұбатуға кірісті. Екеуі бірін-бірі жұбатысып, келін быркырап отырып, мені қайдағы бір тексіз сияқтандырып жолың ашық депті, тап мен бір жар қадірін түсінбейтін тұрлаусыз, сертке тұра алмайтын опасыз жандай етіп... – деп, өксіп-өксіп қояды.

Ажардың жүрегі уылжып, келінін бауырына қатты-қатты қысты. Көңілін ауламақшы болып:

– Ау соғыс батыста, біздің Сұлтанбек оңтүстікте, Ташкентте жүргені несі? – деп қояды.

– Орысша білетіндерден командир дайындайды екен.

Ажар баласы үшін көңілі марқайып қалды. Не болса соны медеу тұтатын аналық жүрегі құрғыр-ай! Ау, қай қатынның баласы командір болып жүр екен!

Сұлтанбек соғыстың беті түзелгенде төсіне таққан медалдары жарқырап елге келді. Жауынгерді көргенде үй іші ғана емес, бүкіл ел мәре-сәре болды. Енді аз уақытта жауды ақи-тақи жеңіп елге ораламыз дегенде имандай сенген. Кителі жарқырап, хром етігі сықырлап, әңгімесімен елді ауызына қаратқан ұлы үшін ана жүрегі шексіз қуанышта еді. Бұл – қырық төрттің күзі болатын. Үйіне екі-ақ түнеп майданға аттанған Сұлтанын анасы еш қорқынышсыз шығарып салған. Еш алаңсыз келіні екеуі қол бұлғап қала берген.

Ал қыста өлген басқарманың орнына бір қолы шолақ Қасқырбай деген көшіп келді. Қатыны бір жамбастан



батып-шығып жүреді, үй айналасынан көп ұзай алмайды. Бастабында құрдастары «соғысқа барған қайсың» деп, әзілдемекші болған. Шіркін, сөз көтермейтін шақ етпенің өзі екен. Мал түлігі болып ержетіп қалған екі ұл, бір қызы бар. Келе елге бүйідей тиді. Ешкім мұның келінін жұмысқа салып зорықтырмақ тұрғай, Маликаның өзі барып көмектескенде «болды, шаршап қаларсың, Ажар тәтем бізге ұрсып жүрер, қайта ғой» деп бәйек болғанға әбден үйреніп алыпты. Таң атпай шегірткенің айғырындай шырылдап терезені қамшысымен сабалап тұратын жаңа бастықты қайдан жақтырсын-ау...

Бәрінен бұрын ұрғашыны құр жібермейді екен деген сыбыс жанына батады. Келінін өлсе қасынан шығарғысы жоқ. Оған басқармасы түскір көнер ме! «Үкіметтің жұмысына кедергі келтіретін контраны итжеккенге айдатамын» деп, ақиланып шыға келеді. Жөн сөзге тоқтайтын жан қані? Ауызы көпіріп боқтай жөнелгенде Ажар құлағын басады. Тіпті масқарасы кеше Орақ шал бойжетіп қалған немересін қорғаймын деп басқармаға айыр ала ұмтылыпты. Жалмауызға да жан керек, Қасқырбай қораның түкпіріне қашқанда шал қолына іліккен киімдерін ала шығып, есікті айырмен тіреп, әлгі бері жақындаса үстіне мұздай су шашып, есікке жолатпай қойыпты. Осы ауылдың қатындары өшін алып берген аталарына разы болып, шоқ-шоқ десіп бір айыздары қаныпты. Осыны естіп отырған Ажар келінін ол тажалға қайдан ілестіреді. Сол басқарма жұмсаған сақпанға өзім барайын деп жұлқынды. Әйтсе, келіні үйде жалғыз қалатын.

Кеше дайын тұр, ертең ертемен келіп ертіп кетемін деген Қасқырбайға Малика қарсы жолықты. Үстіне күзде келгенде тастап кеткен Сұлтанбектің киімі. Шалбарланып алыпты. Күпәйкесі қолп-қолп етеді.



– Ә-әже, қайда қоржының? – деп, тамақ салынған дорбаны қолына іле кетті.

Ауылдан біраз ұзап шыққан соң: «осы жерге біраз аялдап тамақтанып алайық» деген Мәликаның ұсынысын естігенде Қасқырбай өз құлағына өзі сенбеді. «Қанды басын бері тарт» деп күбірлегенін де сезбей қалды. Аттың басын бос тастап, ерден жас жігіттей дік етіп ырғып түсті. Сау қолымен шинелін жайып үлгеріп, Мәлика ұсынған дорбаны қағып алды. Қоржыннан таба нанды шығарып жатып: – өй-өй, оның не? – деп апалақтады.

– Отыр! – деді зілді дауыспен Мәлика. Өзі Қасқырбайдың торы жорғасына мініп, өз атын қосарға алыпты. – Отыр! Саған үкімет бір қауым елді басқарсын деп билік беріп қойды. Қатын-қалашты шулатсын деп берген жоқ! Мен ақ некелі төсегімді сен сияқтыларға былғатпаймын! Сұлтанымның садағасы кет! Мені қорлайтындай сен өзінді кіммін деп ойлайсың? Сен менің әкемнің кім екенін білесің бе? Әжемнің қолына хат беріп кеттім. Егер мен келмесем Москваға жібер дедім. Сосын сенің тұқым-тұяғыңа дейін түк қалмайды!

Жалт еткізіп суырып алған бәкісінің бір тетігін басып қалып еді, жарқ етіп өткір ұшы шыға келді. – Енді жақындасаң өзімді жарып жіберемін!

Мәликаның дауысы зілді естілгені сонша, Қасқырбай атқа ұмтылып қармалап ұстағысы келген әрекетінен сап тиылды да жүрелей отырып өкіріп жіберді. Мәлика еңгезердей еркектің жылағанынан шошып кетті, әйтсе де тістеніп сыр бермеуге тырысты. Қасқырбай болса сол өкірген күйі «мені құртқан қатын, қатын» деп жер сабалайды. Мен қан майданда жаумен жағаласып мына қолымды беріп келсем, ол мында ақ төсегімді арамдап... есігімді ашпаған еркек қалмапты! Ерді намыс өлтірмей



ме? Фашистен мынау жаман болды! Жаман! Содан өш алған түрім ғой!

– Әй! – деді шаңқ еткен Мәлика: – Не оттап отырсың өзің! Сенің бір нәкәс қатының үшін майданда жүрген нар жігіттердің намысын таптағаның ненің ақысы!

Балпылдаған Қасқырбай жылауын қояр емес. «Енді үстімнен жүргеніңді көрейін деп ашу үстінде тірсегін қиып жібердім. Жүр енді шоқандап...»

– Таста ондай қатынды!

– Өкіметтен қорқам. Оның үстіне балаларым да өсіп қалды. Содан қызмет сұрап, елге қарайтын бет қалмаған соң осы ауылға сұранып...

– Елің үшін соғысып қолыңды құрбан еткен екенсің, енді өсіп келе жатқан ұл-қызың үшін нәпсінді құрбан ет! Тиыл жаман әдеттен.

Осыны айтып, оқытушы Мәлика атын шоқытып жөней берді. Мал төлдетіп жатқан қораға жақын келді де, Қасқырбайдың атының жүгенін басына түріп кері қарай айдап салды.

Бір жеті сақманда болып үйіне қайтса, ел қайдан естігені белгісіз Мәликаның Қасқырбайды қалай жөнге салғанын жыр етіп жатыр. «Қарғын суды қайратты ер тоқтатар, Қыңыр істі ақылды сөз тоқтатар.» Басекең де содан кейін айқайын азайттып, жүрісін тиған секілді. Сөз өтпесе мұздай су өткен шығар...

Тек күйеуінің кольцонын киіп, жанталаса қимылдап, терлеп, қозы құшақтап ұйықтаған түннен кейін Мәлика бала көтерді. Табиғат не бір тылсымға тола ғой...

Оның Қасқырбайдан емес екеніне туған енесі де сенбеді. Сенім кеткен жерде күдік бас көтереді. Оған керіс ілесе жүреді.

Сұлтаннан сол күзде кеткеннен екі-ақ хат келді. Бірінде «түсімде ұлымды мойыныма мінгізіп алып жүр екенмін. Ол қолын күнге созып күледі. Баламның атын



Ахмет қойындар» депті. Екіншісінде «Берлиннің так түбіне келдік. Фашизмді өз ордасына қуып тықтық! Қала от пен оқтың ортасында» делінген. Содан кейін тым-тырыс. Не хат жоқ, не қара қағаз жоқ. Ажар келінімен алысып жүріп, баласынан көз жазып қалам деп үш ұйықтаса ойламады ғой. Түк те ойламапты.

Мәлика жылайды. Құдай куә, етегімді жел көтермесе, еркек көтерген жоқ деп. Құдайдың өзі берді Иса пайғамбарым құсап деп...


– Оның кім тағы!?

Сондай бір аңыз бар орыстарда. Христиан дінінде. Жер бетіндегі адамдар азғындап, әлеумет қиналғанда Мария анаға көктен періште келіп аян берген дейді. Қыз Марияның бүйірінен елес болып кірген Иса пайғамбар өмірге келіпті. Оны орыс тілінде өздері Исус дейді. Елді ауруынан алақанымен сипап, емдеп жазыпты. Халықты үгіттеп түзу жолға салыпты.

– Тұтақ! Енді сенен әулиелік күтуім ғана қалған екен!

Сөйте жүріп өмірге ұл келді. Атын Исахмет қойды. Бала былдырлап тілі шыққан соң әжесінің қасынан шықпайтын болды. Ажар біресе немересінен Сұлтанның сәби кезін жазбай танып бауырына қысса, бірде қарадай зекіп «шешене кет» деп отырады. Ене мен келін арасындағы жаулық Мәлика өлгенше тиылмады. Бірде бәсеңсіп, бірде қайта жалындай өршіп, сөзбен шарпысып көп бықсыды. Қу соғыс-ай. Еркек орынына жанталаса жұмыс істеген қайран арулар-ай. Мәлика қарағай құлатып жүргенде үстіне ағаш құлап, жаншылып өлді.

Ажар кемпір шынашақтай Исахметпен жалғыз қалғанда ғана келінін шын жоқтады. «Ажардың келініндей келін жоқ» деген елдің сөзін сонда ғана мойындады. Мәликаның жарына ғана емес, енесіне, от



басына, қазақтың салт-дәстүріне адал келін болғанын сонда ғана білді. Қара чемоданды ақтарғанда майданнан жазған Сұлтанының белін көк лентамен буған бір бума хаты мен Мәликаның бір парақ хатын тауып алды.

«Көке, – депті Мәлика: әниім менің, енді бұл хатты әскери комиссариаттан адрестеріңізді анықтап алған соң жіберермін. Алдыңғы жазған хаттарым Сіздерге жетпей, өзіме қайтып келді.

Көке, өзің айта беруші едің ғой, қазақ жеті атаға жеткенше қыз алыспайды деп. Мен қазақтың қызымын. Сондықтан әниім айтқан ағатайдың ұлына шығуым жарамас деп, бір түнде өзіңіздің шәкіртіңіз Сұлтанбекпен қол ұстасып, соның еліне келдім. Бізді кешіріңіздер. Ілешала хабарласуға арада соғыс киіп кетті. Сұлтанбектің анасы өте тамаша жан. Көке, жиенің Исахмет алғыр болып өсіп келеді. Біздің ауылда төрт-ақ кластық мектеп. Әлден-ақ менің бар білгенімді менгеріп алды. Өскенде акедемик боламын дейді. Ауызыңа май деп қоямыз. Енді бір жылдан кейін мұндағы оқуы түгесіледі. Өзіңізге жіберем ғой деймін.»

Хаттарды немересіне оқытып ағыл-тегіл жылаған Ажар Мәликаның неге «ә-ә-же» деп тұттығатынын енді түсінгендей болды. Байғұс бала «әни» дей жаздап сөзін түзетеді екен ғой. Әни дегені ана дегені. Мен қатыгезді анашым деп жүріпті-ау, жарығым! Ажар біраздан соң белін бекем буып, көршілерін шақырды.

– Ала сиырға сен ие бол, Қамар. Құрт-майын жіберіп тұрсаң жұда риза боламын.

– Ұсақ малды сен қораңа кіргіз, Гүлсім.

– Осы үйге сенің үйіндегі келін қызыға беретін, үйге сен кір, қайным. Мен мына немереммен орталықтағы интернатқа барамын. Оқытамын. Сол интернатындағы қарайған баланың кір-қоңын жуатын да бір кемпір керек



шығар. Күнімді көрермін. Мәлика мен Сұлтанымның көзі, осы құлынымның ержеткенін көрсем арманым жоқ. Ауыл сендерге аманат.


Исахмет көк лентамен бұған хаттарды «мынау – әкем», бір парақ қағазды кеудесіне басып «мынау – шешем» деп отырушы еді. Академик болмағанмен ілкімді журналист атанды. Соғыстың балалары өздерін өздері тәрбиелеп өсуші еді-ау...

2. Ақбала

Ақбала ат арбамен келе жатқан көрші ауылдың басқармасы, әкесінің досын танып, алдынан жүгіре шығып амандасты. Дертедегі атты босатып, шылбырын қолына ұстатқанда: «тұсап жіберейін бе, өрелеп жіберейін бе» деп сұрады. Ол жас қыздың бұл кісі ұзақ отыра ма, әлде тез қайта ма деген сұрағы болатын. Басқарма аз-кем үнсіз қалды да, «өрелей ғой, айналайын, – деді. Ақбала атты жайғасымен самаурынға жармасты. Осы кезде таңғы сауымнан шешесі де оралды. Қыз анасымен жаркылдай амандасқан басқарма етігінің қонышын қамшысының сабымен қаққылай түсіп үйге беттеді.

Шәй құйып отырып Ақбаланың ұққаны – өзін айттыра келіпті.

– Сен жақсы істедің, құрдас. Балаларды әскерге кетпей тұрып үйлендіргенің онды болды. Міне, немере сүйіп отырсың. Сол ақыл менің басыма келмепті. Әлгі Жәдігерім ауданға барғыштап кетіп еді. Военкоматқа арыз беріпті. Жасын өсіріп көрсетіпті. Әлі жас қой деп жүрсем... – Төмен қарап көз жасын көрсетпеуге тырысып, қожырап кеткен дауысын жинап, қатқыл үнмен сөзін жалғады. – Шақыру қағаз келіп тұр. Құрдас,



баяғының Қарабайы мен Сарыбайы құсап, аңға шыққан әне бір жылы «біреумізде ұл, екіншімізде қыз болса, достығымыз балаларымызда жалғассын. Құдай қосқан құда болайық десіп ек қой. Есінде ме?

– Е, бұлар Қозы Көрпеш-Баяндай... – Әкесі күлді.

– Құрдас! Менің төрт ұлым майдан даласында қалды. Мынау кенжемнің істеп отырғаны... Ағаларымның кегін өзім аламын деп...

Жәдігерді біледі Ақбала. Өзінен бір жастай үлкен-ау сол. Әлі екі жылдай уақыты бар емес пе?

– Мен де төрт ұлымның қабірін көрмей, – деп, зарлы дауыспен жоқтауын бастай беріп еді шешесі:

– Тәйт, жақсы тілектің үстінде дауыс салмас болар! – деп, әкесі тиып тастады. Еркін жылай алмай булыққан анасы: «япырай, жасауын беріп, кәдімгідей ұзатып... – деп күңкілдеді.

– Құрдас-ау, бала соғыстан аман-есен келген соң бәрі де бола жатар. Қазір уақыт тығыз. Таңертеңгі эшалонға үлгеруі керек.

Көзі жаудыраған Ақбала кімге жаны көбірек ашығанын өзі де түсініп жарытпады. Ұрпақсыз қалам-ау деп жанұшырған басқармаға ма, тойсыз қыз бергеніне қиналған анасына ма, бұлаңдап қалыңдық бола алмаған өзіне ме, келу-келмеуі неғайбыл сапарға құлшынып отырған бозбалаға ма?

– Келін мен Ақбілек қызым егістікте еді деп күбірлей жүріп анасы бір түйіншекпен өзін арбаға мінгізіп, жаулығының үшімен көзін басып қала бергені-ай...

Бір қойды сойып, айналасын шақырып той жасаған басқарма ел-жұртын тез таратып, ауылдың майданға жүретін жігіттеріне таңғы бестен қалмай осында жиналуды ескертті.



Ақбала бір уыс болып төсекте жылып жатыр. Белгісіздіктен. Үрейден. Қорқыныштан.

Жәдігер жылағын қыздың шашынан сипап жұбатуға кірісті.

«Тиіспеймін. Тек жыламашы. Әкем ғой. Ошағымның оты өшпесін деп жүрген. Осыдан майданға жетейін. Бәлем, ағаларымды өлтірген фашистен кегімді алайын!»

«Менің ағаларымның да кегін ал!» – деді Ақбала жігерленіп: «сен келгенше ошағыңның отын өшірмеймін. Жүз жыл күт десең де күтемін!»

Маңдайынан сүйіп жұбатқан Жәдігерге тығылып жатып уанып, алаңсыз ұйықтап кетіпті.

Көзін ашса, таң аймандай атыпты. Енесі үйге кіріп келеді екен. Апыл-ғұпыл ұшып тұрды. Жәдігер жоқ. Төсегі суып қалыпты. Жанындағы күйеуі кетіп қалғанын байқамағанына өлердей ұялды. Мезгіл күзге ойысқан кез еді. Тұра самаурынды тұтатты. Ошақтың отын өшірме...

Кеше атасының арбасына мінгенде бейне бір қонаққа келе жатқандай сезімде болатын. Енді тағдырға бой ұсынып, Жәдігерге берген уәдесін берік ұстап ошақтың отын өшірмеуі тиіс.

Күн артынан күн, ай артынан ай ауды. Кезі келгенде кетпен шапты, орайы келгенде орақ орды. Бір күні атасы «біздің күш-қуатымыз барда оқып ал. Қазіргі заман оқығандікі» деп, қаладан кітапханашының оқуын бітіртіп, қолына қатты қағаз әперді. Сол жылы басқарма атасы бір арба кітап тиеп әкеліп, мектептің бір бөлмесін босаттырып кітапхана істетіп берді. Ауылда екі аяғы тізеліктен жоқ ұста бар еді. Соны алдырып ағаштан сөре жасаттырды. Селсоветтен жалақы алатын етіп жұмысқа кіргізді.

Сөйткен атасы соғыс біткен соң үш жылдан кейін қайтыс болды. Жастығының астынан баяғыда



Жәдігерден келген қара қағазды сонда тауып алып, енесі екі өлімді бірге жоқтады. Жарықтық, сонша салмақты үнсіз ғана көтеріп, ешкімге сыр ашпай, іштей ғана бес ұлын бірге алған сұм соғысты лағынаттап өткен екен-ау. Ақбала да жылады. «Жүз жыл күтем» деп нем бар еді, жүз күн күтем десем ғой, Жәдігерім тез оралар ма еді деген арман көкірегін тырналайды. Енесі жас баладай жаудырап тілсіз қарағаны болмаса Ақбалаға түк айтпайды. Атасы өлген жылы өз шешесі келіп ертіп әкетпекші болды. «Апамды тастап ешқайда кетпеймін» деп табандап отырып алды. Өмір солай өте берді. Енесі қайтқан жылы апайы Ақбілек бес жасар қызын әкеп бауырына салды. Балаға онша мейірімі болмады ма, әлде титтей қыз ұяластарын сағынып аңсай ма, қашып үйге тұрмаған соң өз қолымен апарып берді. Иен үйде жападан жалғыз қалған Ақбала Жәдігердің ошағының оты өзімен бірге өшерін ойлағанда жаны ыдырынды.

Ойлап тапқаны: екі аяғы тізеден жоқ, мінезі ауыр ұстаға шелегін жаматуға апарды. Қинала, қысыла отырып ойын жеткізді.

Жігіт ағасы мұның қыз екенін көргенде көзінен жасы ыршып, «қарғам-ай, қарғам-ай» дегеннен басқа ештеңе айта алмады. Арада ай өткенде шелегіне айыр тығыш алып жаматуға және барды.

Түсін де сол ұстаға жорытты.

Күйеуінің фотосын алдына қойып алып арман-тілегін еңіреп отырып шаққан түні түсінде Жәдігері қолына камшы ұстатып кетіпті. Өзі ұлға жорып жүрегі жарыла қуанды.

Арада сегіз ай өткенде ұстаның үлкен қызын сұрап үйіне барды.



– Жеңеше, Раушанды маған көмекшілікке кітапханаға жіберіңізші. Мен қалаға барып дәрігерге қаралайын деп едім. Сол жақтан жетімханаға соқсам деген ойым да бар. Келген соң Раушанға өз айлығымды беремін, – деді.

Ұстаның әйелі сөзге келген жоқ.

Ұста бұл кезде балаларының бәрін кітап оқуға насихаттап, оның карадомалақтары кітапханадан шықпайтын болып алған. Тұмса болғандықтан ба, Ақбаланың іші көзге түсе бермейтін. Әрі «белім ауырып жүр» деп, белін қабаттап шәлімен орап тастайтын. Қалада, Ақбілек апайынікінде босанып, қол-аяғын бауырына алған соң ұлын құшақтап ауылға оралды. Жәдігердің баяғы фотосын үлкейтіп, әйнектеп жарға қадады. Үстіне ұзын сүлгіні кестелеп сәндеп қойды. Қасындағы шегеге ұста берген сегіз өрім қамшыны ілді. Тілекші ғой.

Құданың құдіреті-ай, ұлы Жәдігердің құдды өзі дерсің. Шашы да, көзі де. Қамшыгер аумаған әкесі.

Әкем соғысқа кеткенде мен іште қалыппын деп отырады, құлыным сол! Әкеңнің атын өшірме құлыным!

Бір қызығы, ұстаның ұлдарына не түрі, не мінезі ұқсамайтын кіп-кішкентай Қамшыгерді бес ұл, үш қыз түгер қамқорлайтын. Ақбала тәтесі қаладан сатып әкелген «бөпені» бәрі жақсы көріп, қолына түскен тәттісін соған бөліп беруге ұмтылатын. Ал екі әйел апалы-сіңлілі жандардай өте тату болды. Бәлкім сырды білді. Бәлкім білмеді. Ол арасы бізге қараңғы. Әйтеуір болашақ ғалым Қамшыгер Жәдігерұлы алаңсыз мейірімге шомылып өсіп жатты. «Мен әкем соғысқа кеткенде іште қалған бала екенмін...»



3. Қамажай

Соғыстан бұрын Кәмшат туды. Соғыс болатын жылы Шәмшат өмірге келді. Жас келіншек күйеуіне назданды. Шөп үстінен маяны бастырықпен басып жатқан күйеуі қылжақтайды:

– Ендігі жылы Гүлшатты, сосын Нұрзатты...

Қамажай жұлып алғандай:

– Неге тек қыз?! Ұл туам!!!

Мәз болған жігіт келіншегін шөпке жығып салып; «онда ма, онда Қанат, Қайрат, Талғат» деп шұбырта жөнелді.

Екеуі өз қиялдарына семіріп, мәз-майрам болып үйге оралды.

Ауданнан өкіл келіп, жиналыс ашып жатыр екен.

– Біздің елімізге жау шапты. Батыстағы шекарамызды бұзып, Гитлер деген қанқұйлы халықтың қанын судай сапырып келеді.

– Кімге тиіскенін білмей жүр екен ол зэнталақ! Бұтын бұт, қолын қол ғып тастайын. Жіберші мені! – деп, Қамажайдың күйеуі шықты жұлқынып. Нәшәндіктің ендігі сөзі тыңдалмай, жаужүрек жастар жарыса ұрандап, көзіне көрінсе жауды қазір-ақ тапап тастардай дүрлікті.

– Пай-пай, батырлардың ұрпақтары-ай! – деп шалдар қауқылдасты. Он тоғыз бен отыз бірдің арасындағы азаматтарды тізімдеп өкіл кетті. Сол күзде-ақ ауылдағы жігіт біткен сыпырылып майданға аттанды да, ауыр қол жұмыстарға сәмбі талдай майысқан қыз-келіншектер жегілді. Таңғың атысы, күннің батысы далада. Кешке, қас қарая сүрлігіп үйіне жетіп құлайды. Енелері барлары алдында қайнап тұрған қара құманға міне түседі. Үйінде адамы жоғы бір құшақ қу томарын сүйрей келеді. Тамағын пісіріп, кірін жуғанша таң да қылаң береді. Бір бүгін емес, күнде сол. Қайдағы, а-а-ааа, қайдағы Қанат,



қайдағы Қайрат, қайдағы Талғат?! Белін босатып, еркін көсіліп жатуға да уақыт жоқ. Бәрі де майдан үшін деп жанталасқан өмір. Азаматтың амандығын сыртынан тілеп сарыла күту. Күту...

Бір ауылдан бірге кеткен соң бәрі бір майданда жүргендей сезіледі. Бір қатынға хат келсе бәрі жабыла оқып мәз болысады. Бара-бара хат жағы сиреп, кара қағаз деген пәлесі көбейді. Кенжесін күте-күте енесі бақиға аттанды. Жылдар жылжи берді.

Қамажай Кәмшаты мен Шәмшатына бір күнде екі қиырдан уәделескендей құдалар келгенде шын састы. Қамықты. Атасы қыз баланың жолын байлама деп тоқтам айтпағанда қыздарын кимай біраз қоңқылдар еді. Енді міне, атасы екеуі иен үйдің екі бұрышында шошайып отырыстары.

Қамажай тамағын кенеп сөз бастады.


– Ата, енді екеуміз екі бұрышта состыып қала береміз бе?

Кенжеболаттың әкесі келініне тесіле қарады. Пысық-ақ келіні. Осы бөлімшенің бригадирі. Мұнсыз осы ауылда ештеңе бітпейді. Тасқайнат.

– Екеуара бір бір бала тауып алмасақ осы шаңырақтың түтіні шықпай қалады-ау...

Қарт тіксініп жотасы дүр етті. Не дегелі келеді мына зәндемi? Ашуы алқымына тығылып, көзі от шаша қамшысын қарманды. Қамажай атасының зәрлі көзқарасынан айбынып көзін төмен түсірді. Бірақ сөзінен жаңылған жоқ. Дастарханның шетін жымыра сипап отырып:

– Ата, осы ауылға пайда болған диуана қыз бар еді ғой. Кеше сіз жоқта үйге әкеліп, шылапшынға



шомылдырдым. Әйелдік мүшесі түгел жетілген сияқты, соны некелеп... Молда атамды өзім шақырамын... тек ұл туып берсе болды, өзім бағып жеткізер едім.

Қарт жаңағы ашуы денесінен бу боп ұшып кеткендей, кенет әлсіреп, ормыртқасы бүгіліп, әлі құрып шөкелей отыра кетті.

Атасы қызыл шырайлы, колхоздың жұмысынан қолы сәл босаса аңшылық құрады. Көбінше далада. Екі иығына екі жігіт мінгендей денелі. Қайратты. Иә, келін енесін ұзақ күтті. Шүйкедей кемпір төсек тартып жатып қалғанда бір өзі шомылдырып, жуындырып, баладай қолына көтеріп бақты. Күйеуі қасында болса екі қызбен тоқталып қалар ма еді? Қу соғыс-ай! Көз алдынан зулап өткен өмір елесіне үңіле отырып қарт өзінен жауап күткен келініне тіктеп қарамай:

– Құдай солай қиыстырып тұрса, не шара, – деді күбірге жақын үнмен.

Келін тас аяғын шапшаң жинастырып шыға жөнелді.

Ертеңіне, кештіғұрым үйге кірсе, шәлісінің шашағымен ойнап отырған диуана қызды көрді. Келіні молда шалға:

– Егіз лақты ешкім бар. Күзде семіз тушаны некеқиярыңыздың ақысы деп өз қолыммен қораңызға апарып байлап беремін, –деп жатыр екен.

Молда біраз қиқандаған сияқты. Амалсыз келіскен сыңай байқатып құтпа оқыды. Неке суын ішкізіп болсымен келіні екеуі сып беріп жоғалды.

Келіннің сонсоңғы жұмысы диуананы бағу болды. Қасынан шығармайды. Жоғалып кетсе тауып әкеледі.

Оны босандырып алуға бүкіл ауыл жабылды десе артық болмас. «Міне, бөпең» деп ұсынған екен, жанын қинап, тәнін ауыртқан осы пәле ме дегендей диуана саусақтарын тарбитып балаға бас салыпты.



Сәбиді қолынан жұлып алған Қамажай көйлегінің ашық омырауынан ішіне салып алып, қызды қағып жіберді. Ол шыңғырып далаға қашты.

– Әй, шуыңды шұбатып қайда барасың! – деп, табалдырықта қуып жетіп құлатып, басып отырып баланың жолдасы түскенше алысты. Әбілет көргендей аңтарылған қатындар Қамажайдың «шу» дегеніне біраз шуылдап күлісіп, бір бой жазып қалысты. Таппайтын сөзің жоқ дейді де күледі.

Әлгі шарана сөйтіп әуре болып жүргенде Қамажайдың кеудесіне жабысып алып төсін еміп жатыр дейді. Япырай, қу тіршілік-ай! Ал Қамажайдың мына кылыққа мейірімі оянды ма, сол күйі төсінен сүт шығып кетіпті. Табиғат ана да адамдарды аяғаны шығар.

Елде жоқ әдет тауып, ешкі асырап, ешкі сүті ананың сүтіндей жұғымды болады екен деп жүргенде, теріден емізік жасап жүргенде мынау бір көктен келген сыйлық болды.

Келесі күні «міне балаңыз» деп атасына ұсынғанда ол балаға назар салмастан үстінен асыра қарап тұрып айтқаны:

– Қарағым, Қамажай, сен бұны Кенжеболаттың атағына жаздыр. Атын Қаражал деп қой.

Баланың арқасы түгел жүн, желкесі күжірейіп тұрды. Сап-сары диуана қыздан емге бір белгісі тартпапты.

Қамажай өз сүтіне қамыр илеп, кеш болса болды баланы тізесіне көлденең салып алып, арқасына домалатады да отырады. Домалатады да отырады. Баланың арқасындағы қыл түгел тазарғанымен ол он сегізге келгенде желкесіне шудаланып шаш шықты. Диуана болса жоғалып кетіп, екі-үш жылда қайта оралып жүрді. Келген сайын жуындырып, тамағын тойғызып



жіберетін. Ақыры ауырып, Қамажайдың қолында қайтты. Жаназасын шығартып, ата-енесінің қасына жерледі. Қаражал болса ержетіп, әкесі Кенжеболаттың атын шығарды. Шығарғаны емей не, Кенжеболат Ұлы Отан соғысының батыры болса, Қаражал кешегі Ауған соғысында батальон басқарды деседі.





Әкесі соғысқа кеткенде Хадиша он төртке аяқ басқан еді. Әкесінің жолға жиналғанын көрген кішкене қыз «көке, маған ана басқарманың қызынікіндей қуыршақ әкеліп берші» деді. Көкесі болса жақында ғана бауырынан бір шығармайтын әжесі қайтыс болып, енді басы бүтін өздерінікі болған қызының шашынан сипап еркелетті. Өксік бұған денесін тежеп, қызын аялай бауырына басты. Хадиша әкесінің үндей қоймағаныннан сезіктеніп, өтінішін тағы қайталады. Енді жыламсырай, бұртандай, еркелей қайталады. «Әжем мен атам болса...» дегенді де қосып қойды. Шешесі келіп бажылдап кетпегенде жылауға көшер ме еді. «Зіңгіттей қызсың, саған қуыршақ неге керек!» дей ме-ау, «әкең қыдырып бата жатқан жоқ!» дей ме-ау. Осы шешесі қызық, бірдеңе болса дауысы тарғылданып шыға келеді. Шіркін, атам мен әжем болса ғой сен жаман қатынның ауызынды аштырмас еді, бәлем!

Иә, Хадишаның бойы шешесіне жетіп қалыпты. Әжесі ылғи айранмен жуып, өзі тарап отыратын шашы екі бұрым, тоқпақтай жуан болып өрілігеннің өзінде жіңішке сирағына жетіп тұр. Танадай көзі шықтана жаудырап әкесінен көз алмайды.

Әкесі майданға аттанып кеткен соң Хадишадан еркелік әдіре қалды. Үйдің үлкені өзі. Өзінен кейін алты бала. Бірінен бірі кіші. Әрі басқарма «қызыңды қасыңа ал. Жұмыс күші жетіспейді. Жоқ адамды қайдан табамын. Одан да сол қызыңа бір кісінің еңбеккүнін жазайын. Сүйт, айналайын» деген соң шешесі Хадишаны өз қасына ілестіріп, таң қараңғысымен жолға шықты. Дәу-дәу астық қанарлары тиелген арбаға мінгестірген.

Тобан аяқ өгізі түскір санап басып жолды өндірер емес. Бәрінің ең соңында қалды. Тіпті астық тартқан керуеннің алды астықтарын өткізіп, кейін қайтып келеді. Күн



райы да бұзыла бастады. Көптен майланбаған арбаның күншегі түскір даланы басына көтере ойбайлаудан бір танар емес. Жындысайға жақындағанды тіптен тұяғын жылжытпай қойды. «Қолымның қаруы жоғын сезесің ғой, арам қатқыр!» – деп қарғанған әйел дауысы үдей берді. Байын алып кеткен алыстағы Керманның да, дұрыс өгіз бермеген басқарманың да ауыздары дымданды. Хадиша біресе арбаның ар жағына, біресе бер жағына шығып, не істерін білмей дал. Дәл судың үстіне келгендерінде шырт еткен дыбыс шығып, бір дәу қанар суға қарай сырғи берді. Қап суға құламауы үшін Хадиша жан дәрмен арқасын тосты. Астық су болса өткізе алмайды. Онда бастықтар апасына ұрсады. Апасы тағы жылайды, құдайын қарғайды. Ең жаманы бастық еңбеккүн жазбай қояды.

Әйтеуір, өзен суы астыққа жетпейді екен. Суси жылжыған қанар қыздың үстіне құлады. Қашан кездейсоқ жолаушы келіп көмектескенше Хадиша қанардың астында жатты. Апасы ойбайлап жүріп қызын көтерді. Суда көп жатып қалғандікі ме, қыз талмаусып, көпке дейін өзіне өзі келе алмады. Тобықтан сәл асытын судың өзі сонша әбігерге салар деп кім болжаған. Әлде арқасына батқан арбаның жақтау ағашынан ба, әйтеуір, Хадиша көпке дейін ауырсынып әзер-әзер қозғалады.

Қайтар жолда жауынның астында қалғаны бар, түнімен ұйқы көрмегені бар, – үйге келе төсекке құлады. Келесі күні қызулағаны сондай түнімен сандырақтап шықты.

Апасы «сен хат жазбаған соң» деп ұрыса беретін. Хадиша бір күні мектепте басқарманың қызының дәптерін ұрлап алды. Қайтеді, хат жазатын бір парак қағазы да жоқ. Өз қылығының дұрыс емес екендігін



сезініп, қорқып келді де, ұрлық дәптерді төрдегі көрпенің астына жасырды. Оны да біреу көріп қоятындай, қайта айналып келіп текеметтің астына тықты. Оған да жүрегі тыншымай алашаның астына жасырды. Бекер қорықпаған екен. Дәп сол сәтте басқарма қызын ілестіріп жетіп келді. Хадиша аппақ қудай болып көзі бақырайып, күзгі кураған бұтақтағы эне-міне үзілгелі тұрған жалғыз тал жапырақтай қалтырады.

Жоқ, басқарма басқа шаруамен келіпті. Мына қызын осы Хадишаның апасымен бірге фермеге жібермекші екен. «Биылша оқу тоқтай тұратын сияқты. Бәрібір класта төрт-бес қана қыз қалды. Жетіншіні жаба тұруға тура келер. Соғыс біткен соң талаптысы оқуын жалғастырар. Қазірше шаруашылыққа көмектессін» дейді.

Ура, енді Хадиша көкесіне күнде хат жазса да болады. Он екі бет. Он екі хат! Сонша көп хат жазуға болады! Сосын көкесі жауап хат жазады. Сосын көкесінің хатын алып өзі оқиды. Апасы жаулығын бетіне басып жылап-күледі. Көрші қатындарды шақырып шәй береді.

Хадиша түнде, жұмыстан үйге келген соң ай жарығымен көкесіне хат жазды. Сия карандашты бір жалап алады да екі-үш әріп түсіреді. Әйтпесе, жай карнадаштың жазуы біраздан кейін көрінбей қалады. Көкесі мұның не жазғанын оқи алмаса, қалай жауап жазады. Мейлі, тілі қап-қара бола берсін, мейлі, жүрегі айныса айни берсін. Жалап жазбаса көкесі әріптерді көрмей қалады. Ал мына сия карандашпен жазған жазуы хат көкесін майданнан іздеп тапқанша өшпейді. Қағазды үш бұрыштап бүктеп, қалтасына салып алды. Ертең пошты атасын көргенде береді.

Ата да қызық. Хадишаны көріп тұрып, қайырылмай әрі кетіп барады. Қыз болса өткендегі ауырып тұрғанынан бері кібіртктеп, баяғы аяғы-аяғына жұқпай жүгіретін



күйін жоғалтқан. Сонда да артынан қалмай жүріп жазған хатын пошты атаның қолына тапсырды. Және оған қалай да көкесіне хат жазсын деп айтуын өтінеді. Көкесінен хат келсе ғой! Көкесінен хат келген күні апасы ешкімге ұрыспайды. Қарғамайды. Жыламайды. Күліп, бәрінің кекілінен сипап, тіпті өзін де бауырына басып «қолғанатым-ау, тірекшім-ау» деп, айналып-толғанады. Мейлі, не әжесі, не атасы көріп тұрған жоқ. Сондықтан Хадиша да бұрынғыдай ана құшағынан жұлқынып тұра қашпайды. Қайта көкесі кеткелі анасының өзін сөйтіп бауырына басып отырғанын армандайды. Бірақ мұның ниетін түсініп жатқан кім бар. Шешесі өзін көрсе бітті, өйтпедің де бүйтпедің деп ұрсып ала жөнеледі.

Шіркін, өзіне ғайыптан керемет күш пайда болып, қолынан бәрі келетін болса ғой! Арман болған хатты оқып, жоқ, одан да көкесін ауылға әкелер еді. Сол сұм соғысты кім ойлап тапты екен! Шіркін!!! Соны ойлап тапқан «басты» апасына әкеліп берсе, апасы «езуін тіліп тұрып қазанға салып ырситып пісірсе»... ай, айызы бір қанар еді-ау!

Кеше де эзер қуып жетіп майданға жазған хатын пошты атаға ұсынды. Атасы қолы дірілдеп зорға алды. Хадиша шалға ептеп ренжіді. Өзі көкемнен хат әкелмегенімен тұрмай, көкеме жазған хатты да алғысы келмегені несі деп ренжіді. Тек, сәл-сәл ғана. Қатты өкпелесе тіпті жазған хатын көкесіне бермей қояр деп қорықты.

Хадиша көкесінен хатты көп күтті. Жоқ. Пошты атасы да көзін жерге салып, мұны байқамағансып өтіп кетуге тырысады. Хадишаның көкесіне жазған хатын эзер алады. Көкесін сағынған қыз жыларман болады.

Апасымен бірге сиыр да сауды. Пішен де орды. Шөп те тасыды. Көктемде, күзде тұралап құлағанда болмаса



апасынан қалыспауға тырысты. Сирағы шидей болып алып тырысқанда, угу, ешкімге есесін жіберген емес. Бір кісіге лайықты норманы артығымен орындайды. Бәрі де майдан үшін деген ұранды естісе тіпті жанып түседі. Тек көкесі тез келсе екен.

Сонғы параққа да хат жазылды. Оны хат таситын атаға беріп тұрғанда Кенжегүл (баскарманың қызы) көріп қойып, шу шығарды. «Бәсе, біліп едім дәптерімді сенің алғаныңды! Ұры!» деп айқай салды. «Бәсе, біресе қызыл лентанды ұсынып, біресе ертегі кітабын берем деп жүрдің де, үндемей кеттің. Біліп едім! Ұрысың сен!» Хадиша тұра кашқан. Кенжегүл ұзын бұрымынан тартып қалып құлатты. Оңбай түсті. Қайтып орнынан тұра алмады. Көшеде тұра алмай қалған қызды баскарма көтеріп үйіне апарды. Титтей қыздың омыртқа жотасының күдірейіп көтеріліп кеткенін байқады. Апасы тағы жер-дүниені түгел қарғап-сіледі. Осы апасының ащы дауысы-ай!

Ертеңінде баскарманың баласы бір биені жетектеп келді. «Қымызын баласына ішкізсін» депті әкесі. Апасы тағы шаптықты. Жігітшік бала ұяла тұрып бір қағаз ұсынды. «Осы қағазды ауданнан өкіл келіп тергесе, оқытып көрсетсін. Жоғалтпай өзінде сақтасын» – дейді көкем.

Қағаздың алдында дәрмені құрып тұратын қазақ емес пе, апасы айқайын кілт доғарып, оқы деп бұйырды. Мына тыныштыққа қуанған бозбала салдырлатып оқи жөнелді.

«Колхоздың бұл биесі уақытша сауылуға беріледі әскер семьясына, себебі оның баласы колхоз жұмысын жасап жүріп жарақат алып, құрт ауруына ұшырады.»

Айша сінлісі «құрт» дегенді ести салсымен жылап: «апа, мен де құрт жеймін!» – деп, өңіреп қоя берді.



Көп ұзамай сиыр сауып жатқанда Хадишаға жақын келіп бозбала сыбырлап: Мен көп кешікпей майданға кетемін. Сенің де көкеңнің кегін аламын! – деді.

Хадиша тана көзі жәудірей басын изеді. Менен көкеме сәлем айт деп құнттап тапсырды. Хат жазып беретін ақ парағы таусылған болатын. Сия карандашы да жоғалған.

Содан бері өмірі басқарманың баласы Арыстанды күтумен өтті. Ілбіп жүріп апасына көмектеседі. Сиыр саууға бара алмаған күндері жаңқа жинап самаурын қояды. Зілдей, шіркін. Бұдан сәл ертеректе жарқырата сүртіп, дікектей көтеріп, апасы келгенде буын бұрқыратып шәйін дайындап апасының алғысына бөленуші еді. Бірте-бірте самаурын көтеруге де хәлі келмей барады. Керсінше Айша сіңлісі бастап кішкентай іні-сіңлілері өзіне су әкеп беріп, көрпесін түзеп беріп жатады. Аяғы түскір салбыраған қу жаңқа. Еті қашып ұп-ұзын таяқ сияқтанып қалды. Көкесі де хат жазбайды. «Көке-ау, маған қуыршақ іздемей-ақ қой. Мен үлкен боп кеттім ғой. Қуыршақпен ойнамаймын. Тек өзің келші. Көке, тез келші. Көке!!!»

Сені көрмегелі бір мың төрт жүз он сегіз күн өтіпті, көке-ау. Сен кеткенде кіп-кішкентай қуыршақ ойнағысы келетін қыз едім. Сен тез келсін деп апамның айтқанының бәрін істедім. Апам да менің ынталанып істейтініме көзі жетті ғой деймін. Қазір бұрынғыдай ұрыспайды, қарғамайды. Қайта кейде менің басымды құшағына қысып алып көп-көп өлең айтады. Дауысы зарлы, көке, өзің білесің ғой. Бірақ, әжем айта беретін «төбе шашынды тік тұрғызар зәрлі сөздерді» қазір айтпайды. Көке, ақ көкем менің, тез келші. Сен келсең



мен алдыңнан жүгіріп шығар едім. Жүгіріп шығар едім де мойыныңа оралып сені қалай сағынғанымды айтар едім...

Жаралы жауынгер қара көлеңке үйге кіріп келгенде жер төсекте жатқан қыз тұруға ұмтылды. Тұра алмады. Аппақ қудай өңіне сәл қызғылт рең жүгірді. Арыстан сол қолын қойнына тығып, кішкене қуыршақ алды. Көзі көкпенбек екен. Шашы сап-сары екен. Хадиша жігіт неге оң қолымен бермеді екен деп таң қалды. Сыйлықты тек оң қолмен беру керек дейтін әжесі марқұм. Неге? Келесі сәтте жігіттің оң қолының жеңі белбеуіне қыстырулы тұрғанын көрді. «Мен қуыршақ ойнамаймын ғой» деп сыбырлады. Қатты сөйлесе арқа сүйегі шаншып қоя беретін-ді. Аурудан әлсіреген аппақ саусақтарымен қуыршақты аялай ұстады, «бәрібір, рахмет саған».

Бір бұрым қылып өрген шашы төсектің үстінде шыбыртқыдай салбырайды. Осы бұрымды әжесі мүйіз таракпен күнде тарайтын. Шашының түбіне жылына екі рет қына жағатын. Майсана майымен майлайтын. Айранмен жуатын. Өріп болған соң, бұрымының дәл түбінен жұдырығымен ұрып-ұрып, «күнде тұтам, айда қарыс өс, өс» деп, тартып-тартып қоятыны және бар. Онда Хадиша әжесі тезірек шұбатылған шашын өріп болса екен деп тықыршып, ойнауға асығып тұратын. Қазір сол жұп-жуан, жас баланың білегіндей топ-толық бұрымнан ештеңе қалмаған. Жіп-жіңішке. Және біраз қысқарған сияқты ма? Тоқпақтай бұрым еді-ау... Кәрі кісінің ғана шашы жұқарып түсе ме десе, жастың да бұрымы осылайша жұқарады екен-ау? Ақ қағаздай қан-сөлсіз қуқыл жүзіне тура қарауға шыдамаған жауынгер жігіт хәл үстіндегі қыздан бетін ала қашты.



– Көкемі көрдің бе, менің сәлемімді айттың ба?

– Мен Берлинге жете алмадым. Барлық жауынгерлер сол Берлинде жиналады ғой. Сонда барған болсам көрер едім! – деді сеніммен. – Енді жеңіс жақын қалды. Көп ұзамай көкеңнің өзі де келіп қалар.

Хадишаның көзі жылт етіп риясыз қуанғаны білінді. Ой, Алла-ау, беттің бәрі тек көзден ғана тұратындай көрініп кеткені несі? Не деген үлкен көз еді?





Жұрт жеңіс, жеңіс деп ұрандап жатқанда пошташы қарт үзілді. Өлерінен біраз бұрын сандығынан шүберекке оралған бір бума хатты шығарып, оны Хадишаға тапсыруын өтінді. Кілең ғана үш бұрышты хаттар. Тек біреуі ғана әкесінің қазасын хабарлаған төрт бұрышты хат. «Байғұс бала әкесіне хат жазып берген сайын жігерім құм болатын. «Әкесінің қаза тапқанын кейін естіртейік. анасы жалғызілікті. Шиеттей баласы бар. Шөгіп кетеді ғой. Кейінерек, кейінерек» деп жүріп, қара қағазды бергізбеген басқарманың өзі өліп қалды. Бұл қазаның сырын білетін тек мен ғана болып қалдым. Қайтейін? Менің мойыныма борыш болмасын. Ол дүниеде жетімдердің көз жасы, наласы тыныш жатқызбас. Күнә арқалап кетпейін» депті.

Бірақ өз хаттарын Хадиша да көре алмады. Жеңіс-жеңіс деп шулаған елдің шат-шадыман кезінде ол да жан-тәнімен қуанған болатын. Кішкене көкірегіндегі шыбын жаны сол салтанатты үнмен қосыла кішкене көк құс тәрізді шырқау көкке ұшып шықты.

Сол көктемде Хадиша он сегізге толып еді.

14 және 18. Қыршын кетті.

1418. Мың төрт жүз он сегіз күнге созылған қырғын да аяқталды.



Қоянның наны

2015 жыл есік қағып тұр. Ел бірін бірі құттықтауда. Телефон тағы шыр етті.

Інімнің дауысын естігенімде жүрегім қатты керілген домбыраның шегіндей дірілдеп қоя берді. Құлағыма ағатайымның өз үні келгендей көңілім елжіреп сала берді.

Сағындым ғой өзіңді, еркелеткен сөзіңді, Ағатайым-ау! Бұл соғып тұрған менің аяулы Сапаш ағамның Астанадағы ұлы. Сапаш ағам! Әкемнің орнына әке болып еркелеткен Сапаш ағам.

Әкем қайтыс болғанда мен бар болғаны екі жаста екенмін. Ал Сапаш ағам он төртте ғана болыпты. Майдан даласынан, Сталинград, Кибиковадан контузия алып, қырық үшінші жылы елге келген әкем, кейін құлағы ашылған соң да майданға қайта сұранып, елге жеңістен кейін оралыпты. Челябинскідегі танк шығаратын заводта істеді. Тіпті, сол қиын жылдарда анам артынан барып, әкемнің жылы киімдерін, тамақ апарғандығын әңгімелеп отыратын. Әкем елге келген соң да ашыққан елге көмекке бөлінген сиырларды Украинаға дейін кілең қатындардан жиналған бригадаға басшы болып мал айдап барған. Соғыс салған жарадан әкем марқұм жеңістің он екінші жылдығын тойлап жатқанда өзінің ақ төсегінде көз жұмыпты.

Ағатайым менің! Үйдің ендігі бас көтерер азаматы, анасы Бибади Рамазанқызының бірден бір арқа сүйері, қолғанаты бір өзі болып қалды. Сұм соғыс-ай! Артынан ерген жалбыр шаш қарындастарының қамқоры сол он төрт жасар ұлан болды!

Сапаш ағам! Бұғанасы қатпай тұрып қызметке кірісті. Үлгілі механизатор болды. Жұмысты жақсы істегенінің белгісі сол – ағамның өз атын атап темір



табличкаға аты-жөні жазылған, трактор шығаратын заводтан арнайы жіберілген тракторы болды. «Сапаш Шаяхметову, передовик комсомолцу» деген жазуы бар болатын. Мен сол әдемі жазуларды сипап көргенге құмар едім. Достарыма мақтанатынымын. Соғыс кезінде туып жетілген жас өспірімдердің тағдыры солай қалыптасты ғой дей тұрсақ та, менің Сапаш ағам не жұмыс істесе де бар жанымен істейтін. Елең-алаңда кетіп, жер жыртты, егін екті. Сөйте жүріп мына мені, титтей қарындасын, әке орнына әке болып еркелете жүруді еш ұмытпайтын. Сол ықыласын сезетін болуым керек, ағам жұмыстан түннің бір уағында, сағат таңғы үш-төртте келсе де мен ұйықтамай күтіп отырады екенмін. Мені алдына отырғызып титімдей қолдарыма дәу рульді ұстатып қояды екен. Мен болсам төбем көкке екі елі жетпей, сол алып машинаны бейне бір өзім жүргізіп келе жатқандай шаттанады екенмін.

Сол күндерде, ағатайым ылғи даладан жер жырттып келсе де жан қалтасында бір жапырақ маған арналған наны болады.

«Мұны саған ақ қоян беріп жіберді», – дейтін. Мен мәз-майрам болып алып жейтінмін. Сол ағам берген қатып қалған кішкентай нан сондай тәтті еді. Сөйтсем, оның соншалық тәтті болатын себебі ағатайымның маған деген махаббатынан екен ғой!

Алдыңғы жылы қыркүйек айында қолыма мектеп шәкірттерінің тапсырмасынан қомақты қаржы түсе қалды да, аяқ астынан жеңгем Раушанның інісіне, құдама бата оқуға жүріп кеттім.

Негізі, мен күйеуге шыққан соң елден жырақ үлкен қалаларда тұрып келеміз. Жолдасым Қалиақпар сәулет өнерінің маманы. Сондықтан Алматыдан Қостанайға жиі жол түсе бермейді. Туыстарымды сағынып жеттім. Дуылдасып отырған шәй дастарханының үстіне ағатайым



келді. Бұл кезде зейнет жасына жетіп, бірақ үйде құр отырғанша деп, бір спорт кешенінде түнгі күзетшілікті ермек етіп жүреді екен.

Аяқ астынан келген мені көріп таң-тамаша. Қуанғаннан көзіне жас алып жүр. Сосын пакетін столға қойып, термосын шығарды:

– Бәсе, еш уақытта апарған тамағым артылып қалмайтын. Мына бір кесек нан тамағымнан өтпей қойып еді. Сенің келетініңді жүрегім сезген ғой. Есінде ме, саған ылығы «қоян беріп жіберді» деп, өзімнің тамағымнан қалдырып бір сындырым нанды үйге қайта әкелетінім.

– Иә, ағатай! Дүниеден сол наннан артық дәмді ешқандай тамақ болмайтын мен үшін!

Ей, Алла-ай, бәрі қат заманда жанымды нұрландырған сол сәттердің сәулесі міне, осы кезге шейін жүрегімді жап-жарық ете шымырлатады. Сол соңғы рет ағатайымның «қоян беріп жіберген нанды» жегізгені екен. Екі ай өткен соң қайтпас сапарға аттанды. Сөйткен ағатайымның бетін топырақ жапқалы да жыл өтіпті. Енді тек сағынып еске алудан басқа қолдан не келеді. Соғыс кезінде туып, әкелерінің орнын басқан көкөрім жеткіншектердің рухы шат болғай, – деп, әңгімесін аяқтады Жұлдызай Шаяхметқызы



Сабина

Жаулап алушы ел отарланушы елдің ең алдымен тарихын жоюға тырысады. Түгел өртеп жібереді. Сонда оя ел тезірек жоғалып, жаулап алушының ортасына сіңіп кетеді. (тарих ғылымының докторы

Берекет Кәрібаевтің сөзінен.)

Сәбина он алтыға толып, төлқұжаты қолына тисімен қалаға оқуға кетті. Аулынан алыстағанша асықты.

Көзін ашкалы көргені — биік жақтаулы арба үстіндегі көш. Өзі баланың үшіншісі. Үлкендердің зекіп жұмсайтыны да бір өзі, кішілерін жуындырып, киіндіріп тамақтандыратын да бір өзі. Кейде апасы бөпені осы Сабина баксын деп туа беретіндей көрініп кетеді. Міне, биыл да анасы жас балалы. Бұл кетем дегелі қабағын қарс жауып, сөйлемей қойды. Мейлі, шамдары жарқыраған қалаға бір жетіп алсыншы. Сосын көре жатар. Бірер көйлегі мен жолға арнап пісірген күлшесін алды. Жұмыртқа пісіріп алды. Тауықтары бұның кететінін білгендей әншейінде жұмыртқасын қызғанып құрқылдап бітетін қылығын бүгін көрсетпеді. Тек апасы теріс қарап бүк түскен күйі бала емізген болып қозғалмады. Екі ағасы кетті ғой. Онда айналып-толғанып беттерінен қайта-қайта сүйіп еді ғой. Жылап та алған. Енді бұған «жолың болсын» да демеді. «Апа, мен кеттім, — деп, екі барды қасына. Бұрылмады да. Күйбендеп қашанғы жүрсін, үйден шықты да айдау жолдың шаңын бұрқыратып «қала, қайдасың» деп жүріп кетті. Жаяуға жол қашық.

Ұзақ жүрді. Шөлдеді. Екі түнеді. Қарыны ашты. Әкесі тігіп берген бәтеңкесін тозып калар деп дорбасына салып алған. Қалаға жақындағанда киеді ғой. Әкесі ендігі ауылға оралған шығар? Не деп жатыр екен? Әкесі өте



ісмер. Қолынан келмейтіні жоқ айтулы шебер. Колхозда бұзылған сеелканы жөндеуге де, таға соғуға да, қыл арқасы құдық қазуға да мұның әкесін жұмсайды. Әйтсе де, қиялы ауыл туралы емес, өзінің болашақ өмірінің әсем бейнесін елестетіп, жас қыз ентелей басады.

Қалада пәтер табу, оқуға кіру оңай болмай шықты. Мұның білімі жоғарғы оқу орынына лайық емес болып шықты. Енді не істейді? Азығы таусылған, ақшасы және жоқ. Жылауға намысы жібермейді. Сөйтіп меңірейіп жүргенде белін қайыс белбеумен бұған, басына тықыр жүнді бөрік киген бір қазақ:

— Қызым, ауылдан келіп пе едің? — деп сұрады.

— Иә, ауылым алыста. Қонатын жерім жоқ. Оқуға іліге алмадым, —деп, жөн-жайын бірден ақтарып айтып салды.

— Бүгінше біздікінде бол. Мына жақын жерде тұрамыз.

Бұл үнсіз ілесті.

Әйелі домалаңдаған, әр нәрсені тәптіштей беретін қызымырлау жан екен. Балалары көрінбеді. Сәбинаға ұйықтайсың деп көрсеткені — төбесі аласа, тастан сылап жасаған, үстінде ескі алаша, ескілеу құрақ көрпе төселген қуықтай бөлме. Бұған да шүкір. Әйтеуір далаға қонғаннан жақсы ғой. Кейін кішкене стол мен ағаштан құрастырған орындық пайда болды.

Ертеңінде бір кеңсеге ілестіріп барып, Сабинаның хат танитынын, жұмыс істегісі келетінін түсіндірді. Бастық асықпай денесін көзімен тінте қарап паспортын алды. Әлдебір қағаздарды толтыртты. Жазуына үңілді. Сұрақтар берді. Сосын «айлығың он үш сом, атқаратын жұмысың — архивті реттеу. Жаулық пиғылы бар сөздер кездескен қағазды тіркеп, бөлек қоясың. Совет Одағының жаулары іштен ірітіп, халықтың санасын



жаулық сөздермен улап жатыр. Соларды түгел жою керек! Ұлтшылдық күшейіп тұр. Сонау Москвадан бастап тазару науқаны жүруде. Біз де өз үнімізді қосып, халық жауларын аяусыз әшкерелеуіміз керек. Егер сен оқыған кітапта мынандай сөздер кездессе қызыл белгі соғып бөлек қой. Соларды аямай өртеу керек. Көзін құрту керек!» Бастабында сылбырлау қозғалып, жай сөйлеп бастағанымен сөзі аяқтала келе екпіндеп, дауысы шыңылтырланып, көзі қызара еліріп, қолын сермей жұлқынып эзер тоқтады. Бастық демін ентіге алып тоқтағанда шоқша сақалы шоштандап кетеді екен.

— Әй, Қызылбаев!—деді өзін ертіп келген қазаққа — бұл қыз сенің үйінде тұра берсін. Саған сол үшін жалование тағайындаймын.

Сабина қуаннып кетті. Тамаша. Айлығы бар. Үйі бар. Енді не керек? Дереву отыра қалып бастығы айтқан сөздерді шүқшия іздеуге кірісті.

Әуелі сөз қуалады. Сосын мәтінді оқи бастады. Қазақ ауылда өскендігінен болар, айыбы татар демесең сөзді түгел түсінеді. Ал мына өлең жанына тіпті жағып барады. Сыңғырлаған сұлу үнді дыбыстар, үйлесімді сөздер. Бейне бір мөлдір бұлақ аққандай. Бүлкілдеп сұлу жорға жүгіргендей. Биші қыз мың бұратылғандай. Жалпы қазақтың сөздері ыңғай ырғақты келісіммен үндесіп, үйлесіп, толқынданып, құбылып, құлпырып тұрады ғой. Сабина құныға оқып кеткен екен, бастығы кіріп келгенде сасқалақтап қалды. Бастық сұр жыландай көкшіл көзімен тесірейе қарағанда жаны мұрынының ұшына келді.

— Қызылбаев! — деп, зірк еткенде жүрегі суу еткен қыз құнысып қалды. Кімді әкелгенсің!? — бұған зілдене қарады: — саған бұл кітапхана емес! Архив! Сен архиваруссын! Керек сөзді ғана тап! Сен бір кітапты сонша оқып отырсаң жұмысты кім істейді? Әйтпесе жұмыстан қуып жіберемін!



Көзі жыпылықтап кітапты тез-тез ақтарды. Қолдары мен еріні дір-дір етті. Айғай шыққанда жүгіріп келген Қызылбаев есіктен еңтіге кірді. Өзі нарттай қып-қызыл болып кетіпті. Бастыққа басын изей береді. Ол біраз бұрқырап шығып кетсімен, етті, ып-ыстық алақанымен шашынан сипап, бұған басу айтты. Кешке үйге бірге қайтты.

Сабина күніне бес кітап оқып, керекті сөзін сызып жоюға тиісті кітапты тапқан күні бастығы мақтап қояды.

Өзі де мәз. Бір жолы жұдырықтай екі бас қант берді. Біреуін Қызылбаевтың келіншегіне беріп еді, ол да қуанып, ықылас пейілімен кешкі астың тәуірін бұған құйды. Ал біреуін өз дорбасына салып, барғанда бауырларына апарам деп сақтап қойды. Сағынып та кетті. Әсіресе, Мархаба сіңлісін қатты сағынды. Ол өзін ұйықтатарда ән салмаса жатпаушы еді, неғып жүр екен десеңші?

Осылайша ай ауып, күн зырлады. Көктем келгенде тағы оқу орынына түспекші болып, емтиханға дайындалды. Дайындалуын дайындалды-ау, бірақ...

Бастығы оқуға жібермейтінін айтқанда жігері құм болды. Себебі: «өз міндетін дұрыс атқарып жүр». Халық жауының сөзін әшкерелеуден артық қандай ардақты іс болушы еді? Оттапты! Мұндай рахат жұмысты он жыл оқып, он бір диплом алсаң да табу мүмкін бе?»

Жұмыс! Бастық жазып берген он шақты сөзді әр кітаптан іздеу де жұмыс болып па? Оның үстіне ана жолы жұмыстан өте кеш шыққанда өзі белгі соққан кітаптарын отқа өртеп жатқанын көріп таң қалды. Сонда Сабина белгі соқса болды, ол кітапты өртеп жібере беретін болғаны ма? Оның ішінде тамаша сөздер де бар еді ғой. Бұл астын сызған сөздерді басқасымен алмастыратын шығар, мен де кітаптың жақсаруына еңбек етіп жатырмын ғой деп жүрсе...



Сосын өзіне ұнаған кітапты ұрлап алуды ойлады. Бірақ қорықты. Біліп қойса оңдырмайтыны анық. Сонда да тәуекел етіп Мағжан деген біреудің жұп-жұқа кітабын Қызылбаевтың пенжагының кең қалтасына тығып қойды. Үйге келген соң алып, жастығының тысына тігіп тастады. Қызылбаев сезсе де сезбеген, аңғармаған болды. Бірақ мейірлене қарап басынан сипап қойды.

Қызық, өле-өлгенше сол кісінің, өзіне қамқорлық қолын созған кісінің, үйінде панлатқан кісінің, не жесе де бір дастарханнан бірге дәм-тұз татысқан сол бір жанның атын білмей өтіпті-ау. Әйелі де Қызылбаев деп саңқ ететін. Бастық болса болмаса фамилиясын ғана атайды. Өзі «ағатай» дейтін. Атыңыз кім деу қаперіне де келмепті. Баласы жоқ байғұстар Сабинаның бетінен өз перзентінің бейнесін іздеді ме екен? Сабина болса бауырларының шуынан мезі болғаны сондай, бұл үйде жас бала болса өзі қашып кетер ме еді, кім білсін?

Сабина бастығының өзін уысынан шығармасын ұққаннан кейін басқа жол іздеуді ойлады.

Алдында «Отан соғысына қыздарды да алады» дегенді естіген. Кешкі мектепте бірге оқитын құрбыларын ертіп, салып ұрып военкоматқа келді. Бойы сырықтай сымбатты қыз әскерге жіберіңіз деп арызын жазғанда, ондағылар бас шайқап «кейін келден» аспаған. Сол жерде өзі сияқты соғысқа сұранған екі қазақ қызын көрді. Үшеуі достасып алып, тағы арыз жазды. Сосын тағы жазды. Сосын... Сосын, әйтеуір, бір күні шақырту қағазы келді-ау. Келді.

Сол күні Қызылбаев өзіне:

— Қызым, тез жинал. Сенің аулың Доланалының үстімен өтетін машина таптым. Сен жолдан түсіп қаласың, машина әрі қарай кетеді. Екі сағаттан соң қайтуға дайын тұр. Әйтпесе, үлгермей қаласың. Қайтарда сол машинаға мініп үлгермесен, қалаға қайта жетуің қиын болар. Тез-тез.



Бұл дорбасын көтеріп сол сәтте-ақ дайын болды. Бөпелеріне жинаған қантын, қалам, дәптерлер сияқты бірдеңе салған болды. Алты сомнан жинаған ақшасының қолда барын шешесіне бермекші болып, ол ақшаны ішкі қалтасына салды. Күнде бөлмесіне кіріп мұның заттарын бір шола қарап, қызымырлана сөйлеп жүретін жеңешесі жарты дорба ұн берді. Туысқандарыңа ала бар деді. Сабина сәл таңырқағаны болмаса, қолын қайтармады. Қуанғанын сездірмеуге тырысты. Бетінен сүйіп алғысы келген. Бірақ, оны істемеді. Кейін тап солай істемегеніне талай рет өкінді де. Пенде қызық. Кейде жақсы көргенінді де батылық жетіп өзге түгел өзіңе мойындамайтын кезің болады.

«Әни, мен соғысқа кетіп барамын,» — десе де апасы шұрқ етпеді. Көңілі әбден қалған адамдай сырт айналып, бірдеңе істеген болып күйбеңдей берді. Әй, осы жолы шешем мейірленер-ақ деген. Далбаса! Тағы да бір өзі жол азығын қамдап, іні-сіңлілерін беттерінен бір-бір сүйіп, алыс сапарға бел буды. Әкесі тағы үйде жоқ екен. Майдандағы бір ағасынан «қара қағаз» келіпті. Көрші үйден тұз сұрауға кеткен әниі бұл ауладан шығып кеткенше оралмады. Әлде оралғысы келмеді? Сабина қашанғы тұрсын, жол қапшығын көтеріп күре жолға шықты.

Жол. Туған үйден енді біржола кетті. Соны жүрегі құрғыр сезеді. Астаулы машинаның бортында желге бетін төсеп армансыз жылады-ау бір...

Қайта Қызылбаевтың әйелі жақсы екен. Сабина военкоматқа беттегенде шетін кестелеген сүлгі берді. Сандығын қопарып жатып бір жұпар сабын тапты. Тіпті кетерінде маңдайынан иіскеді.



Мына Сабина соғыста бес жыл бойы сол сабынды пайдаланбады десе де болғандай, елін сағынғанда шығарып иіскейді де, қайтадан заттарының арасына тығып қояды. Қолына алған сайын елдің иісі мұрынына келгендей бір әсем сезімде болатын. Ал орамалды аман-есен алып келді.

Қазақстаннан барған солдат қыздар авиаполкте қызмет етті. Жауды бомбалайтын әскери ұшақтардың маторын тексеріп қарау, жөндеу және снаряд тиеу еді он екі қыздың жұмысы. Былайынша онша қиын түгі де жоқ. Басында солай көрінгенімен күндер өте келе толарсақтан саз кешіп ауыр-ауыр снарядты тиеу, жау ұшағы төбелерінен төнгенде алдаушы қорғаныш жасау, еркекпен бірдей қайрат көрсету, төніп келген жаудан сытылып шығу – осының бәрі әбжілдік пен тапқырлықты керек етеді. Дәл қасыңнан жарылған бомба. Несін айта берсін, соғыс біткенде сол қыздардың жетеуі-ақ тірі қалды.

Соғыс бітіп, жауды өз ініне қуып тыққан соң да Сабиалар соғысқан полкті таратпай, бәрін, яғни тірі қалғандарын қиыр шығысқа аттандырды. Соғысы бар, қызметі бар — бес жыл өтті дегенде сүйікті Алматысына да оралды, әйтеуір.

Сәбина бірден Қызылбаевтардың үйіне келді. Орынында жоқ болып шықты. Әлде біреулердің көрсетуімен баяғыда мұның ұрлап үйге әкелген жұп-жұқа кітапшасын (соны үйге әкеліп жастығына тігіп тастағаны болмаса, ашып оқымапты да ғой) НКВД-ға апарып беріпті. Кейін дәл осы кітаптың кесірінен Қызылбаевтың сотталарын білсе, өлсе де ұрламас еді-ау... Сабина болса жеңешесіне өзі берген сүлгісін соғыстан аман сақтап әкелгенін көрсетіп мақтанбақшы еді. Амал не?



Қартайғанда енді ойланып, баяғыда өзінің қазақ тарихын, мәдениетін, оқулықтарын құрту үшін жұмыс істегенін енді пайымдап отыр. Империя деген алып машинаның бір тетігі болыпты. Егемендік алып, радиосы күнде сайрап жатқан сөздерге құлақ тіге отырып осыны ұқты. Ойланды. Естіген сөздер ойландырмай қоймаушы еді. Сол кезде осыларды білсе ғой. Білсе ғой!!! Әй, бәрі бір түк те істей алмас еді... империя деген алып машинаға... Әлде?



Қос Мария


Мария татардың қызы. Қазақ-орысы аралас мектепте оқыды. Бірге оқыған бір қазақ баласын жақсы көрді. Екеуінің қол ұстасып жүргенін көрген әниі өлердей ұрысты. «Ит қазақты, бит қазақты қасына неге жолатасың» деді. Қыз басында қарсыласып, биті жоқ қой дегісі келген. Мәселе оның битінде де емес, итінде де емес екенін сезінгенде қарсыласудың жөнсіздігін ұқты. «Тимейсің, бітті! Ұлы орыс халқы тұрғанда»...

Бірақ жүрекке әмір жүрген бе? Қызды басқа жігіттер қызықтыра қоймаған. Сол күйі мектепті бітірді. Оқуға талаптанды. Соғыс өрті бұрқ ете түскенде қасындағы құрбы қызымен (ол Орал өңірінен болатын) қол ұстасып военкоматқа жетті. Мырс-мырс күлген еркектер: – Мүмкін, бойжеткендер, сендерге «бой» емес «бай» керек шығар? – деп, мазақ етті. Қатира шақар болатын. Столды жұдырығымен бір қойып:

– Үстіңнен арыз жазам! – деп саңқ етті. Осы кезде шені үлкен офицер кіріп қалғаны абырой болды. Әйтпесе, әңгіме қандай бағытқа ауан алары белгісіз болатын. Арыздарын жазғызып алып, хабар өзімізден болар деді. Қатира бөлмеге келген соң да басыла алмай, ата-бабаларында қыздардың да жауға шапқанын айтып, әлдене кітапты суырып алып термелеп оқи жөнелгенде арқаланып кеткен топтағы қыздардың бәрі дерлік екеуінің ұсынысын қолдап шықты. Күні ертең-ақ жауды жапырып тастардай екпінмен тағы екі-үш қыз соғысқа сұранды.

Сол Қатира айта беретін амазонкалар...

Қолына қару алып елін-жерін жаудан асқан ерлікпен қорғаған ержүрек қыздар туралы мифологиялық аңызды бүкіл дүние жүзі біледі. Сондай аңыз арулар нақты өмірде болған ба өзі?



Иә, болған! Болғанда қандай! Және бүкіл ел ойлағандай Түркияның Самсун аймағында емес, тап осы біздің Қазақстан жерінде, Орал тауында!

Бұл фактіні Американдық археолог ғалым Девис Кимвол дәлелдеп отыр.

Ол 1991-жылы орыс археологтарымен бірге Сарматтар туралы археологиялық қазу жұмыстарына қатысады. Кейін «Дала тарихы және Советтер елінің жерінен табылған (Қазақстан, Орал таулары) тарихи жәдігер» туралы көлемі 330 беттік жуан кітап жазып шығады. Сол кітабында американдық ғалым Джанинин Девис Кимвол, археолог ғылымдарының докторы былай дейді: «...сол қорғаннан табылған, бүкіл ел «амозонка» атаған, ерлік-батырлықтарын аңыз еткен жауынгер қыздардың киген киімдеріндегі әшекейлерді Қазақстанның батысындағы қыз-келіншектер әлі де тағып сәнденеді. Дәл сол арулар сияқты атқа берік отырады. Дәл сол арулардың ғылым зерттеп тапқан келбетіне олардың келбеті егіз тамшыдай ұқсас!»

Сол ұқсастықты байқаған ғалым Кимвол ДНК зерттеуін жүргізеді. Сондағы ұқсастыққа бүкіл әлем ғалымдары таң қалуда. ДНК зерттеу лабораториясы не көрсетті дейсіз ғой? 99.99 пайыз ұқсас! Яғни, осыдан 2400 жыл бұрын өмір сүрді делінетін ер жүрек арулар басқа жерде емес, дәл осы қазіргі қазақтар өмір сүріп отырған аймақты мекендеген! Қорғаннан табылған әйел біздің арғы ата-бабаларымыз. Өз апаларымыз!


Археология ғылымының докторы Кимвол жазады: «...көшпелі қазақтардың тұрмысын зерттегенімде біздің эрамызға дейінгі төртінші ғасырда өмір сүрген әйелдер таққан сәндік бұйымдардағы стильдік қолданыстар, әдет-ғұрыптар әлі күнге дейін қолданыста екен! Сол жердегі қарапайым оқушы кішкене сары қыз Мейрамгүлдің ДНК-сының жүз пайызға жуық ұқсастығы мені таң



қалдырды!» – дейді. (деректер «Балбұлақ» журналынан алынды. №3, 2014 ж)

Осылайша Қатира бастаған он екі қыздан жасақталған топ пайда болды. Бұларды бір тып-тыныш қалашыққа әкелді. Әкелді де үйрете бастады. Тек бірталайға шейін солдаттардың киіміндей біркелкі форма болмады. Соғысуға асыққандарымен ащы шектей шұбалған оқулары бітіп болмады. Бір күндері сұр кенептен тігілген киімді де киді-ау. Өздеріне шақ аяқ киім де жоқ. Юбка да конымсыз. Мұның бәрі алғашқы ұшақты алаңқайға қондырғанда екінші кезекке шегініп сала берді. Үйретілгендей санаулы минуттарда снярад тиеп үлгергендеріне риза командирдің алғысының қасында түкке тұмайтын нәрселер болып қалды. Ұзамай нағыз соғыс жағдайындағы қимыл-әрекеттер басталды да кетті. Жанталасқан жүгіріс. Ұшақ алаңына маскировка. Кезекті бір бомбалаудан кейін Жаннаның өлі денесі табылғанда бәрінің төбе шаштары тік тұрды. Орман ішіндегі арпалыс, керзі етіктің ішіне құйылған лай суды қорпылдата жүріп снярад тасу. Төгіп қайта киейін десе, аязда үсіген башпайлары баржиып, етігі сыймай қалатын кездер, Маринаның қиындыққа шыдамай қашып кетпекші болғаны, бәріне Катяның ұрсып тоқтататын. Кешкілік блиндажда отырып ішкен ыстық шәйдан бой-бойы бусанып терлеп рахаттанатыны, қыздардың сызылтып салған әндерінен жүректі баураған сағынышы – бәрі-бәрі есінде.

Жалын еді ғой Катя. Одан мынау деген жігіттер де тайсалатын. Өз құрбыларын еріккен еркектердің мазағынан талай қорғап қалды. Әділетті еді. Бетің бар, жүзің бар демей ойындағысын тура айтатын. Зояны күйеуге берген өзі. Солдат украинадан болса да, екіқабат



келіншекке Қазақстанға бар деп кеңес берді. Жау ойран салған жерден алыс. Күйеуіңе соғыс біткен күні өз қолыммен қосамын деді. Деп еді. Арманына жете алды ма? Қу соғыс-ай. Қанша арман солды. Сол он екі қыздан соғыс шекарасынан алыс гарнизонда ұшақтардың майын ауыстырып, снйрад тиесп жүрген қыздар да оқтан өлгені бар, күйеуге тигені бар, елге жетеуі ғана тірі оралды ғой. Катяның осы Марияның өзінің де арқасынан жарқыншақтарды алғаны, брр... Қалай шыдағанына қазір таңы бар. Катя мұны екбетінен салып қойып, арқасына спиртті құйып жіберді. Асхананың картоп аршып жүрген пышағымен шұқып альп тастады да тастай қылып таңып берді. Өлдім ау деген. Өлмепті. Келесі күні-ақ ұшақтың қасында тұрды. Әйтпесе, соғыс кезінде адам ағзасы күшті боп кете ме, ауруды тез жеңіп кете ме, қалай?

Соғыс біткен соң елге оралды. Өзінен үлкен апайы қазаққа тиіпті. Әниі жақтырмай тыжырынып отырса да сол жездесі жауынгер қызды бірден өз қанатының астына алды. Ленинградқа жолдама әперіп, екі жылдық курсты бітіртті. Алматыға қайта келгенінде бір бөлмелі пәтер мен қызмет дайын тұр еді. Мария қағазға икемді қыз болды. Өзіне тапсырылған істі жақсы жүргізіп кетті. Тек бір айыбы күлмесханның дәп өзі. Қасына жігіт жолай алмайды. Оқты көзімен бір қараса қазағың да, орысың да жылыстап кете береді. Мария тек жұмысымен болды.

Бір жолы қызмет үстеліне келіп сүйенген көнетоз шинелді жігітке көзі түсті. Көз салды да жүрегі аттай тулап сала берді. Баяғы Боря! Тірі екен! Қол-аяғы бүтін. Қап-қара қасы, тұңғиық көзі. Бұйра шашы да өзгермеген. Тек мұрыны созылып ұзара түскен бе. қалай? Мария дірілдеп кеткен қолын столдың астына жасырды. Барынша салмақты сөйлеуге тырысты. Боранбай жұмыс іздеп жүр екен. Шешім сол сәтте келді. Марияның тікелей



бөлім бастығы іссапарда болатын. Бұл ең үлкені Бойкоға кірді.


Осылай да осылай. Бұрынғы Отанын қорғаған солдат жұмыссыз жүр. Үйінде қызыл арын жас баласы аш отыр. Келіншегі қанды қырғын соғыста қайтыс болған генералдың қызы. Ал бізде бір орын кеше босады. Ұрықсат етіңіз.

Бойко арызға қол қойды. Мөр басты.

Іссапардан оралған бөлім бастығы қарсылық білдіріп еді, Мария «райком жіберіпті» деп, өтірік айтты. Тұмысында тұңғыш рет. Өтірік. Және кім үшін десейші? Өтірікті жігіт үшін айтты. Маскара!

Боранбайға бәрін өзі үйретті. Жұмыстан кейін қалып үйретті. Жұмыс барысында үйретті. Күнде көріп жүріп, бір-біріне бауыр басты. Баяғы сезім оянды ма? Әлде тірі көргеніне қуанды ма? Ол арасын айырып жатпады. Күнде жұмысқа әндетіп келетін болды. Біреу-міреу мұнымды байқап қала ма деп кейде қуыстанып жан-жағына алақ-жұлақ қарайтыны бар. Бұл күнәсіз күндер қаншаға созыларын кім білсін. тек бір жаңбырлы түнде Боранбай есігін қақпаса?

Еңкілдеп жылаған жігітті шын аяды. Баяғы соғыста Курск орманында қарлы суды кешіп жүргендегі халіндей болды. Онда да денесі ауырғанын түк сезбей тек міндетін орындап, машина сияқты зыр қағатын. Үсіген башпайларын көріп тұрса да ауырғанын сезінбейтін бір хэл. Мына еңгезердей жігітті жылатқан қатігездікке өз махаббатымен қарсы тұруым керек деп шешті. Жігіттің жаны күйзеле отырып ағытқан сырына жаны ауырды. Тұңғыш қызы жігіттің өзінікі емес екен. Қыздың командир әкесі қаһарланып қысқанда «менікі» деп еріксіз «мойындапты». «Е, сүйіп емес, аяп үйленген ғой» деп шешті. «Шын махаббаттың не екенін мен саған



көрсетейін» деді іштей. Бұл кезде барлық қызы қазаққа шығып, кілең ғана қазақ құдағилардың ортасында қалған әниі сәл пікірін жұмсартқандай. Баяғы мұны қарғап-сілеп «өлігінді көрейін. Сені бір шіріген жұмырқа деймін де қоямын» деген екпін жоқ. Сол сөзді тұңғыш естігендегі өзінің қорыққаны есіне түссе, қазір жәй ғана жымып қояды. Ол кезде шын-ақ қорыққан. Шіріген жұмырқаның сасық иісі жүрек айнытары бар. Шіріген жұмырқасын тауық баспайды. Итеріп-итеріп, ұядан сыртқа шығарып тастайды. Ой, құдайдың құдіреті-ай. Қалай біледі екен. Ал балалар шағып көріп қана мұрынын басып тым-тырақай қашады. Соған Марияның қайдан ғана ұқсағысы келсін?

Бұл жолы ешкімге ештеңе демеді. Ешкіммен ақылдаспады. Үйіне кіргізіп алды. Бітті. Құжаттарына қазақ деп жазылғанымен орысша тәрбиеленген балалардың шешесі тап осы Мария болатын.

Басқа Марияны да білетінмін. Ол да біздің ауылға соғыстан кейін келген. Күйеуінің жұмыс бабымен. Тұрақтап тұрып қалды. Бес-алты баласы болды. Күйеуі қайтыс болғанда шиеттей баламен қалды. Жұмысы жоқ, мамандығы жоқ. Көрші тұрдық. Бүкіл ауыл болып хал-жайын біліп тұратын.

Бүкіл ауыл болып балалардың аш қалмауын, жалаңаш жүрмеуін қамқорлайтын. Сөйтіп жүріп ер жеткенде ұлдары қазақ қызына үйленіп, қыздары қазақ жігітімен шаңырақ құрды. Түрі орыс болса да тілі мен ділі қазақ болып жетілді. Мария жеңгеміз болса орысша «здірасти» десең, өзіңе ұрсып тастайтын. Мақалдап-мәтелдеп сөйлегенде кез-келген қазағыңды жаңылдыратын.



Әуелім, жақында ауыл адамдарынан оның жас сәбилерді қой аурудан (рахит) емдеп жазатынын, үшкіріп, дем салатынын естігенде жағамды ұстадым. Ал басына жаулық салып, намаз оқып жүр дегенде сенер-сенбесімді білмедім. Оның немересі орталық теледиарда диктор болып істейтінін қоса айтқан әңгімешім мені енді немен таңдандыруды дәл тауыпты. Ау, ол қазақ ортасында, қазақ тілінің мәйегін еміп өскен бала ғой! Соған да таң қалуға бола ма? Онысын білсе, сол конкурстағы жюри мүшелері оған жүлде бермей қояр ма еді. Кім білсін.

Қандай тәтті дән өніп шықса да, түскен топырағына байланысты-ау.



Майдандангердің әзілдері

Соғыс бітіп, майдангерлер бала-шағасына оралып, ел мәре-сәре болып жатқан кез. Қазақ ақжарқын, қанша ауыр қайғы көрсе де шүкіршілігі басым, бір-бірінің қолтығынан демеуге дайын халық қой. Ең ақыры «жақсы сөзді – жарым ырыс» деп түсінетін ел аман-есен бас қосқанын да олжа көретін. Жүдеген елдің көңілін сөзбен болса да көтеруге тырысқандығынан шығар, бастары қосылған жерде жауын сөзбен мұқатуға шеберленгендер екшеліп шыға бастады.

Еңсеген отыр терлеп-тепшіп. Алқам-салқам омырауын одан әрі ысырыңқырап ашады.

– Қашпай қорқайын ба дейсің. Ал мен қашқаным жоқ. Бір көзі тұздай неміс ағаш арасынан шыға келіп, әй соныңның көзі тура осы біздің Әлексейдің көзінен де көк қой деймін, маған: – хенде хох! – дейді жаман неме. Бетіне бажырайып қарадым да: «сенде болса, менде жоқ!» деп, қасынан өтіп жүре бердім. Ол менің не айтқанымды түсініп болғанша ағаштың арасына кірдім де кеттім! Расында, онікі сияқты винтовкам болса «хенде хоғын» айтпай-ақ ата салмаймын ба?

– Сен орманды жерде соғыссаң, мен Днепрді таңертең әрі кешіп өтемін. Кешке бері кешіп өтемін. Суы бар жерде соғыстым.

– Е, сосын екен ғой «Шәмай Есілден пешком пайдет» деп жүргенің?

– Шын, ей. Екі қолын төбесінен асырып киімдерін ұстайды да, кешіп өте шығады.

– Ата, шыныменен немістен қорықпадыңыз ба? – дейді Қалғанбай жаутаңдап.

– Неге қорқам, ол да өзіндей кісі. Тек айырмашылығы – ол немісше сөйлейді. Мен қазақша сөйлеймін.



– Рас-рас, – деп, іліп ала жөнелді Әміржанның әкесі.

Бірде қолға түскен совет солдаттарын тізіп қойып атайын деп тұр. Біз сап бойынша фәмилемізді айтып тұрмыз. Кезек маған келгенде. Қалиев деп саңқ еттім. «Қой, Қалиевті қалай қиып атамыз» деп, өзара күңкілдесті де, мені қоя берді.

– Ата, сонда олар қазақша түсіне ме?

– Е, мына Бельгер қазақшаға судай емес пе?

– Герағаны айтасың ба, ол осында туып-өскен емес пе?

– Әй, маған сол немістеріңді осында әкеп жіберші, мен соларды бір жылда сайратып қазақша сөйлетіп шығарайын.

– Әй, мен айтсам бар ғой, немістің де оп-орысша сөйлейтіні болады екен. Мына жағымнан пушка, мына жағымнан пулемет – тарылдатып атып жатыр, атып жатыр. Мен жерде екпетімнен түсіп, оғы біткенін күтіп жатырмын. Әй, бір үш сағат жатқан шығармын. Төзімдімін ғой.


– Не, ата, қолыңыздағы сағатқа қарап жаттыңыз ба?

– Сірағасын айтқаным ғой. Ол кезде бізге сағат қайда. Сөзді бөлме. Бір кезде тынышталғанын естіп басымды көтерсем, біреуі талтандап қасыма келіп қалыпты. Аңшының баласымын ғой. Демімді ішімнен алып күттім. Қасыма келе бергенде аяғынан шалып жібердім де, кеудесіне конжия кеттім. «Ағатай-ай, қоя бер!» дейді лағынат.

– Сіз орысша айтты дегенсіз.

– Е, иә, «брат, ты че» деген екен ғой. Сөйтсем, өзіміздің командир.

– Ағатай дегеннен шығады. Осы батыста әлгі он сегінші ғасырда өткен Исатай батырдың ұрпағымен мен бірге соғыстым. Біздің жауға шапқандағы ұранымыз



«Ағатай» дейді. Ағатай?! Жаудан қашып бара жатқанда айтпаушы ма еді ондай жалынған сөзді десем, ашуланады, бәтшағар. Сонда да олардың қашқан жаудың артынан «ағатайлап» жүгіретініне миым жетер емес.

Бәрі кеу-кеулесіп тағы күле жөнелді.

– Ата, неше немісті өлтірдіңіз?

– Е, шырағым. Ол саған қой дейсің бе, күнде қотаннан санап шығаратын. Әйтеуір, баудай түсіреміз. Кімнің оғы тиді екен деп баяғының батырларыңша кеудесінен жебесін суырып алып жатқан кім бар дейсің.

– Мына Жолдыбай бар ғой соғысқа келгенде оң мен солын айырмаған бала болатын.

– Қой, он тоғызға толған соң әкеткен жоқ па еді.

– Жоқ, жасын айтпаймын. Әлгі командирдің «напавосы мен налевосын» білмейтіні айтамын дағы.

– Сосын... – қызық құмар тыңдаушылар ынтыға құлақ түреді.

Бір қолына пилотка, екінші қолына қасымдағы өзбектің тақиясын ұстаттым да, оңға десе – пилотка жағына, солға десе – тақия жағына бұрыл деп үйреттім.

– Бұл қасқаң сенің арқанда соғыстан тірі келді десейші.

– Е, солай десең де болады.





Қатша кемпір күрсінді. Екі баласы бірдей соғыс басталсымен кетіп, әлі күнге хабарсыз еді. Бір ауыз орысша білмейтін балалар жау оғынан қаза тапты ма, әпербақан офицердің «бұйрығын» дәл ұға алмай «сатқын» есебінде көз жұмды ма, ол арасы белгісіз еді.



Фашизмге қарғыс (жас баланың аузымен)

Кенжебектер бұл ауылға көшіп келгелі көп бола қойған жоқ. Сағыз бекеті керемет жер екен. Кенжебекке әсіресе еспе шағыл ұнады. Сапырып кешке дейін ойнасаң да ешкім қой демейді. Сондай көп! Өзен жағасына барып, су құмнан қала соқ, қорған тұрғыз – өз қалауың білсін. Рахат. Биік жар қабақта көп ін бар. Бұрын мұнда құстар тұрыпты. Бір ұядан жылан шығып келе жатса, екіншісінен құстың балапаны шиқылдап тұратын дейді. Бірақ неге екені белгісіз, қазір не құс жоқ. Не жылан көрінбейді. Е, мейлі, өзен жиегінде күнде ойнап көп достар тапқан Кенжебекке бәрібір емес пе? Атақты Жем-Сағыз осы! Талай ғасырлар әнге арқау болған өзен. Үйден алыстау барып Сағыздың шүңетіне суға шомылуға болады. «Қанды қара су» дейтін де жері бар екен. Апасы алғаш естігенде байбалам салып барма деді. Апа-ау, біз ол жерге жоламаймыз деп жалынып жүріп әзер көндірді.

Рахат. Кенжебек өз ауылдарында ойнайтын «мүйіз-мүйіз» ойынын жаңа тапқан достарына үйретті. Өзен жағасында дымқыл құмға тізерлеп отыра қалады. Бастаушы бала желке жағынан жүріп ойынды басқарады. Ол ешкі десе, дереу лақ деп бақ ете түсуің керек. Сиыр – бұзау, қошқар – қозы дегендейін. Тағы жануарлардан: таутеке – лақ; арқар – қозы; құлан – бұзау; бұғы десе бұлғындық деп сайрап тұруың керек. Ал бастаушы бала сені жаңылдыруға тырысады. Зырылдатып атап келе жатып «жылқы десе құлын» деп жүрме. Ондай мүйізі мүлдем жоқ жануарды атап қойсаң бітті. Суға желкеңнен бір түйіп түсіреді. Басқалар мәз. Сен ақымақ болып суда шалпылдап жүресің. Кенжебек өзі үйретіп алып, ең көп ұтылатын да өзі боп шықты. Себебі ағын суға қарау өте қызық. Кезегі айналып келгенше қиялдап кетеді. Мың



бүктетілген толқын көз алдына сан түрлі суретті тоспай ма?

Ал шығылға қырық күн шілдеде түссең белдің құяңын, аяқтың сырқырауын қағып алады дейді. Солардың бірі де өзінде болмағанына Кенжебек аздап ренжіп те қойды. Көп ұзамай онысы жөнсіз екенін, жас бала ондай аурумен ауырмайтынын ұқты. Әжесінің құм бұлауға түсуіне көмектесті. Қызық, әуелі ертеммен құмды шұңқырлап кісі еркін сыйып жататын орын әзірлейді екен. Сосын сәске түсте, немесе түс ауа құм әбден қызған шақта құяңы бар адам келіп ыстық құмға көміледі. Әрине, біреу-міреу көмектеспесе жалғыз адамға қиындау. Кейбіреулері мосысы мен кара шәйнегін көтере келіп құмнан шыққан соң терлеп-тепшіп шәй ішіп отырады. Үш күн солай құмға түскен кісі қыс бойы шаншу-маншу дегенді білмей шапқылап жүреді екен. Еш ауырғанды, тіпті тымауратқанды білмейді дейді. Туған жердің құмы да ем!

Қарақаты қандай. Мөлдіреп тізіліп тұр. Кенжебекке ол таңсық емес. Бірақ та жемістің көп болғаны дұрыс қой.

Тек тұщы суы тасымал болғаны жаман. Әркім өз үйінің қасынан шұңқыр қазып алады екен де оны өздері «құдық» деп атайды екен. Ха-ха. Құдық дегеннің суы өз түбінен шығып, шеке жарғандай сұп-суық болып мөлдіреп тұрмаған соң! Бірақ енді достарының көңіліне келмеуі үшін олар айтқан құдықты бұл да айтады. «Құдықтан су әкледі. Құдықтың қақпағын жауып қояды».

Ал мектеп үйіне көңілі бек толды. Биік. Екі қатарлы. Сыныптары кең-кең. Бес терезесі бар зәулім зал қандай тамаша. Кеше сол залда линейка өткізді. Басында селқос тыңдаған. Содан үйге келген соң Кенжебек түнімен алағызып ұйықтай алмады. Герман еліне барып келген тарих пәнінен беретін Күнжарықов Орақ ағайдың



әңгімесінен кейін бесінші сыныптың оқушысынан ұйқы қашты. Япырмай, мұндай да сұмдық болады екен? Ағай айтса бұрынғы тұтқындарды азаптау лагерьлерін, қазір адам баласына соғыстың қатерлі сұмдық екендігін көрсету үшін музейге айналдырып қойған. Онда тұрған заттары адамды үрейлендіреді екен. Жанын түршіктіреді екен.

Әншейінде қасындағы қызды түртіп қалып, шұқып қалып тыныш тұруға бес минуттан әрі шыдай алмайтын еді. Ағайдың әңгімесін тыңдағанда тіпті дем ала алмай қалғандай.

Кенжебек үйге келген соң ештеңеге зауқы соқпады. Тіпті апасының жұмсағанына да күндегідей құлдырандап кетпеді. Апасы жақын келіп басын ұстап көрді. Жоқ, аурудан аман сияқты.

Кенжебек күндегідей шала-пұла тамақ іше сала ойынға да жүгірмеді. Сүле соқ отырып-отырып, кітаптарын шығарды. Дәптерін алдына алып, бағытсыз шимайлай берді, шимайлай берді. Сосын әлденелерді жаза жөнелді. Біраз жазған соң жастығының астына тыға салды. Таңертең кешегі жазғандарын оқып көрсе – өлең сияқтанды. Әдебиет пәнінен беретін апайға көрсетсем бе екен деп ойлады да, дереу айныды. Әдемілеп көшірді де Орақ ағайына әкеп көрсетті.

Ағай парақты ішінен оқыды. Оқып болсымен Кенжебекті бауырына мықтап қысып алды. Тіпті бала тұншыққандай, ауа жетпей бара жатқандай сезінді. Бұлқынбай шыдады. Себебі ағайдың бүкіл денесі дірілдеп, жылап тұрғандай сезінді. Өзі құшағынан босатуын күтті. Бетіне қараса көзі жасқа меймілдеп тұр екен.

– Айналайын! – деді жалғыз-ақ.

Кейін мұғалімдерге өлеңді көрсетіп мақтаныпты. «Менің лекциям сондай күшті шығыпты. Менің шәкіртім



ол туралы өлең жазыпты –деп, әуелі қабырға газетіне, сосын аудандық газетке жариялатыпты. Мына өлең менің «жаңағы-жаңағымсыз», көп қыстыра беретін «яғнисыз» тамаша дүние, нағыз фашизмге лағынат айтқан өлең болып шықты! Аталардың төгілген қанының құнын білетін жас ұрпақ өсіп келеді» деп қуаныпты сол өз шәкіртін мақтан тұтқан ұстаз.

Ұмытпа, Адам!

*Жүрегің қалтырамай
Еске алу мүмкін бе еді
Концлагерьлердің
Теңселіп күрсінгенін?!*

*Есірген фашистердің
Қорлық пен мазақтарын?
Аязда жалаңаштап
Су құйып мазақтауын?!*

*Газ камераларында
Тұншыққан тұтқындарды?
Жалған «емханаларда»
Көл болып тұнған қанды?!*

*Майденек, Равенсбург
Бухенвальд лагерлерін?
Иленген адам еркін
Және де ...терілерін?!*

*Күл болған адамдарды
Тыңайтқыш есебінде?*



*Тарих ұмыта ма,
Адамзат кешеді ме?!*

*Ұмытпа, АДАМ!
Ұмыту мүмкін бе еді?
Крематорийлердің
Қап – қара түтіндерін!?!*

Ол кезде ешкім Кенжебектің кейін республикалық «Отан сақшысы» газетін шығарып отыратынын білген жоқ-ты. Ал әкесі, ауыз дуалы қарттың, ел ағаларының атынан тұңғыш президентке өз ауызынан бата беретіні ешкім білген жоқ-ты.



Әмір

Етікбайдың Әмірі қан майданнан дін аман оралды. Бастабында жуас қана жымып отыра беретін. Тілін шығарған жеңгелері ме, кекеткен құрдастары ма, көзсіз мақтаншақтығы ма, есепсіз ішілген арақ па?

Бір күндері «мен – Гүр Әмір» деп гүжілдейтін болды. Түнгі тынық ауаны шайқап ән салып келе жатқанда, ешкім бұрынғы жауынгердің көзіне түспеуге тырысатын. Ұсталып қалсаң-ақ бітті, таң атқанша саған ұйқы жоқ. Тек мылжың әңгімесін тыңдап қана қойсаң рахмет дейсің ғой. Өзімен бірге жүгіртіп, өзі бұйрық беріп еңбектетіп қоятыны және бар. Әйел-еркек демейді. Жер бауырлап дұрыс жорғаламасаң төбеңнен керзі етігімен бір тебуге жүзі жанбайды. Тіпті қолында қару болса атып салуға бар. Оның қышқырған дауысы шыға бастаса-ақ ел безіп кетеді.

Армейский бушлатым
Иыққа лақтырып ташладым.
Түнгі сағат он екіде
Гулят-баштит жасадым, –

сияқты болып келетін, қай тілде екені белгісіз, боқауыз аралас қойыртпақ өлеңді айтып барқырап келе жатады.

Бірде алыстағы жайлаудан жылқышы жездесі аудан орталығына қант-шай алуға келе қалды. Балдызының басбұзарлығын еміс-еміс естіп жүргенімен жағдай дәл бұндай екендігін білмейді екен. Асықпай аз күн аялдап, еппен айтып көрді.



Сосын атасымен ақылдасты. «Бұлай кете берсе абыройдан жұрдай болғаны былай тұрсын мына жас жігіттің өз басына қатер. Адамшылықтан шығады. Одан да менің қасыма жіберіңіз. Бірдеңе ойлап табармын» деді. Ойлап та қойған еді. Тек сол қалай болып шығарына сеніңкіремей тұрғаны болмаса. Дес бересі атасы өзін мақұлдады.

Қамшысын Әмірдің төсегінің бас жағына тығып тастап, ертеңінде соны апарып беруге жұмсайтын болып келісілді.

Орталықтан кеткісі келмей бұлталақтаған баласына біресе ұрсып, біресе жалынып – әйтеуір, жайлауға жіберді.

Жездесі күрең қабақ қарсы алды. Әкелдім қамшысын, әкемнің тапсырманы орындадым ғой деген тоқ көңілмен Әмір қайтуға жиналды. Жездесі келіншегіне көз қысып, ымдады да: «шеш шалбарды!» деп ақырды. Өзінен зордың мыннан шыққанына сасып қалған Әмір бұйрыққа бағынды. Өзі алып келген сегіз өрім дәу қамшы жотасында ойнап жүре берді.

Ендігәрі мақтанасың ба!

Боқауыз өлең айтасың ба?

Айт, қане, арақ ішесің бе?

Кісіге зәбір көрсетесің бе, саған елдің бәрі фашист емес, енді ойыңа келгеніңді істейсің бе?

Не керек, «ағатайлап» сауға сұрағанша айнала қуып жүріп сабады. Арашаға келер жан жоқ. Жалғыз үйлі жылқышы. Апайы сауап деп қосыла ұрсып тұр. Таяқты әбден жеген соң екеуі де шаршап қойды. Зереңмен әкелген қымызды ішіп жан шақырып, әжептәір жуасыған бұрынғы



жауынгер сөз ұғатын, құлағына ақыл кіретіндей ыңғайға келді.


Жездесі торғай шырылдағаннан тұрғызып, бір кесе саумал ішкен бойда өзінің қасынан қалдырмай жұмысқа салады. Солайша қырық күн саумал ішкен соң араққа деген тәбеті жойылғандай болды. Мақтан сөйлейтін «иә, сосын», «япырай,ә», «міне, батырдың ұрпағы!» деп көтермелейтін ешкім жоқ. Өтірікті шындай, ақсақты тыңдай қылып жіберетін жел сөзді тыңдайтын құлақ болмаған соң ол әдет те қалған сықылданды.

Жайлауда жүргеніне жылға жуықтағанда жездесі бірінші май мерекесіне арналған жиналысқа ертіп барды. Қасынан бірелі қалдырмай өзі сөз сөйлейтін митенгінің жылжымалы мінбері – астаулы машинаға қасына ілестіріп шықты. Мен қарап сөйлейтін қағазды ұстап тұр деген. Жездесі өзі сөйлеп болған соң қалың көпшілікке балдызын таныстырды. Соғыстағы ерлігін, еңбек майданында да көрсеткіші жақсы екенін айта келіп, тәуір қалыңдық іздеп жүр деп салды. Әмір қып-қызыл болды. Ұзын сары жігіт имендеп, қызарақтап қалғанмен топты көзімен кезіп, қызғалдақтай құлпырған қыздарға көз тастап та үлгерген. Жездесі бастап барып, оқушы формасын киген талдырмаш қызды алтыбақан тебуге шақырды. Жаңа өздерімен бірге машина бортында ұран сөздерін оқыған қыз. Пысық сияқты. Тартынған да, бөлсінген де жоқ. Бірақ онымен бірге ән шырқай жөнелетін Әмірде шеберлік болмай қалды. Мұның «әншілігі» ешкім тәйт демегенде ғана екен.



Араға төрт-бес ай салып сол қызға құда түсті. Жездесі мәз. «Әй, бала, енді сен балдыз емес, біздің ауылдың қызын алған соң маған күйеу бала болдың. Қайнағаны сыйлау керек. Айтқанын екі етпеу керек», – деп қойып, жігітке дегенін істетеді. Қалауы – туған балдызының тәуір адам болуы. Басқа не дейсің.

Әмір Әлжанов уақыттың өтуімен елге сыйлы ата атанды. Шөбересінің алақанынна май жалады. Мереке сайын мектептің ең сыйлы да қадірлі қонағы бір өзі. Орден-медальдарын жарқыратып төрде отырады. Бақиға аттанған жездесінің өзін қалай тәртіпке салғанын, мақтаншақтықтың ең жаман қасиет екенін жас ұрпаққа өз аузымен айтып отырады.





Біздің әкелер

Атырауда, Мусиев Мұраттың үйіндеміз. Алматыдан, Шетпеден, Құлсарыдан, Мақаттан, миялыдан, Сағыздан жиналап жатқан себебіміз нағашы жеңгеміз Жұпарды еске алып, ас бермекшіміз. Қызы Гүлсараның әке-шешесі туралы жасап құрастырған видеоролигін көріп, әр қайсымыз өз әке-шешемізді ойлап кеткен төріздіміз.

Бір сәткі жым-жырт тыныштықты Гүлсараның өзі бұзды:

– Әй, «аға», тағы не оқып кеттің?

«Ағасы» өзінен бір ай ғана үлкен Қауысбай. Нағашылы-жиен боп қалжыңдаған түрі. Ал ол күлместен:

– Қара, не деп жазғандарын: «Ұлы Отан соғысы деп дәріптеудің қажаті қанша? Ол орыс пен немістің соғысы ғой. Қазаққа түк те қатысы жоқ. Босқа даурықпайық» деп жазапты.

– Кім! Кім жазыпта? Сонда не, біздің әкелеріміз Отанын қан кешіп жүріп қорғаған бес жыл өмірін жоққа шығаруымыз керек пе? – бұл шыр ете түскен Марго. Қашан да әділеттілікті іздеп бірінші үн қататын әдетіне басып, шыдамсыздана көзін үлкейтті.

– Жас журналист сияқты, атын бірінші рет кездестіріп отырмын, – деді Қауысбай сабырлы, байсалды үнмен. Алматыдан келген Мәрзия:

– Қарай гөр өзін, жазғышбектің! Сонда не, менің әкем майданда жараланбай ойнап жүрді дегісі келе ме? Өзінің атасы соғысқа бармаған боқмұрын біреу дағы.



– Иә, иә! Қазір жастар білгіш-білгіш дегенге құтырып... Ойына не келсе соны жазуға бола ма? Сол бес жылғы қырғында жараланбаған дене, қапаланбаған халық қалды ма? Он тоғыз бен отыз бестің арасы түгел қару алып Отан қорғауға кеткен жоқ па? Бір де бірі қалмастан! Өзін еркекпін дегендердің бәрі. Осы, әсіресе, батыс? Махамбет пен Исатайдың ұрпақтары? Тіпті бір үйден жеті жігіт кетіп, біреуі де оралмаған ошақты қайда қоясың? Өне, шаңырағы ортасына түсті деген сол! Ұрпақ қалмады, бәрін соғыс жалмады деп зар илеген апа-әжелеріміздің көз жасы ұрсын! Өнесі, тіпті!

– Сабыр-сабыр. Міне, осыны осылайша айту кем болғандықтан жас бала білмей жазған шығар.

– Әй, газет оқығыш дегенге соларды жақтамай отыршы! Сен де бір? Мен айтсам бар ғой, сол соғыста біздің әскердің жеңіске жетуінде тап біздің қазақтардың еңбегі зор. Қара, Александр Бектің «Волакалам тас жолын» оқыдың ба? Сонда Москваны қорғаған кім?! А! Қазақстаннан барған жиырма сегіз панфиловшылар! «Қарыс қадам шегінбе! Жоқ ондай сөз тегінде!» деген де қазақ ақыны! Тіпті қыздарға шейін. Әлия мен Мәншүк!

– Е, олар амазонканың ұрпақтары ғой!

– Иә, иә! Жайықтың қыздары!

– Хиуаз ше, ұшқыш қыз? Ол да Жайықтан:

– Ол әлгі Назарбаев екі мың үшінші жылы «Қаһарман» атағын беретін Доспанова деген бе?

– Иә, дәлайттың. Талай ерлерімізге батырлықты қимай орыстар біраз сүйретіп еді. Енді келіп өз ішімізден пәле шықты десейші? О несі, әй?



– Менің әкемнің Отаншылдығы сол шала патриоттарыңды он есе орап алатын шығар-ау. Біздің құлағымызды аяп майдан туралы айтпаса да, «сондай соғысқа тағы шақырса, барар ме едің?» дегенмін бірде. «Барамын. Отанның шекарасына жау келсе неге үйде қалуым керек. Барамын!» деді. Мен күлдім. «Папа-ау, қазір пехотаның заманы емес» дедім. Ал ол болса; «ер азамат жау келгенде үйде бұғып отырмас» деді. «Шал болсаң да ма?» деймін тек тұрмай. Өне, әкелеріміздің көзқарасы сондай еді, жарықтық.

– Ие, елдің бәрі біледі. Бауыржан Момышұлы қаһарманымыз...

– Мә, оның соғыс тактикасы туралы көп еңбегі бар екен ғой, білесіңдер ме?

– Рейхстахқа ту тіккен Рахымжан Қошқарбаев атамыз...

– Қасым Қайсенов ше?

– Қанша дегенмен тоқсан жеті жерлесіміз Совет Одағының Батыры атанған жоқ па?

– Жоқ-ау, қаншасын мойындамай, көрепе көзге қиянат...

– Түу, қыздар, то есть кемпір жолдастар, өздерің жігіттерден бетер қызу қанды екенсіңдер-ау!

– Е, біз айтпасақ кім айтады. Әкелеріміздің үстіндегі жарасын көрдік. Жаны ауырғанына куә болдық. Өңгімесін естідік.

– Тек дастархан басында емес. Басқа жерлерде де айту керек шығар мұны!?

Гүлсара ойланып отыр.

– Менің әкем тіпті соғыс басталмай тұрып әскер қатарына алынған екен. Он бесінші танк дивизиясында, нағыз қызу майданда, оқ пен өрттің



ішінде соғысыпты. Жараланып, госпитальде емделген соң тағы майдан, енді қырық үшінші атқыштар полкінде, Махатчкалада, закавказ деуші еді ғой, сол бағытта соғысқан. Өзі балалары сұраса да майдан туралы сөз еткеннен қашатын. «Оны, соғыс жылдарын еске алу маған қиын, қан мен оқтың несі жақсы дейсің. «Жақсы сөз – жарым ырыс» дейді халық мақалы. Содан басқа әңгіме құрып қалып па» деп, сол атың өшкір соғысты әңгімелеуден, еске алудан қашатын. Мен ол кісінің құжаттарындағы жазулардан оқығанымды айтып отырмын. Отан соғысының бірінші дәрежелі мүгедегі деген құжаты бар. Соғыс бітіп, қазан айы туған соң ғана елге оралған деп тұр құжатында. Соғыс мамыр айында бітіпті ғой, сосын да әскерде жүрдіңіз бе дегенімде, әкем:

– Соғыстан қираған қалаларды кім жөнге келтіруі керек? – деп, өзіме қарсы сұрақ қойды. Сонда деймін-ау, отыз тоғызыншы жылдан қырық бестің қазан айына дейінгі аралық түгел майдан ісі. Запастағы кіші лейтенант шенінде аяқтапты. Жеті медалы болды. Әлі есімде, біздің үйдің қабырғасына «Қызыл ізшілдер» қып-қызыл жұлдыз жапсырып, «**бұл үйде Ұлы Отан соғысының ардагері тұрады**» деген қаңылтырға әсем әріптермен тізілген жазуы бар ескерткіш тақтайшаны ілгені. Мақтан тұтатынмын. Достарымды үйге ертіп әкелгенімде «бұл біздің үй» деп, оң қолымды жоғары көтерін жазуға көздері түссе екен деп тұратынмын.

– Ал менің әкем Нұғыманов Салықты майданда жаралы болып, өлім ауызында жатқанда бір молдаван қызы ауызына су тамызып, жау



әскерінен жертөлеге жасырып аман сақтап қалған, – деп, әңгімеге араласқан Люба жаулығын бір түзеп қойды. Соғыстан соң туысқандарының қарсылығына қарамастан өзі сол қызға үйленіп, мен және Қайрош, Қайырбек деген екі інім дүниеге келдік. Соғыс салған жарақаты әкемізді өмірден ерте әкетпегенде бауырларым көп болар ма еді? – деп, күрсініп салды.

– Менің әкем Өтепбергенов Мақташты армияға әкеткенде жап-жас бозбала қайда, неге бара жатқанын да ұқпағанға ұқсайды, – деп, әңгіме жалғады Жұмаш. – Түн ішінде төсектен тұрғызып, поезға мінгізгеннен жол шеті фин соғысына барып тірелген ғой. Одан Отан соғысына жалғасқан. Кейін жауынгерден құрлысшыға айналып, Ресейдің қираған қалаларын салысып бір-ақ оралады. Отыз тоғызыншы жылы үйден кеткен бозбала қырық алтыншы жылы ғана табылдырығын аттайды. Бірнеше рет жараланып, қайта қатарға қосылып, барлық міндетін мінсіз атқарып, араға жеті жыл салып өзер жеткен ұлын ата-анасы елге келсімен дереу үйлендіреді. Қырық жетінші жылы мен өмірге келіппін. Сөйтіп, ұлы бар, қызы бар бірнеше бала сүйіп, қара жұмыстың неше атасын істеп әкем бақиға аттанды. Еңбекқор жан еді. Соңғы кездерде, жасы ұлғайған шақта баяғы соғыс салған жаралар – ішінен, аяғынан тиген оқтары көп мазалайтын. Е, майданнан жарақатсыз келген кім бар дейсің?

– Менің әкем Есболаев Базарбай отыз алты жерімнен жараландым деп отыратын. Жаралы аяғы сырқырағанда маған «әкеңнің аяғын уқалап берші» дейтін анам. Ол кезде мен мектепте



оқимын, – деп, еске алды Мәрзия. Бұл – Мусиев Измұқанның Озипа деген деген қарындасынан туған жиен қыз. Алматыда тұрады, суретші. – Сонда әкемнің аяғындағы тыртықты көріп, балалық қызығушылықпен: «бұл не» демеймін бе? Әкем: «оқ міне мыннан кіріп, мұннан шығып кетті» деп отыратын. Отыз алты жерден оқ тиген! Құдай біздің көрер жарығымыз үшін аман қалдырған шығар әкемізді?

– «Қанша батыр болса да, жауға салма жалғызды» деп отыратын қазақы тәмсілді орыс басқарған одақ қайтсін? Тек құдай қағып аман-есен оралғанын айтсайшы, – деп, басын шайқап-шайқап қойды Сәлімжан апа. Ол Базекеңнің он төрт баладан жалғыз өзі кіндік жалғар болып қалғанын білетін.

– Оң жақ білегінде кіндік сияқты үңірейген жараның орны бар тұғын, – деп, Мәрзияның ағасы Қауысбай да қостап қойды.

– Елге келген соң атам марқұмның соғыстағы қаза тапқан асыл ерлердің орнын толтырамын деп он екі баланы өмірге әкелгені дұрыс болыпты, – деп, олардың жеңгесі, Наурызбайдың келіншегі Люба да жымия қостады.

– Ал менің әкем, осы Жұпар ананың туған ағасы Хасанғалиев Қожахмет бірінші Украин майданында соғысыпты. – деп, іліп әкетті Мұрат Хасанғалиев. Өз жұмысын шебер меңгерген жауынгерді үнемі калоннаның алдында жол бастаушы болып жүруге бұйырады екен командирі. Ал жау болса алдыңғы машинаны бірінші нысанаға алады. Тіпті төбеден ұшақпен оқ жаудырғанда да жақын тұрған орманға лезде



жетіп жан сауғалайды екен. «Біздің жанымызды сақтап қалған орман» деп айтып отырушы еді, жарықтық әкем марқұм. Соғыс деген айла-тәсіл және шапшаң шешім қабылдаудан тұрады ғой. Соғыстың бес жылын алғы шепте жүріп, жан аямай жеңіс күнін жақындатқан әкемнің аман-сау келуінің өзі олжа емес пе?

Ақ жүрек жан еді. Оған берілген орден-медальдардың ішінде екінші дәрежелі «Отан соғысында көрсеткен ерлігі үшін» деген ордені болды. Өзгелер сол ордендерін көрсетіп өкіметтен бес сом алып тұратын. Және сол орденді көрсетіп автобуста тегін жүретін. Біз баламыз. Әкеміздің бес сомын алып біз де балмұздақ жесек деп қиялдаймыз. Сонда бізге не деп ұрысқанын білесіңдер ме? «Мен орденімді бұлдап тегін жүрейін деп соғысыпшы ба? Мен Отанымды қорғадым. Ал Отанды жаудан қорғау әр ер азаматтың қасиетті парызы. Өз Отанымды қорғағанымды ешкімге міндет етпеймін!»

Үй иесі де оларды қуаттап, әңгіме жалғады:

– Бір жолы архивтерді ақтарып отырып бейтаныс фотолар көрдім. Бұлар кімдер, біздің туысқанымыз ба, қайда тұрады, неге араласпаймыз деп сұрағанымда, әкем: Бұлар – менің ағаларым. Майданнан оралмады. Мынау – Қабдол, мынау – Кенжеғали деген болатын. Олардан басқа бір ғана хат алып, «ертең соғысқа кіргелі тұрмыз» деген бір параққа жазылған хатынан басқа фотосы да қалмаған Қарасай мен Қазі атты егіздер болды. Он жеті жасында армияға алынып, хабар-ошарсыз қыршын кеткен ағаларың... Ұрпақ та қалмады ғой олардан... – деп, терең күрсінген.



Балажан еді әкем. Доссорда тұратынбыз. Мұнайшылардың ежелгі қонысы. Ата-анам мұғалім. Мен кейін Ресейден оқып келіп мұнайшы болдым. Мектеп бітірген соң Гурьевте техникумда оқып жүрген кезім тұғын. Ол кезде темір жолмен бір ғана жолаушылар поезы жүреді. Өзі біздің бекетке таңғы алтыларда жетеді. Автобус деген жоқ. Үй мен вокзал арасы қашық. Әй, бір үш-төрт шақырымдай болар-ау екі арасы. Жер тайғақ. Қыстың қызыл шұнақ жалама аязына қарамай Атырауда оқып жүрген мені поезға ылғи таң елең-алаңнан тұрып, әкем өзі әкеліп отырғызып жіберетін.


Гүлсараның үнінен әкесіне деген сағыныш жалын атып тұрды. Және балалық кездің әсем суреттері көз алдынан өтіп жатқан болуы керек, біраз үнсіз қалды. Сосын орнықты дауыспен әңгімесін жалғады.

Әкем біраз жыл еңбегінің жемісін көріп, бертінде қайтты. Ұлы Отан соғысының ардагері ретінде «Таврия» машинасын сыйлыққа алды. Сол соғысының мүгедегі ретінде емдеу орындарында дем алды. Тек біздің сезімімізді аяды ма екен, қанды қырғынды әңгімелеуден қашатын. Әлде «мен бұйттім, мен сүйттім» деп ерлігін асыра айтып мақтанатындарға көрсеткен қарсылығы болды ма екен?

Жеңіс күні, ылғи тоғызышы мамырда балалары бәріміз жиналып отырған дастархан басында «Катюшаны» айтқызатын. Біздің шыңылтыр бала дауысымызды рахаттана тыңдайтын. Өнге әкемнің өзі де қосылып шырқап, майдандас достарын еске алғандай сезімде болатын.



Гүлсараның әңгімесінен кейін әркім өз әкесінен естігендерін еске алды. Әңгіме аяғы саябырсып, жаңағы газет мақаласы ұмытылып, шаруа жайына қарай ойысты.



МАЗМҰНЫ

Соғыстың тірі куәлерінің әңгімелері	3
Оң алақанның мейірімі	3
Құралайдың жан сыры (Жау тырнағында)	7
Өз аяғын өзі құшақтап	11
Жауынгер Фаридтің әулеті	14
Атан түйе тарта алмайтын сағыныш	18
Никак нет!	21
Гимнастерка	24
Медаль	26
«Боздақтарым-ай!!!»	29
Майдангер Сағынғали атамның айтқандары: Байланысшы	34
Қазақ сөзі	36
Өз үйін өзі бомбалап	37
Бомба бол да, жарыл жүрек!	38
Жеңіске үш-ақ сағат қалғанда	39
Оққағары бар	42
Түсі тура келетін ана	44
Домалақ ананың ұрпағы	48
Сопия апам менің	53
Әзен «мама» (жақсы әйел әмме жұрттың анасындай)	60
Халықберген немесе «Тап осындай болмайды»	65
Ерте сөнген ғұмыр	72
Соғыстың балалары	78
1418	96
Қоянның наны	105
Сабина	108
Қос Мария	116
Майдандангердің әзілдері	123
Фашизмге қарғыс (жас баланың аузымен)	127
Ұмытпа, Адам!	130
Әмір	132
Біздің әкелер	136

**Басуға 24.04.15 қол қойылды. Пішімі 84×108¹/₃₂. Офсеттік қағаз.
Қаріп түрі “Школьная”. Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 7,56.
Шартты бояулы беттаңбасы 7,66. Есептік баспа табағы 7,80.
Таралымы 400 дана. Тапсырыс №4/264-13**

**«Экономика» баспасы» ЖШС-да дайын диапозитивтен басылып
шықты 050063, Алматы қаласы, Сайын көшесі, 81 үй.
Тел.: 8(727) 377-19-89
8(727) 377-19-88
Факс: 8(727) 276-02-75**



Маркиза Базарбайқызы
«Әйел жанарындағы әлем»,
«Арнадым сізге»,
«Ұялшақ махаббат»,
«Қырмызы»,
«Жүрек сөзі» деген кітаптары
және бес методикалық кітабы жарық көрген.
«Атырау айдыны», «Алматы сәулеті»
және «Зерде баспалдақтары»
атты кітаптарға таңдамалы шығармалары енген.